

**ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY**



**Alikhan Bukeikhan University 25 жылдығына арналған**

**"ПАРАСАТТЫЛЫҚ - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗІ"**

**халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел  
материалдары**

**06.04.2023**

**Семей, 2023**

УДК 343.2/.7  
ББК 67.408  
П 17

Саяси ғылымдарының докторы **Құрманбаеваның Ш.А.** жалпы редакциялығымен,  
Заң ғылымдарының докторы **Матаеваның М.Х.** шығарушы редакторлығымен

**Рецензенттер:**

**Толысбаева А.Д.**- PhD докторы, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
**Қаражанов М.Д.** - PhD докторы, Alikhan Bokeikhan University

**"Парасаттылық - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі":** Alikhan Bokeikhan University 25 жылдығына арналған харықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел материалдары. 6 сәуір 2023 жыл. Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы / Бас редакторы Ш.А. Құрманбаева – Семей: «Интеллект», 2023 - 164 бет.

**ISBN 978-601-80994-0-3**

Жинақта жас ұрпақтың бойында жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарды, парасаттылық пен ізгілік этикасын, жауапты мінез-құлық көзқарастары мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізілген Alikhan Bokeikhan University 25 жылдығына арналған "Парасаттылық - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі" тақырыбы бойынша халықаралық ғылыми –практикалық дөңгелек үстел жұмысының материалдары орындалған. Ресей, Өзбекістан, республикамыздың әр түрлі қалаларынан келіп түскен ғалымдардың баяндамалары ұсынылды. Жинақ оқытушылар, студенттер, магистранттар мен докторанттар үшін қызықты.

Барлық материалдар авторлық редакцияда жарияланған.

Басылымға Alikhan Bokeikhan University Ғылыми Кеңесінің 2023 жылғы 26 сәуіріндегі шешімімен (№ 8 хаттама) ұсынылды.

The collection presents the materials of the International scientific and practical round table on the topic "Integrity - the basis of anti-corruption", dedicated to the 25th anniversary of the Alikhan Bokeikhan University, held in order to form the younger generation of high spiritual and moral values, ethics of integrity and virtue, views and skills of responsible behavior. Reports of scientists from different cities of Russia, Uzbekistan, and the Republic were presented. The collection is interesting for teachers, students, undergraduates and doctoral students.

All materials are published in the author's edition. Recommended for publication by the decision of the Academic Council of Alikhan Bokeikhan University of April 26, 2023 (Protocol No. 8).

В сборнике представлены материалы работы Международного научно-практического круглого стола по теме "Добропорядочность-основа противодействия коррупции", посвященного 25 - летию Alikhan Bokeikhan University, проведенного с целью формирования у подрастающего поколения высоких духовно-нравственных ценностей, этики добропорядочности и добродетели, взглядов и навыков ответственного поведения. Были представлены доклады ученых из разных городов России, Узбекистана, Казахстана. Сборник интересен преподавателям, студентам, магистрантам и докторантам.

Все материалы опубликованы в авторской редакции.

Рекомендовано к изданию решением Ученого Совета Alikhan Bokeikhan University от 26 апреля 2023 года (протокол № 8).

УДК 343.2/.7  
ББК 67.408

**ISBN 978-601-80994-0-3**

©Alikhan Bokeikhan University, 2023

## Мазмұны:

### **Кіріспе сөз.**

Bokeikhan University ректоры, саяси ғылымдарының докторы,  
профессор **Ш.А.Құрманбаеваның** құттықтау сөзі.....6

### **1. Матаева М.Х.**

ПАРАСАТТЫЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....7

### **2. Кусаинов Д.У.**

ҚАЗАҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ «АЛАШ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ.....13

### **3. Рысбеков Т.З., Сабыр М.Б.**

АЛАШ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӨМІР ЖОЛЫ - РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК  
ҮЛГІСІ.....20

### **4. Комарова В.В.**

МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКИЕ НОРМЫ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ  
ПУБЛИЧНОЙ ВЛАСТИ: КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ....25

### **5. Кодыров Э.О.**

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОГО  
ПРАВОСОЗНАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ:  
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ.....32

### **6. Аюпова З.К.**

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ  
АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В НОВОМ КАЗАХСТАНЕ.....38

### **7. Кельдинова А.,**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ МІНДЕТ.....45

### **8. Болат А.Б.,**

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ІС-  
ҚИМЫЛДАҒЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚТЫ НАҒАЙТУ КӨРІНІСІ.....55

### **9. Газизова Н.С.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ҚАРС ІС-ҚИМЫЛ  
ЖӨНІНДЕГІ ӘДЕП УӘКІЛІ.....58

**10. Рахметуллин А.К.**

ПАРАСАТТЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ.....63

**11. Пашенцев А.П.**

ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОЛИТИКО-ПРАВОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АЛИХАНА БОКЕЙХАНОВА В 1905-1937 ГОДЫ.....69

**12. Жаманкараева Г.С.**

ЕЛІМІЗДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС ҚИМЫЛ - ӘРБІР  
АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ.....71

**13. Жуманова К.Т.**

СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ  
АЛДЫН АЛУЫ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ӘРЕКЕТТЕР.....76

**14. Айтеке К.А.**

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....81

**15. Ногаева Н.М., Малгаждар Д.Б.**

АДАЛДЫҚҚА ҮЙРЕТУ ОТБАСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ.....87

**16. Хасенова Ш.Ж.**

РОЛЬ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ  
ЦЕННОСТЕЙ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ.....90

**17. Уразбаева К.Т., Касимова А.М.**

САНАЛЫ ҰРПАҚ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ.....94

**18. Смагулова А.Б.**

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ.....99

**19. Смагулова Ш.С.**

ТАРИХ САБАҒЫНДА КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР АРҚЫЛЫ  
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....104

**20. Каражанова Ж.К.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ – ӘКІМШІЛІК ӨНДІРІС  
ТЕТІГІ.....109

|  |     |
|--|-----|
| <b>21. Корганбаева Е.А.</b><br>ЖАСТАР АРАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНАНЫ<br>ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ<br>РОЛІ МЕН МАҢЫЗЫ.....   | 114 |
| <b>22. Ибрагимова Н.И.</b><br>ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС<br>МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ.....  | 118 |
| <b>23. Сейданов А.Б.</b><br>ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ<br>ЕСКЕРТУ.....  | 122 |
| <b>24. Әубәкірова Ж., Байгундинов Е.Н.</b><br>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІ ЖЕТІЛДІРУ<br>ЖОЛДАРЫ.....  | 127 |
| <b>25. Доскеева Ш.А.</b><br>«Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-<br>АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ».....  | 132 |
| <b>26. Абдыкаримова С.К.</b><br>НОВЫЕ СВЕДЕНИЯ О ПУБЛИЦИСТИКЕ АЛИХАНА<br>БУКЕЙХАНОВА .....   | 140 |
| <b>27. Турғалиева С.А.</b><br>ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ<br>ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ.....  | 144 |
| <b>28. Турғалиева С.А.</b><br>ТҮРІК ТІЛІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ТОПОНИМДЕР.....  | 151 |
| <b>29. Жолдыбалина Г.Ә.</b><br>АЛАШ АҢСАҒАН ӘДІЛДІК.....   | 157 |
| <b>Ұсыныстар.....</b>  | 159 |
| <b>Аlikhan Vokeikhan University 25 жылдығына арналған<br/>"Парасаттылық - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі"<br/>халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел көріністері<br/>(фото).....</b> | 160 |

## КІРІСПЕ СӨЗ.

Alikhan Bokeikhan University ректоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор **Шырын Асылханқызы Құрманбаеваның** құттықтау сөзі:

Құрметті "Парасаттылық - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі" тақырыбы бойынша Дөңгелек үстел жұмысына қатысып отырған ғалымдар, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, докторанттар, магистранттар, тәжірибелі заңгерлер, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, студенттер!

Сіздерді бүгін өте маңызды тақырапқа арналған Дөңгелек үстел отырысына қатысуларыңызбен құттықтаймын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қазіргі заманның өзекті мәселесі болып қалуда, өйткені сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық дамуды тежейді, азаматтық және демократиялық институттардың толыққанды құрылуына кедергі келтіреді.

Осы бағытта парасаттылық идеологиясын алдыға қойып, оны ілгерілету мақсаты аса маңызды жұмыс болып табылады.

Парасаттылық дегеніміз не? Университет қабырғасынды ұлы Абайдың сөздері алтын әріппен жазылып тұр:

«Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол  
Адам болам десеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншак,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой -  
Бес асыл іс, көнсеңіз».

Міне, Абай атамыздан артық ешкім айтпаған, сыбайлыс жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы парасаттылықтың элементтері осы.

Осы дөңгелек үстел барысында ғылыми тұжырымдарыңызды, құнды ой-пікірлеріңізбен ұсынымдарыңызды ортаға салып тиісті қорытындыларға келесіздер деген ойдамын.

Сіздерге жұмыстарыңызға жеміс тілеймін.

**Матаева Майгуль Хафизқызы,**

Alikhan Bokeikhan University  
заң ғылымдарының докторы, проректоры,  
Семей қаласы, Абай облысы,  
Қазақстан Республикасы

## **ПАРАСАТТЫЛЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

**Түйін.** Мақалада азаматтардың әртүрлі ортада (студенттік, мемлекеттік аппаратта, бизнес-қоғамдастықта) құқықтық санасын өзгерту, парасаттылықты арттыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына талдау жасалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестен гөрі алдын алу шараларын, парасаттылықты, ізгі және жарқын құндылықтарды, адалдықты, әділдікті, әдептілік пен Отанға деген сүйіспеншілікті ілгерілету жөніндегі шараларды көбірек талап ететіні атап өтілді. Бұл ілгерілеуді мектептен, студенттік кезеңнен, отбасынан бастау керек деген қорытынды жасалады.

**Тірек сөздер:** парасаттылық, сыбайлас жемқорлық, мәдениет, адалдық, әділдік, адалдық, отбасы, алдын алу.

## **INTEGRITY AS A BASIS FOR THE FORMATION OF AN ANTI-CORRUPTION CULTURE**

**Abstrakt.** The article analyzes the formation of an anti-corruption culture by changing the legal consciousness of citizens, increasing integrity in various environments: student, government, business community. It is noted that the fight against corruption requires more preventive measures, measures to promote integrity, good and bright values, honesty, justice, decency and love for the motherland than the fight against corruption. It is concluded that it is necessary to start this promotion from school, students, and family.

**Keywords:** integrity, corruption, culture, honesty, justice, honesty, family, prevention.

## **ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ**

**Аннотация.** В статье дается анализ становления антикоррупционной культуры путем изменения правосознания граждан, повышения добропорядочности в различных средах: студенческой, в государственном аппарате, бизнес-сообществе. Отмечается, что противодействие коррупции требует больше профилактических мер, мер по продвижению добропорядочности, добрых и светлых ценностей, честности, справедливости, порядочности и любви к родине, нежели борьбу с коррупцией. Делается вывод о том, что начинать это продвижение необходимо со школы, студенчества, с семьи.

**Ключевые слова:** добропорядочность, коррупция, культура, честность, справедливость, честность, семья, превенция.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру көптеген әлем елдерінің аса мңызды мәселесі болып тұр. Сыбайлас жемқорлық азаматтық қоғамның дамуын, демократиялық, әлеуметтік және экономикалық институттарының дамуына кедергі келтіреді. Адамзат тарихында мемлекет және мемлекеттік басқару эволюциясымен қатар сыбайлас жемқорлық та

дамып келе жатты. Көне заманда діни қызметкерлерге, көсемдерге, әскери басшыларға төлем әмбебап норма ретінде болса, кейіннен сыбайлас жемқорлық субъектілер қатынастарының көлеңкелі жағына ауысты.

Дүниежүзінде бір қатар елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру жұмыстар сәтті түрде ұйымдастырылған. Осы күресте үлкен көмек ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениеттің өте жоғары деңгейінің ықпалы зор. 2015 жылдың 18 қарашасында қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы» Қазақстан Республикасының заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім алу – рухани, интеллектуалды, мәдени даму мақсатында және тұлғаның сыбайлас жемқорлықты қабылдамау белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру жолындағы тәрбие және білім берудің үзіліссіз процесі делінген. Яғни, парасаттылық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің элементі. Ал жария парасаттылық ол жария секторында жеке басты мүдделерге қарағанда қоғамдық мүдделердің үстемдігін қорғау және қамтамасыз ету мақсатында жалпымойындалған этикалық құндылықтарды, қағидалар мен нормаларды ұстанып, оларды табанды түрде орындау болып табылады.

Мақалада парасаттылық идеологиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетімен байланысы туралы қарастырмақпыз. Бұл мәселе осы күнге дейін толыққанды зерттелінбеген. Сондықтан осы тақырыпты зерттеу барысында отандық және шетелдік авторлардың теориялық материалдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың қорытындылары, ұсыныстары мен түйіндері негіз болды. Олар - экономикалық ынтымақтастық пен даму Ұйымы, есірткі мен қылмыс бойынша БҰҰ-ның Басқару Секретариаты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволар Халықаралық Ассоциациясы, Дүниежүзілік және Азиялық банктер Өкілдігі, НАТО-ның қарауындағы қарулы күштердің үстінен демократиялық бақылаудың Женевалық Орталығы. Сонымен қатар еліміздегі 2022 жылы 2 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен 2022-2026 жылдарға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа Концепциясы бекітілді [1]. Онда бұрынғы 2015-2025 жылдарға арналған Концепцияға қарағанда парасаттылық идеологиясына көбірек назар аударылған.

Сыбайлас жемқорлық мәселесі Қазақстанда өте маңызды мәселе болып табылады. 2019 жылғы Transparency International "Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі" бойынша 198 елдің ішінде Қазақстан 113 орында тұрды және 2020 жылғы Reporters Without Borders дүниежүзілік ерікті ақпарат рейтингі бойынша 157-ші орында тұр [2]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар арасында парақорлық жылдан жылға өсуде (пара беру және алу, пара



берудегі делдалдық). Егер 2015 жылы бұл әр бір үшінші қылмыс болатын болса (2 733-ден 895-сі), 2021 жылы 67%-тен астамы (1 557-ден 1053-і). Бұл ақпарат әрине мемлекеттік аппаратта бюрократия және күрделі процедуралармен байланысты қауіпті аймақтардың бар болуын көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлықтың төмендегені туралы жалпы статистикаға қарамастан аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны 10% өсе түсуде, ұсталғандардың (10%-ке, 2016-дан 235-ке), қамауға алынғандар (13%-ке, 197-ден 223-ке) және бас бостандығынан айыруға сотталғандар (7%-ке, 269-дан 289-ға) дейін көбейуде. Бизнеске заңсыз араласудың 91 жағдайы және көлеңкелі экономика субъектілеріне қамқорлықтың 66 фактісі тоқтатылды. Жүйелі сыбайлас жемқорлықтың 82 фактісі анықталды. 3 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі әшкереленді [3].

Қабылданған стратегиялық құжаттарда Қазақстанда, мысалы, 2022-2026 жылдарға арналған 2022 жылғы 2 ақпандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Концепциясында нақты мақсаттар көрсетілген. Мақсаттардың бірі сыбайлас жемқорлыққа төзімділік, оның ішінде, парасаттылық идеологиясын ілгерілету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға білім беру. Осы мақсат шеңберінде мынадай міндеттерді іске асыру жоспарлануда: ауқымды түсіндіру жұмыстары (азаматтарды ақпараттандыру, әр түрлі мақсаттағы топтар деңгейінде коммуникациялық әдістер арқылы); құндылықтардың өзгеруі (құнды сенімдер - адалдық, заңдылық және прагматизм); отбасы институты арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты дамыту; жас ұрпақты тәрбиелеу [1].

Парасаттылық идеологиясы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің бір бөлігі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - бұл өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру ісін жүзеге асыратын субъектілердің қоғамда құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту барысындағы сыбайлас жемқорлыққа төзімділікті көрсететін қызметі [4].

Мысалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мақсатын жүзеге асыруда кейбір ғалымдар [5] мына негізгі оқыту сатыларын атайды: бастауыш мектеп, жасөспірімдер арасында, және студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Студенттер қоғамымыздың ең дамушы, динамикалық, жігерлі бөлегі. Келешекте еліміздің гүлденіп, прогрессивті түрде дамуы жастардың жақын болашақта өндірісте, басқару саласында орын алып, олардың белсенді қоғамдық ұстанымдары мен сыбайлас жемқорлыққа төзімділіктеріне байланысты. Жастардың сыбайлас жемқорлықты мәселе ретінде сезінуі және берік түрде қаптасқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіптері келешекте мемлекеттік

басқарудың сапасына оң әсерін тигізуге тиісті стандарттар мен қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға қабілетті болады.

Ғалымдардың өткізген социологиялық сауалнамысы бойынша елімізде бүгінгі таңда парасаттылық идеологиясының ілгерілету деңгейі әлі де өте төмен. Оны жоғарылату үшін мынадай бағыттардағы шаралар көзделуде: мектеп қабырғасынан және отбасынан бастап парасаттылық идеологиясын жылжыту, мекемелер мен жұмыс орындарында парасаттылық идеологиясына азаматтарды белсенді түрде қатыстыру, заң шығару деңгейінде және стратегиялық бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен парасаттылық ұғымдарының бар болуы [6].

Парасаттылық мәдениетті одан әрі жылжыту әдістерінің бірі ол қылмыстың салдарымен күрескенше қылмысты болдырмауды күшейту. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік қызметтегі алдын алу шаралары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңмен мемлекеттік қызметтің «мансаптық» моделіне көшу қамтамасыз етілді, ашық конкурстық іріктеу, құзыреттілік негізінде ілгерілету тетіктері арқылы меритократия қағидаттары енгізілді [7]. Әдеп жөніндегі кеңестер жұмыс істей бастады. Мемлекеттік қызметшілер, Парламент депутаттары мен судьялар үшін шетелдік банктерде шоттарды иеленуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шектеу енгізілді. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлықтарды алуға және сыйға тартуға толық тыйым салу көзделген.

Соттар мен құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын барынша азайтылды. Судьяларды іріктеу және бағалау жүйесі жақсартылды. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссиялар жұмыс істей бастады, Жоғарғы Соттың жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі құрылды.

Қоғамдық бақылауды кеңейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұтас қатары әрекет ететін қоғамдық бақылау күшейтілді. Ұлттық алдын алу тетігі, қоғамдық байқаушы комиссиялар белсенді жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікті» ілгерілей түсті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық қозғалысқа барлық мүдделі топтар: оқушылар, студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, инвесторлар, тәуелсіз сарапшылар, еріктілер және басқалар тартылған. Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» элективті пәнімен толықтырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары стандарттары бар қазақстандық бірқатар жоғары оқу орындары Академиялық адалдық лигасына бірікті.

Бизнес-процестерді автоматтандырыла бастады. Жаңа технологияларды қолдану мемлекеттік органдардың клиентке бағдарлануының басым міндетін көрсете отырып, азаматтарға электрондық және мобильдік форматтарда қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан «электрондық үкіметтің» даму деңгейі бойынша рейтингте БҰҰ-ға мүше 193 елдің арасында – 29-орынды (2018 ж. – 39), ТМД елдері арасында – 1-орынды, Азия елдері арасында 6-орынды иеленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді құру заңнамалық тұрғыдан бекітілді. «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заң қабылданды, ол «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қорының, өзге де ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес ұйымдарының сатып алуын біріздендірді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін мемлекеттік қызметке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуға өмір бойына тыйым салу қолданылады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, судьяларға, пара берушілер мен парақорлықтағы делдалдарға сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін санкциялар қатаңдатылды. Ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін сотталғандарға мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі алып тасталды. Парақорлық үшін жазаны бірден қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтуге тыйым салынды [8].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар нәтижесінде жаңадан құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі өз қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәселелерінде жазалау шараларынан алдын алу шараларына көшті, яғни қоғамда адалдық және парасаттылық қағидаларын насихаттау және қолданудың кешенді әдістері қолдануда. Бұл әдіс шет елдерінің бірқатар мемлекеттерінде (Сингапур, Грузия, Ұлыбритания) кеңінен қолдананылады. Бұл елдерде пайда болған

мәселелерге емес, оның алдын алу мәселесіне, азаматтардың құқықтық сана сезімдерін өзгертуге бағытталған мәселелерге басты назар аударылуда. Мысалы, Женевадағы әскери күштер үстінен демократиялық бақылау орталығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті үш бағытта жүргізеді: парасаттылық, ашықтық, есепберушілік.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен парасаттылықты қалыптастыру деген ұғымның өзі екі түрде қарастыруға болады. Мысалы, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деген ұғымда теріс түс көрінеді, ал «парасаттылықты қалыптастыру» ұғымында сол бір процессті оң өлшемде көруге болады. Парасаттылық төзімділік, мызғымастық, функционалдылық, тиісті келісілген принциптер мен стандарттар сәйкестігін білдіреді. Яғни, парасаттылықты қалыптастыру шаралары осы қасиеттерді қалыптастыруды көздеу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары мәжбүрлеудің оң және теріс процесстерін, бір сөзбен айтқанда, алдын алу және түзету шараларын қамтиды.

Қорытындылап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін дамыту парасаттылық идеологиясының дамуымен тікелей байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімділікті азаматтар арасында оқытып, бұл әлеуметтік элементті қоғам тұрғысынан айыптап және қабылдамай отырып, парасаттылық идеологиясын дамытып, біздер, сонымен қатар, мүлде басқа, жақсы, жарқын құндылықтарды, адалдық, әділдік, әдептілік және өз Отанына деген сүйіспеншілікті дамытуымыз керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Концепция антикоррупционной политики на 2022–2026 года [on-line]: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000802#z17>
2. <https://i24-7-news.com/politics/rassledovanie-azattyka-rodstvenniki-nazarbaeva-vlozhili-sotni-millionov-dollarov-v-elitnyuyu-nedvizhimost-v-shesti-stranah/full/>
3. 2021 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36897346&pos=1;-16#pos=1;-16](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36897346&pos=1;-16#pos=1;-16)
4. Абдрасилов Б.С. Основы антикоррупционной культуры: учебное пособие. Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан.- г. Астана, 2016 год [on-line]: <https://ksph.edu.kz/files/основы%20антикоррупционной%20культуры.pdf>, дата обращения 23.05.2023
5. Золотарева С.В. и Мамонова И.В. Коррупция в Республике Казахстан: факторы и основные меры борьбы. Социальная интеграция и развитие этнокультур в евразийском пространстве. 1, 9 (май 2020), 132-137.
6. Игисинова Э.К., Давлетбаева Ж.Ж. Формирование антикоррупционной культуры путем продвижения идеологии добропорядочности // Вестник ИЗПИ, 2022, №1 (68).С.76-83
7. Макажанов Е.А. От карательных мер к добропорядочности на примере антикоррупционной службы, 2020 год [on-line]: <https://naqtygazeti.kz/kk/ot-karatelnyh-mer-kdobroporyadochnosti-na-primere-antikorrupsionnoi-sluzhby/>, дата обращения 23.05.2023
8. <https://emhana13.kz/userfiles/upload/02.02.22%20802.pdf>

**Кусаинов Дәуренбек Умирбекович,**  
философия ғылымдарының докторы,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
Педагогикалық университетінің  
саясаттану және әлеуметтік-философиялық  
пәндер кафедрасының профессоры,  
Алматы.

## **ҚАЗАҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ БАСТАУЛАРЫ ҰЛТЫМЫЗДЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҮЛГІСІ**

**Түйіндеме.** Мақалада жемқорлыққа қарсы күресті мемлекетіміздің стратегиялық құжаттарында ашылып, тиісті іс-шаралары анықталуда. Осы бағыттан алғанда ғасырлар ауысқан кезде қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтып, жаңа тарихи жағдайларға сай етіп мемлекет құру қажеттіктерін жүзеге асыруға арнаған қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдерінің шығармашылығында дүниеге келген «Алаш Бағдарламасы» еңбегінің қазақ конституциясы тарихында ерекше орын алатындығы туралы тарқатылып ккрсетілген.

**Тірек сөздер:** жемқорлық, қазақ интеллигенциясы, Алаш партиясы, адамгершілік, парасаттылық, құқықтық мемлекет, ұлтжандылық

## **THE IDEOLOGICAL ORIGINS OF THE KAZAKH DEMOCRATIC INTELLIGENTSIA ARE AN EXAMPLE OF EDUCATING A NATION OF INTEGRITY**

**Annotation.** The article reveals the directions of the fight against corruption in the strategic documents of our state, where appropriate measures are defined. From this point of view, in the works of representatives of the Kazakh democratic intelligentsia, who devoted themselves to strengthening the independence of Kazakhstan and realizing the need to create a state in accordance with new historical conditions, it is narrated that the document "Program of the Alash Party" occupies a special place in the history of the Kazakh Constitution.

**Keywords:** corruption, Kazakh intelligentsia, Alash party, morality, integrity, rule of law, loyalty to the nation.

## **МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ИСТОКИ КАЗАХСКОЙ ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ-ПРИМЕР ВОСПИТАНИЯ НАЦИИ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ**

**Аннотация.** В статье раскрывается направления борьбы с коррупцией в стратегических документах нашего государства, где определены соответствующие мероприятия. С этой точки зрения в творчестве представителей казахской демократической интеллигенции, посвятивших себя укреплению независимости Казахстана и реализации необходимости создания государства в соответствии с новыми историческими условиями, повествуется о том, что документ «Программа партии Алаш» занимает особое место в истории казахской Конституции.

**Ключевые слова:** коррупция, казахская интеллигенция, партия Алаш, нравственность, добропорядочность, правовое государство, преданность нации.

Екінші Республиканың қалыптастырудың өзекті мәселелерінің бірі - жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі тереңдете түсі. Бұл бағытта біздің

мемлекетіміздің стратегиялық құжаттарында айқын көрсетілген іс-шаралар көп. Әсіресе Ата Заңымызда ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыра отырып, қазақ демократиялық интеллигенциясының үлгілеріне өте зор көңіл бөлінген.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасының Конституциясының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу отанымыздағы мемлекеттіктің қалыптасуының тарихын зерттеудің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы, дамуы мен жетілуінің тарихын сараптау, соңғы кездерде ерекше маңызға ие болып, ұлттық идея мәселелерімен бірге қарастырылуда. Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Тоқаевтің былтырғы жолдауында бұл мәселелерге ерекше көңіл бөлінді: «Біз «Азамат - бизнес - мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз» [1].

Президенттің осы ойларына терең бойласақ қазақ елінің қалыптасу тарихы біздің мемлекетіміздің бүгінгі жағдайларда бірегейлігін дамытуға тікелей қатысы бар екендігі айқын көрінеді. Осы бағыттан алғанда ғасырлар ауысқан кезде қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтып, жаңа тарихи жағдайларға сай етіп мемлекет құру қажеттіктерін жүзеге асыруға арнаған қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдерінің шығармашылығында дүниеге келген «Алаш Бағдарламасы» еңбегінің қазақ конституциясы тарихында алатын орны ерекше. Алаш қайраткерлерінің осы туындысы туралы көптеген ақиқаттан алыс, бұрмаланған көзқарастар біздің заманымызға дейін жетті. Көптеген қайшылықтарды бір қалыпқа түсіру барысында заң ғылымдарының докторы Мұхтар Құлмұхаммед өзінің «Алаш Бағдарламасы: Қиянат пен ақиқат» [2] деген еңбегінде өте нақты деректерге сүйене отырып Алаш партиясының лидерлеріне кеңес идеологтарының барлық жапқан жалаларының өтірік ойдан шығарылғандығын дәлелдеді. Бұл еңбекте «Алаш» партиясының көшбасшылары өздерінің ресейде болған ақпан буржуазиялық революциясынан кейінгі қазақ елі қалай дамуы керек, қазақ мемлекеттігінің негізгі болатын Ата Заңы қандай болуы керек екенін көрсететін бағдарлама жасады.

Осы бағдарламада қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдері жас ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарастарын, адам құқығына деген көзқарастарын, азаматтық қоғам құру мәселесін және құқықтық мемлекет құру үлгілерін жан-жақты қарастыра отырып көрсеткен, басқаша айтсақ осы бағдарламаларда қазақ елінің 1993 жылғы ата заңында (конституциясында) қабылданған көптеген идеялар, өте асығыс жасалған құжат болса да, сол кезде-ақ көрсетілген, сондықтан да біз қазақ елінің егемендігінің құқықтық

негізі болатын ата заңымыз бен алаш партиясының бағдарламасының арасында идеялық, руханилық сабақтастықтар мол деп, ешқандай да қателесеміз деп қорықпай айта аламыз. Егерде тарихи діректерге сүйенетін болсақ, бұл құжаттардан айқын көріп отырғанымыз съездің шешіміне байланысты қазақтың ұлттық демократиялық партиясын құру жүзеге асырылды «Ал сол, 1917 жылдың 5 октябрінде «Қазақ» газетінде ұлттық-демократиялық партия құрылғандығы және ол партияның аты Алаш деп біздің бабаларымыздың аты мен аталғандығы туралы жария етілуі» [3, 130 б].

Ал енді осы Алаш партиясының бағдарламасына келетін болсақ барлық халыққа жариялылық сипатта болу үшін сол кездегі «Қазақ» газетінде жарияланды. Бағдарлама жасаушылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Е. Ғұмаров, Е. Тұрмұхамедов, Ғ. Жүндібаев, Ғ. Бірімжанов сияқты зиялыларының ең алдыңғы қатарлы өкілдері болды [2, 82-89б].

Ал енді осы Алаш партиясының бағдарламалық жобасына сипаттама беру үшін осы бағдарламаның мазмұнын ашуды жөн көрдік:

Алаш партиясының бағдарламасының жобасы:

## I

Мемлекет қалпы.

Россия демократическая, федеративная республика болу (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесу. Әр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында Учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша кесімді жыға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауапты болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте әм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек- әйел талғаусыз болады.

Законді жалғыз ғана Г.Дума шығаруы һәм Г.Дума хүкімет үстінен қарау, іс тексеру, запрос (сұрау) жасау хақы да Г.Думада болады; Мемлекет салығы Г.Думасыз салынбау.

## II

Жергілікті бостандық.

«Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

## III

Негізгі құқық.

Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға-жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға-еркіншілік; хукмет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз, ешкім табалдырығын аттамаушылық; заңсыз жолмен ешкімді хумет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам сот бар жерде 24 сағат ішінде, сотсыз жерде бір жетіден қалмай сотқа тапсырылған, жабылса сот хүкімі мен жабылуы.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болуы.

#### IV

##### Дін ісі.

Дін ісі мемлекет ісінен айырылған болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағынан бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болуы, жесір дауы сотта қаралуы.

#### V

##### Билік һәм сот.

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм сот жергілікті халықтың тілін білу. Аралас жерде соттық тергеу-тексеру һәм хүкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би һәм сот орнынан тексерусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болуы; Құдайдан соңғы күшті би һәм сот болып, кім де болса, олардың хүкіміне мойын сұнуы. Айтылған хүкім тез орнына келуі. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылуы.

#### VI

##### Ел қорғау.

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету; әскер тобына бөлгенде туысқан тобына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.

#### VII

##### Салық.

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге –кедейше ғаділ жолмен таратылу.

#### VIII

##### Жұмысшылар

Жұмысшылар заң панасында болу. (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик тобының программасын жақтайды).



## IX

### Ғылым – білім үйрету.

Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; хукімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер – профессорлар өзара сайлау мен қойылуы; өз ішінде кітапханалар ашылуы.

## X

### Жер мәселесі.

Жер законінде жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттіке болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу [2, 82-89 с].

Қазақ зиялылары XX ғасыр басында дайындалған құжаттың бүгінгі стилистикалық ережелерге сай келмейтін жерлерін өңдемей, тарихи ақиқатты сол күйінде беруді жөн санадық. Бір орталыққа бағынған Қазақ мемлекетінің Ресейдің құрамындағы ел болуын көздеген алаш зиялылары, бірінші кезекте, Ресейдің демократиялық, федеративтік ел болуын көксегенін, демократия, яғни елді сол елдің жергілікті тұрғын халқы басқару керек екендігін, осы басқаруды билік жүйесі қалай іске асыратындығы туралы да ойлар айтқан.

Ресейдің дәл қазіргі қалпы сияқты, оларға федерацияның керек екендігі және ол федерацияға өзара құқықтары мен бостандықтары тең мемлекеттер топтасу керек екендігін көрсеткен.

Бұл бағдарламаның жергілікті бостандық деп аталатын екінші бөліміне мәдени философиялық талдау жасайтын болсақ, қазіргі құлағымыз үйренген «жергілікті өзін-өзі басқару» деген түсінікті елестетеді. Бұл жерде қазақ демократиялық интеллигенциясының көш басшылары қазақ жерінің әртүрлі әкімшілік аймақтарының бірлігі, сонымен қатар дәл сол кездегі жағдайды естен шығармай, Ресей федерациясының бір бөлігі болуын мойындайды. Әрине болашақта мақсат орындалып, реті келсе қазақ автономиясының өздері сияқты еркіндік алған елдермен бірлікте болуды көздейді. Әрине сол кездегі ситуацияны өте жақсы түсінетін олар Ресей сияқты империяның бірден шығып кете қоюдың мүмкін емес екенін біледі. Сондықтан да өздерімен тағдырлары бір езілген елдермен бірлікте болу қажеттігін мойындайды. Өздерінің туған халқының мәдениеті мен биліктің қалыптасу ерекшеліктерін жақсы білген қазақ демократиялық интеллигенциясының өкілдері, билік органдарына рухы таза, халқына жаны ашитын, әділеттік пен шындық принциптерін жақсы игерген азаматтардың келгенін көксейді және

осындай адамдардың кандидатураларын халықтың өзі қалап алуы үшін, халықтың өз еркіне салады. Осы бағдарламаға мәдениет философиясы талаптарымен қарайтын болсақ қазіргі қоғамдық ойларда арман мен мақсат ретінде кездесіп жүрген зайырлы мемлекет, құқықтық мәдениеті белгілі дәрежеге көтерілген құқықтық мемлекет, азаматтық қоғамның негіздері туралы элементтер, қоғамдағы әртүрлі жағдайларға байланысты зәру, кемтар, ғаріп адамдарды қорғау сияқты мәселелер де кездеседі. Әрине бұл идеялар қазақ демократиялық интеллигенциясының сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің осы мәселеге байланысты біраз құжаттарымен танысқандығын көрсетеді.

Ал енді үшінші тарауда қарастырылған мәселелер «негізгі құқық» деп аталып, сол кездегі Ресей мемлекетінде өмір сүріп жатқан адамдарды ұлтына, жынысына, дініне қарамай тең құқықты етіп бөлу қажеттігін көрсетеді. Сол сияқты бұл жерде әр азамат үшін маңызды, қазіргі біздің елде де журналистер жиі-жиі көтеруді жақсы көретін, сөз бостандығы мәселелеріне көңіл бөліп, жиналыс жасау, әртүрлі қауым ашу (азаматтық қоғам элементі), газет, кітап шығару мәселелерін де баса айтқан. Сол сияқты адамдардың бас бостандығына байланысты ешкімнің сот шешімінсіз тұтқындалмауы, және жазықты деп есептелмеуі туралы мәселелер айтылған.

Ал дінге байланысты арнайы бөлім төртінші тарауда қарастырады. Жоғарыда көрсеткен зайырлы мемлекет идеясынан шығатын дін мен мемлекет ісін бір-бірінен ажырату, Ресейдегі барлық діндерге тең құқық беру идеялары айтылып, дін қабылдау немесе одан шығу бостандығы туралы талаптар қойылған ойларды кездестіреміз. Бұл тарауда тағы бір қазақтың дәстүрлі қоғамнан келе жатқан жиі-жиі дау тудыратын мәселесі жесір дауына байланысты да ол даудың шешуін сот қарасын деген прогрессивті ойлар айтылған.

Бағдарламаның бесінші тарауында билік пен соттың әрбір халықтың өзіндік менталитетіне сай қолданылуы мәселесі көтеріледі. Тек қана қазақтар тұратын жерлерде сот іс-шараларының барлығы қазақ тілінде жүргізілуін талап етеді. Билер мен судиялардың мәртебесін көтеру үшін де біраз ойлар айтылып оларды құдайдан соңғы жердегі биліктің ең күштісі болуы деңгейіне жетуін талап етеді. Халық олардың шығарған үнімдеріне мойын ұсынуын, үкімдердің тез орындалуын дәріптейді.

Басты мәселелердің бірі болып есептелетін, ел қорғау мәселесін алтыншы тарауда қарастырған. Бұл жерде жасы жеткен жастардың өз жеріне үйретіліп, халықты қорғау үшін қызмет етіп, әскери топтарда оларды жақындық, туысқандық белгілеріне қарай бөлгенді қарастырады, бұл ойларда

қазақ халқының ел қорғау тәжірибесінен алынған, тарихи сында тиімділігі дәлелденген дәстүрлер болатын.

Экономиканың нығаюындағы мәнінің зор екендігін жақсы түсінген олар жетінші тарауын салық ісіне арнайды. Салық жинауды іске асырғанда оның мөлшерін әр адамның табысына қарай, яғни байға – байша, кедейге-кедейше әділ есептелген жолмен салынуы керек дейді.

Сегізінші тарау жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесіне арналып, сол кездегі жағдайлардағы ерекшеліктерде кездесіп отырған өндіріс көздеріндегі ахуалға байланысты, Алаш зиялылары мен шивиктер тобының бағдарламасын қолдайтындықтарын көрсетеді.

Тоғызыншы тарау оқу, білім алу мәселелеріне арналған. Оқудың ақысыз, пұлсыз болуы негізгі талаптардың бірі екендігін белгілейді. Бұл жерде оқу тек бастауыш мектептермен шектеліп қоймай, ана тілінде білім беретін университеттер ашудың қажет екенін айтады. Үкіметтің оқу ісіне араласпауы, мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау арқылы қызметке тағайындалуы, кітапханаларды ұйымдастырып, олардың жұмыстарын ретке қою мәселелері де қарастырылған.

Біздің осы мақаланың басты тақырыбы болып отырған қазақ демократиялық интеллигенциясының көш басылары қалыптастырған алаш бағдарламасында біздің көрсеткіміз келген идеяларымыз құқықтық мемлекет құру, азаматтық қоғам құру сияқты мәселелерге деген көптеген түсініктердің бастамасы мен төларналық қайнар көздері бастау алады, бұл ойларды айтқандағы ең басты себебіміз, олардың ойлау мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасуының әсерінен өздерінің ой жүйелерімен Мемлекетті қалыптастыру теорияларында өз заманынан әлдеқайда ілгері кетіп өздерінен кейінгі ғасырларда да қазақ халқы үшін пайдалы сабақ бола алатындай ойлар айтқанын көрсетіп беру және қазіргі кездегі мемлекетімізді одан әрі қарай жетілдіре дамытып қалыптастыру мәселелерімен салыстыра отырып талдау жасау.

Президентіміздің қазіргі кезде жасап жатқан саяси-құқықтық реформалары аясында, бәсекелестікке төтеп бере алатын алдыңғы елдер қатарына қосылу идеясы, қазақ мемлекеттігінің қайнарларын қайта қарап, ондағы жемқорлыққа қарсы күрес үлгілерін ігеріп, сабақтар алу ауадай қажет екендігін көрсетеді. Жаңа Қазақстан құру идеясы қазақ тарихындағы сабақтастықтың айнасы бола отырып, Қазақстандық азаматтарды бірлік пен жасампаздыққа бастайтын ең абройлы, ең мәртебелі жол деп есептейміз. Осы жолдан айнымау біздің замандастарымыздың ең басты міндеті.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тоқаев Қ.Қ. Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>.
2. Мұхтар Құлмұхаммед. Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. Алматы: Атамұра, 2019. – 240 б.
3. Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1940). – Алматы. – Докторлық диссертация. – 2010. – 318 б.

УДК 376.1

**Рысбеков Туяқбай Зейтович,**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор,  
**Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы,**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Батыс Қазақстан  
Инновациялық-Технологиялық  
Университеті, Орал қаласы.

## **АЛАШ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӨМІР ЖОЛЫ - РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҮЛГІСІ**

**Түйіндеме.** Мақалада Алаш көшбасшыларының өмір жолы рухани-адамгершілік үлгісі ретінде қарастырылған. Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсынұлының ұлт үшін атқарған қызметтері жан-жақты сараланған. Тар жол, тайғақ кешу сапарында алға қойған мақсат-міндеттерінен айнымай адамгершіліктің, ұлтжандылықтың, парасаттылықтың жарқын үлгісін көрсеткендігі дәйекті дәлелденген. Алаш жолы бүгінгі жастарға үлгі болатын ең ұлы жол. Әділетті Қазақстан құру жолында Алаш идеясы рухани жаңғырудың тірегі. Зияткер ұлттың өрендері аға ұрпақтың ісін жалғастыру қажеттігі теориялық негізделген.

**Тірек сөздер:** Алаш, көшбасшы, адамгершілік, парасаттылық, ұлтжандылық

## **THE LIFE PATH OF THE LEADERS OF THE ALASH MOVEMENT IS AN EXAMPLE OF SPIRITUAL HUMANITY**

**Annotation.** The article examines the life path of the leaders of the Alash movement as a spiritual and moral example. The merits of A. Bokeikhanov, A. Baitursynuly to the Kazakh nation have been comprehensively investigated. It has been consistently proven that they showed a vivid example of humanity, patriotism and common sense, without shirking their goals and responsibilities during a difficult period of history. The path of the Alash movement is the greatest path that can serve as an example for modern youth. The idea of the Alash movement is a pillar of spiritual revival on the way to the creation of a just Kazakhstan. The traditions of an intellectual nation are theoretically based on the need to continue the work of the older generation.

**Keywords:** Alash, leader, morality, common sense, patriotism.

## **ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ ЛИДЕРОВ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ – ПРИМЕР ДУХОВНОЙ ЧЕЛОВЕЧНОСТИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается жизненный путь лидеров движения Алаш как духовно-нравственный пример. Заслуги А. Бокейханова, А. Байтұрсынұлы перед казахской нацией всесторонне исследованы. Последовательно доказано, что они

показывали яркий пример гуманности, патриотизма и здравого смысла, не уклоняясь от своих целей и обязанностей в трудный период истории. Путь движения Алаш – это величайший путь, который может служить примером для современной молодежи. Идея движения Алаш – это столп духовного возрождения на пути к созданию справедливого Казахстана. Традиции интеллектуальной нации теоретически основаны на необходимости продолжения дела старшего поколения.

**Ключевые слова:** Алаш, лидер, нравственность, здравый смысл, патриотизм.

XX ғасыр басындағы өлара кезеңде аспан астындағы өмір сүру құқығынды қорғау үшін ақ найза мен ақ білектің күші жетпейтінін біліп, күрестің саяси-ағартушылық бағытын ұстанған Ә.Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары "Алаш" саяси партиясын құрып, Алаш Орда үкіметі өз жұмысын жүргізді. Өмірі қысқа болса да Алаш қозғалысы ұлттың ұлы арман-мақсаттарын өз бағдарламаларында көрсете білді. Алаш қозғалысы-бүгінгі тәуелсіздік бастауы, қайнар көзі. Қазақ қоғамын әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам деңгейіне жеткіземіз деп жұмыстанудамыз. Осы тұста Алаш көшбасшыларының саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын зерделеп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мұраттарымен сабақтастығын қарастыру өте маңызды. "XX ғасырдың басында ұлттың зиялылары азаттық үшін болған көп ғасырлық күресте маңызды рөл атқарды. "Алаш" алғашқы саяси партиясы және Алаш Орда үкіметінің пайда болуы азаматтық кемелденген және халықтың болашақ тағдырын шеше алатын қазақтың саяси зиялыларының жоғарғы әлеуетін көрсетті" (Иманғали Тасмағамбетов).

Саяси зиялы кім деген риторикалық сұрақ туындайды. Бүгінгі жаңа сайланған депутаттардың ішінде саяси зиялылар бар ма? Оны уақыт көрсетер... Ал қазақта ежелден зиялы деген зерделі сөз бар. Осы сөзді бұрын оқыған азаматтарға қарап айтатын едік, бүгінгі оқымағаны жоқ заманда кімге қаратып айтамыз. Оқығандардың бәрі зиялы ма? Біздің ойымызша, зиялылық ұлтқа қызмет етумен, сіңірген еңбекпен өлшену керек. «Ұлтына, жұртына қызмет ету - білімнен емес, мінезден»,-деп Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тегін айтпаса керек-ті. Саналы ғұмырларында ұлтқа қызмет етіп, саяси тартыс күрестерде алға қойған мақсат-міндеттерінен айнымаған, жан сақтап кері шегінбеген, қазақ үшін басын бәйгіге тіккен Алаш ардагерлерінің мінезі парасаттылықтың шыңы десек болады.

Алаш арыстарын айтқанда ұлттың ұлы ұстазы, рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновты еске аламыз. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы мол, сан-салалы. Ол-тілші, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, аудармашы, ақын, жидашы, өткір тілмен, ақиқат сөзбен сананы оятқан көсемсөзші, ел үшін күрескен ердің сойы.

Ақаң патша заманында-ақ қуғын сүргін көріп, 1938 жылы жазықсыз

атылғанға дейін «асыл адам айнымас» дегендей ұлт мүддесі үшін саяси, ағартушылық күрестен айнымады. Ақаңның ізін басып, көктеген қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов Ахаңа «оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі» деп баға берді. Ол қазақ тілінің әліппесін түзіп, негізгі грамматикалық жүйесін реттеп, қазақ мектебінің іргесін қалады. 1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда қазақ зиялыларының арасында тұңғыш рет А.Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы өткізілді. Мәжілісті Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы С.Сейфуллин ашып, өз сөзінде «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын сюдің зорлығынан «Алаш» партиясында болды, сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді. Байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл, жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм құралдарымен» қылған қызметі таудай», -деп баға берді.

Бүгінгі Қазақстанда оқымаған азамат жоқтың қасы. Көбіміз еліміздегі белді университеттерін, алыс-жақын шет елдердің оқу орындарын тәмамдадық. Болашақ бағдарламасымен әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде қаншама жас өрендер біліп алып шықты. Қазақстанның тәуелсіздігін баянды етіп, саяси-әлеуметтік әлеуетін арттыратын жас мамандардан үлкен үміт күтіп отырмыз. Біз жастарға сенеміз. Ал АЛАШ ЖОЛЫ- сол жастарға үлгі болатын жол. Әлихан бастаған алаш азаматтары да өте сауатты, әлемдік университеттерде оқыған, бірнеше шет тілін жақсы меңгерген, бар білім-тәжірибесін ұлт болашағы үшін ортаға салған.

Ал бүгінгі білімді, білікті, шет тілін меңгерген жастар шет ел асып кеткенді қалайды, Еуропаға емексиді, АҚШ-ты армандайды. Бұған басты себеп не деген сұрақ туындайды. Бүгінгі жастарда ұлтқа қызмет ететін мінез, парасаттылық, ұлтшылдық сияқты асыл қасиеттер жетпей жатқан сияқты. Мхатма Ганди айтқан, «өзге ұлттың тәлім-тәрбиесін алған элита бара-бара өз ұлтының жауына айналуы әбден мүмкін» деген тәмсіл қазақ қоғамында бой көрсетсе үлкен дағдарысқа тап боламыз.

Закон Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» определяет коррупцию как «не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ [2, с.64].

Источники международного права дают более широкое определение коррупции и, соответственно, расширенный круг субъектов правонарушений, связанных с коррупцией.

Одной из наиболее лаконичных, но информативно содержательных дефиниций является формулировка, предложенная Девятым конгрессом

ООН, определяющая коррупцию как «злоупотребление государственной властью для получения выгоды в личных целях».

В некоторых определениях, например, данном в руководстве по борьбе с коррупцией, подготовленном Секретариатом ООН, коррупция трактуется как совокупность 3-х классификационных групп криминальных деяний:

- а) кража, хищение и присвоение государственной собственности должностными лицами;
- б) злоупотребление служебным положением для получения неоправданных личных выгод;
- в) конфликт интересов между общественным долгом и личной корыстью.

По определению междисциплинарной группы по коррупции Совета Европы, коррупция представляет собой взяточничество и любое другое поведение лиц, которым поручено выполнение определенных обязанностей в государственном или частном секторе и которое ведет к нарушению обязанностей, возложенных на них по статусу государственного должностного лица, частного сотрудника, независимого агента или иного рода отношений, и имеет целью получение любых незаконных выгод для себя и других.

В документах 34-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН содержится следующее определение коррупции: «Выполнение должностным лицом каких-либо действий или бездействие в сфере его должностных полномочий за вознаграждение в любой форме в интересах дающего такое вознаграждение, как с нарушением должностных инструкций, так и без их нарушения».

В соответствии с определением, данным в ст. 2 Конвенции о гражданско-правовой ответственности за коррупцию (1999 г.), «коррупция означает требование, предложение, предоставление или принятие, прямо или опосредованно, взятки или любого другого недолжного преимущества или возможность этого, которое приводит к нарушению надлежащего исполнения обязанностей или поведения, требуемых от лица, получившего взятку, недолжное преимущество или возможность этого».

В справочном документе ООН о международной борьбе с коррупцией последняя характеризуется как «злоупотребление государственной властью для получения выгоды в личных целях». Это понятие включает в себя взяточничество (дачу вознаграждения для совращения лица с позиции долга), nepotism (замещение по протекции доходных или выгодных должностей родственниками или «своими людьми») и незаконное присвоение публичных средств для частного использования.

Многообразие точек зрения на определение коррупции свидетельствует о сложности этого явления и требует более глубокого и всестороннего его изучения - во-первых, углубления теоретического уровня познания коррупции (формирования четкого правового определения, исследования причин возникновения коррупции и факторов, способствующих ее развитию), во-вторых, изучения влияния коррупции на экономическую, социальную и политическую жизнь общества и формирования системы практических мер по борьбе с этим явлением [3].

С учетом разнообразия проявлений коррупции, следует уделить внимание соответствующим классификационным системам.

В литературе различают коррупцию политическую и экономическую. Развитие политической коррупции может привести к неконтролируемой политической ситуации в стране и представляет угрозу демократическим институтам и балансу различных ветвей власти. Экономическая коррупция снижает эффективность рыночных институтов и регулирующей деятельности государства.

Различаются также «элитарная» и «низовая» коррупция. «Элитарная» коррупция характеризуется: высоким социальным положением субъектов ее совершения; изощренно интеллектуальными способами их действий; огромным материальным, физическим и моральным ущербом (сопряжена с принятием решений, имеющих «высокую цену», - формулы законов, госзаказы, изменение форм собственности и т.п.); исключительной латентностью посягательств [4].

Вторая распространена на среднем и низшем уровнях и связана с постоянным, рутинным взаимодействием чиновников и граждан (штрафы, регистрации и т.п.). Часто обе заинтересованные в коррупционной сделке стороны принадлежат к одной государственной организации. Например, когда чиновник дает взятку своему начальнику за то, что последний покрывает коррупционные действия взяткодателя, - это также коррупция, которую обычно называют «вертикальной». Она, как правило, выступает в качестве моста между верхушечной и низкой коррупцией. Это особенно опасно, поскольку свидетельствует о переходе коррупции из стадии разрозненных актов в стадию укореняющихся организованных форм.

Специалистами упоминается также коррупция в негосударственных организациях. Сотрудник организации (коммерческой или общественной) также может распоряжаться не принадлежащими ему ресурсами; он также обязан следовать уставным задачам своей организации; у него также есть возможность незаконного обогащения с помощью действий, нарушающих интересы организации, в пользу второй стороны, получающей от этого свои

выгоды [5, с.100].

В силу общих тенденций выделяется коррупция в международных организациях. Бюрократия в международных организациях находится под менее пристальным контролем по сравнению с национальными, контролируруемыми общественными организациями своих стран. Все это влечет за собой коррупцию, которая, к тому же, в силу специфики работы международных организаций, находится в зоне значительно меньшего риска для участников коррупционных сделок.

Так, коррупция в международном экономическом сотрудничестве проявляется при создании предприятий с участием иностранного капитала, при реализации инвестиционных проектов и приватизации государственной собственности, при решении проблем раздела продукции и в других формах.

Исследователями выделяются три модели развития коррупции, которым ниже даны условные географические названия. Данные модели описывают превращение коррупции в системное явление, т.е. в неотъемлемую часть политического устройства и всей общественной жизни.

Азиатская модель: коррупция - привычное и общественно-приемлемое культурное и экономическое явление, связанное с функционированием государства.

Африканская модель: власть продается группе основных экономических кланов, договорившихся между собой, и политическими средствами обеспечивает надежность их существования.

Латиноамериканская модель: попустительство коррупции дает возможность теневым и криминализированным секторам экономики достигнуть могущества, соизмеримого с государственным. Власть оказывается втянутой в жесткое прямое противостояние с мафией, образующей «государство в государстве». Постоянная политическая нестабильность увеличивает шансы установления диктатуры на волне борьбы с коррупцией.

В заключение отметим, что к механизмам коррупции, как правило, относят:

а) двустороннюю сделку, при которой лицо, находящееся на государственной или иной службе, нелегально «продает» свои служебные полномочия или услуги, основанные на авторитете должности и связанных с ним возможностях, физическим и юридическим лицам, группам (в том числе организованным преступным формированиям), а «покупатель» получает возможность использовать государственную либо иную структуру в своих целях: для обогащения, законодательного оформления привилегий, ухода от предусмотренной законом ответственности, социального контроля и т.п.;

б) вымогательство служащим взятки, дополнительного вознаграждения;

в) инициативный, активный подкуп служащих, нередко с одновременным сильным психическим воздействием на них. Последнее характерно для организованной преступности.

### **Литература:**

1. Гриб В.Г., Окс Л.Е. Противодействие коррупции. – М.: Московская Финансово-Промышленная Академия, 2020. – 192 с.

2. Абдрахманов С.З. Организационно-правовые и тактические основы совершенствования борьбы с коррупцией в Республике Казахстан: Учебное пособие. – Караганда: Карагандинский юридический институт, 2021. – 142 с.

3. Набиева А.С. Какенова Д.К. Антикоррупционная экспертиза нормативных правовых актов как одно из важных направлений предупреждения коррупции в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2022. – № 2. – 27 июля.

4. Шмидт Д.П. Проблемы противодействия коррупции по уголовному законодательству в Республике Казахстан (23.03.2023) [Электронный ресурс] – режим доступа: <http://lexandbusiness.ru/view-article.php?id=2980>.

5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / Под ред. И.Ш. Борчашвили. – Алматы: Жеті жарғы, 2019. – 992 с.


**УДК 35.076**

**Кельдинова Аида,**  
Абай облысы бойынша  
әділет Департаменті

## **ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ МІНДЕТ**



## ИСТОЧНИКИ ПРОЕКТА



### Предложения:

- ГРАЖДАН и НПО
- Бизнес-сообщества
- Общественного совета АПК
- Госорганов

### Зарубежный опыт

### Международные стандарты

### Оперативно-следственная практика

### Итоги внешних анализов

## ТЕКУЩИЕ ПРОБЛЕМЫ



Формирование нетерпимости к коррупции.

ИЗМЕНЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ  
И ПОВЫШЕНИЕ  
АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ



СИСТЕМАТИЗАЦИЯ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ МЕР



МАСШТАБНАЯ  
РАЗЪЯСНИТЕЛЬНАЯ РАБОТА,  
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ  
ПРАВОВОЙ ПРОПАГАНДЫ



## ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ ГОСАППАРАТА



ТОЧЕЧНАЯ ПРОФИЛАКТИКА

РЕГУЛИРОВАНИЕ КОНФЛИКТА ИНТЕРЕСОВ

НЕПРЕРЫВНОЕ  
АНТИКОРРУПЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ

ОБЕСПЕЧЕНИЕ КОНКУРЕНТНОЙ ОПЛАТЫ  
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОГО ПАКЕТА ПО  
ПРИНЦИПУ ПЕРСОНАЛИЗАЦИИ ВКЛАДА  
КАЖДОГО

РАСШИРЕНИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ДЛЯ  
ЗАНЯТИЯ ИНОЙ ОПЛАЧИВАЕМОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ

## ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ БИЗНЕСА



ВНЕДРЕНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННЫХ СТАНДАРТОВ  
АНТИКОРРУПЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ РАБОТНИКОВ  
ВНЕДРЕНИЕ РЕЕСТРА БИЗНЕС-ПАРНЕРОВ  
ПОДГОТОВКА КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕРОВ  
ОЦЕНКА ДОБРОСОВЕСТНОСТИ КОНТРАГЕНТОВ  
ДОБРОВОЛЬНАЯ МАРКИРОВКА БИЗНЕС-ПРОДУКЦИИ,  
УСЛУГ ЗНАКОМ «CLEAR WAVE»

**ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ДРУГИЕ ПРЕФЕРЕНЦИИ**

## ДОБРОПОРЯДОЧНОСТЬ БИЗНЕСА



## ДЕКЛАРАЦИЯ О ПЕРВОМ ГОДЕ БИЗНЕСА

помощь начинающим  
предпринимателям

## ЧИСТЫЙ ЛИСТ

бизнес-реестр компаний  
с добросовестной репутацией  
(соответствующий критериям)

## CLEAR WAVE

маркировка бизнес-продукции, услуг

символ деловой этики, прозрачности,  
ответственности и устойчивости

**ПРИВИЛЕГИИ**  
при госзаказах



Исключение возможностей коррупции.

## СНИЖЕНИЕ РИСКОВ НЕЭФФЕКТИВНОГО РАСХОДОВАНИЯ ГОССРЕДСТВ

- ПЕРЕСМОТР МЕХАНИЗМА ЭКОНОМИЧЕСКОГО ОБОСНОВАНИЯ ГОСПРОЕКТОВ
- ПРОЕКТНОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ
- БЛОЧНЫЙ БЮДЖЕТ, ПРАВИЛО «ОДНОЙ ПОДПИСИ»
- МАСШТАБИРОВАНИЕ ПРИНЦИПА «ДЕНЬГИ СЛЕДУЮТ ЗА ЧЕЛОВЕКОМ»  
ПОДУШЕВОЕ ФИНАНСИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-ЗНАЧИМЫХ СФЕР
- «ОКРАШИВАНИЕ ДЕНЕГ», ПУБЛИЧНОСТЬ РАЗМЕЩЕНИЯ БЮДЖЕТНЫХ ЗАЯВОК
- ФОРМИРОВАНИЕ СТАТДАННЫХ ПО МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ  
ИСКЛЮЧЕНИЕ ПРИПИСОК
- КАРТЫ КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ
- ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ МЕР ГОСПОДДЕРЖКИ  
ГОСПОДДЕРЖКА БЛАГОНАДЕЖНЫХ СУБЪЕКТОВ БИЗНЕСА,  
ЕДИНАЯ IT-ПЛАТФОРМА ДЛЯ СУБСИДИЙ И ГРАНТОВ

## СНИЖЕНИЕ КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ В СФЕРЕ ГОСЗАКУПОК



ЕДИНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ для госзакупок и закупок в квазигоссекторе  
унифицированный подход в регулировании сферы



СОКРАЩЕНИЕ ЗАКУПОК ИЗ ОДНОГО ИСТОЧНИКА



ЭФФЕКТИВНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ ЗАКУПОК  
внедрение базы данных единых цен и техспецификаций  
определение средней отпускной цены, расширение пределов биржевой торговли



ОПТИМИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ОРГАНОВ  
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА И ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ  
исключение дублирования функций и усиление их независимости



ОБЪЕДИНЕНИЕ ПРОЦЕССОВ ГОСЗАКУПОК, ПЛАНИРОВАНИЯ  
БЮДЖЕТА И УПРАВЛЕНИЯ ГОСФИНАНСАМИ

## СНИЖЕНИЕ ГОСУЧАСТИЯ В ЭКОНОМИКЕ

СОКРАЩЕНИЕ ДОЛИ ГОСКОМПАНИЙ  
В ЗАКУПКАХ

ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯ И СОЗДАНИЕ  
БЛАГОПРИЯТНОЙ КОНКУРЕНТНОЙ СРЕДЫ

ПЕРЕДАЧА ГОСФУНКЦИЙ  
В КОНКУРЕНТНУЮ СРЕДУ

ПРОЗРАЧНОСТЬ ПРИВАТИЗАЦИИ

ОГРАНИЧЕНИЯ НА ГОСПОДДЕРЖКУ  
ОРГАНИЗАЦИЯМ СО 100% ГОСДОЛЕЙ



## КАЧЕСТВЕННАЯ ЦИФРОВИЗАЦИЯ

как фактор снижения "бытовой" коррупции

- ДЕБЮРОКРАТИЗАЦИЯ И ПЕРЕВОД В ЦИФРОВОЙ ФОРМАТ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ ГОСОРГАНОВ
- ПОЛНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ
- ПРОАКТИВНЫЙ ФОРМАТ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ
- СОКРАЩЕНИЕ АЛЬТЕРНАТИВНЫХ СПОСОБОВ ОКАЗАНИЯ УСЛУГ
- РАСШИРЕНИЕ ОКАЗАНИЯ УСЛУГ ЧЕРЕЗ НЕГОСУДАРСТВЕННЫЕ ПЛАТФОРМЫ
- ВНЕДРЕНИЕ ЦИФРОВОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ИПА
- АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ МОНИТОРИНГ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ
- РАСШИРЕНИЕ БЕЗНАЛИЧНЫХ РАСЧЕТОВ

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНСТРУМЕНТОВ ПРЕВЕНЦИИ КОРРУПЦИИ

ПУБЛИЧНОСТЬ ПРОВЕДЕНИЯ ВНУТРЕННИХ  
АНАЛИЗОВ КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ  
ВОВЛЕЧЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ


РАЗВИТИЕ ВНЕШНЕГО АНАЛИЗА КОРРИСКОВ  
ПРИМЕНЕНИЕ ПРОЕКТНОГО ПОДХОДА

ВНЕДРЕНИЕ ОТРАСЛЕВЫХ МАРШРУТНЫХ КАРТ  
ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФИЛЕЙ РИСКОВ  
ДЛЯ ОТРАСЛИ / ОРГАНА

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАУЧНОЙ  
АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ПРОЕКТОВ НПА  
ВНЕДРЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА  
КАЧЕСТВЕННЫЙ ЭКСПЕРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

РАССМОТРЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ ПРАВОВОГО МОНИТОРИНГА  
НА ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТАХ

ДОПОЛНЕНИЕ ИСТОЧНИКОВ ПРАВОВОГО МОНИТОРИНГА РЕКОМЕНДАЦИЯМИ  
ВНЕШНЕГО И ВНУТРЕННЕГО АНАЛИЗОВ КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ



Совершенствование мер по обеспечению неотвратимости ответственности.

## Проверка на добропорядочность (integrity check)



ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТИТУТ  
САМООЧИЩЕНИЯ ГОСОРГАНОВ



## УСИЛЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА «БЫТОВУЮ» КОРРУПЦИЮ

ст. 247 УК (ПОЛУЧЕНИЕ НЕЗАКОННОГО ВОЗНАГРАЖДЕНИЯ, СОПРЯЖЕННОГО С ВЫМОГАТЕЛЬСТВОМ)

| <u>СЕЙЧАС</u>   | <u>ПРЕДЛАГАЕТСЯ</u>  |
|---|--|
| часть 3 – преступление небольшой тяжести  | часть 3 – преступление средней тяжести   |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>✗ ЗАПРЕТ НА ПРОВЕДЕНИЕ СОРМ И НСД</li> <li>✗ СЛАБАЯ ВЫЯЛЯЕМОСТЬ ПОЛИЦИЕЙ</li> <li>✗ СЛОЖНЫЙ ПРОЦЕСС ДОКАЗЫВАНИЯ<br/>за 2018-2020 гг. 50 из 103 дел прекращены по реабилитирующим основаниям</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ВОЗМОЖНОСТЬ ПРОВЕДЕНИЯ СОРМ И НСД<br/>повышение выявляемости, усиление доказательной базы</li> <li>✓ УЖЕСТОЧЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ – ПРЕВЕНТИВНЫЙ МЕХАНИЗМ</li> <li>✓ ПОДСЛЕДСТВЕННОСТЬ ЗА АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБОЙ</li> </ul> |



GRECO



**ВВЕДЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА  
НЕОБОСНОВАННОЕ ОБОГАЩЕНИЕ**

**УСИЛЕНИЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ  
ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ ЗА КОРРУПЦИЮ**

**КРИМИНАЛИЗАЦИЯ  
ПРЕДЛОЖЕНИЯ / ОБЕЩАНИЯ ВЗЯТКИ**

**РАТИФИКАЦИЯ ЕВРОПЕЙСКИХ КОНВЕНЦИЙ**



**УСИЛЕНИЕ РОЛИ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА  
В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ КОРРУПЦИИ**

**УЧАСТИЕ  
ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ  
В ПРЕВЕНЦИИ КОРРУПЦИИ**

**РАСШИРЕНИЕ  
ПОТЕНЦИАЛА  
ЖУРНАЛИСТОВ**



**ЗАЩИТА ЛИЦ,  
сообщающих  
о фактах коррупции**



## МОНИТОРИНГ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ



Рейтинговая оценка  
министров и акимов



Публичность  
данных



ИСПУ Easy Project



ВНЕДРЕНИЕ  
НАЦИОНАЛЬНОГО ИНДЕКСА  
ВОСПРИЯТИЯ КОРРУПЦИИ



## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УПОЛНОМОЧЕННОГО ОРГАНА

ПРИМЕНЕНИЕ  
ИНТЕГРИРОВАННОЙ АНАЛИТИКИ

ПРОРАБОТКА ДОСТУПА  
К БАЗАМ ДАННЫХ ГОСОРГАНОВ

КООРДИНАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
КОМПАЕНС-СЛУЖБ  
КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА


РЕГЛАМЕНТАЦИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ  
УПОЛНОМОЧЕННЫХ ПО ЭТИКЕ  
С АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБОЙ

ПРЕСЕЧЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЙ,  
СОВЕРШЕННЫХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ  
ЦИФРОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ

КАЧЕСТВЕННОЕ ПОВЫШЕНИЕ  
КВАЛИФИКАЦИИ СОТРУДНИКОВ

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ CALL-ЦЕНТРА 1424

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО



ИНФОРМАЦИОННАЯ  
СИСТЕМА  
ПРОЕКТНОГО  
УПРАВЛЕНИЯ  
EASY PROJECT

УДК 35.078

**Болат Ануар Болатұлы**  
Абай облысы Полиция Департаменті  
Өзіндік Қауыпсіздік Басқармасы  
аға тергеушісі, полиция капитаны

## ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛЫНДАҒЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ КӨРІНІСІ

**Түйіндеме.** Мақалада тарихқа жүгініп Алаш партиясының қолбасшысы, Алаш Орданың жетекшісі, қоғамдық қайраткер Аликхан Нурмухамедұлы Бөкейханов және басқада зиялы тұлғалардың қазірде жастарға рухани-адамгершілік құндылықтарды, парасаттылықты дамытуға үлес қосқаны, А. Бөкейханов Семей қаласында жұмыс атқарғаны туралы баяндалады. Қазіргі кезде полиция қызметкерлерінің бойында білімпаздық, мәдениеттілік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық сияқты адами қасиеттер болу қажеттілігі туралы айтылған.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлық, парасаттылық, білімпаздық, мәдениеттілік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық.

## MANIFESTATION OF STRENGTHENING INTEGRITY IN COUNTERING CORRUPTION OF POLICE OFFICERS

**Annotation.** Turning to history, the author reveals the role of the leader of the Alash party, public figure Bukeikhanov Alikhan Nurmukhamedovich and other representatives of the national intelligentsia, their contribution to the education and development of spiritual and moral values of integrity among young people, about the life and work of A. Bokeikhanov in the city of Semey. We are talking about the fact that even now police officers should have such human

qualities as education, culture, goodwill, decency, restraint, intelligence.

**Keywords:** corruption, decency, education, culture, virtue, decency, restraint, intelligence.

## **ПРОЯВЛЕНИЕ УКРЕПЛЕНИЯ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ КОРРУПЦИИ СОТРУДНИКОВ ПОЛИЦИИ**

**Аннотация.** Обращаясь к истории, автор раскрывает роль лидера партии Алаш общественного деятеля Букейханова Алихана Нурмухамедовича и других представителей национальной интеллигенции, их вклад в воспитании и развитии духовно-нравственных ценностей добропорядочности среди молодежи, о жизни и деятельности А. Бокейханова в городе Семей. Речь идет о том, что и в настоящее время сотрудники полиции должны обладать такими человеческими качествами, как образованность, культурность, доброжелательность, порядочность, сдержанность, интеллигентность.

**Ключевые слова:** коррупция, порядочность, образованность, культурность, добродетель, порядочность, сдержанность, интеллигентность.

Армысыздар құрметті дөнгелек үстелге қатысып отырған қатысушылар. Мен Абай облысы ПД ӨҚБ аға тергеушісі полиция капитаны Болат Ануар Болатұлы. Бізді Алихан Бөкейханов университеті және Абай облысы ПД арасындағы мемурандум негізінде осы дөнгелек үстелге шақырып Алихан Бөкейханов университетіне алғыс білдіремін. Менің тақырыбым Полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылындағы парасаттылықты нығайту көрінісі болып табылады.

Бастапқыда тарихқа жүгініп Алаш партиясы Алаш Орданың жетекшісі қоғамдық қайраткер Алихан Нурмухамедұлы Бөкейханов және басқада зиялы тұлғалардың бізге және қазірде жастарға рухани-адамгершілік құндылықтарды парасаттылықты дамуға үлес қосқаны туралы айтқым келіп отыр. Яғни А.Бөкейханов өзінің өмірін қазақ елінің азаттықа алып, еркін ел болуына арнаған соңғы демі біткенше қызмет жасады. 1917 жылдың желтоқсанында Екінші жалпықазақ съезі кезінде Алаш автономиясы жарияланып, Ә.Бөкейханов сол алғашқы Алашорда, Қазақ Республикасының тұңғыш төрағасы, яғни президенті болып сайланағандығы туралы ұмытпауымыз қажет. Осы арада университеттің аты Алихан Бөкейхановтың есімімен жамылғаны біз үшін яғни Семей қаласы тұрғыны ретінде бір рух бергендей болды. Сонымен қоса А. Бөкейханов Семей қаласында жұмыс атқарғанында ұмытпауымыз абзал.

2022 жылы ҚР президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жарлығымен Семей қаласы аумағы Абай облысы болып жеке қалыптасқаннан кейін Алашорда астанасы Семей қаласында жанадан құрылған Полиция Департаменті жанданып, полиция қатарындағы қызметкерлері қазіргі таңда қызмет атқару үстінде. Полиция қызметкерлері ҚР ІІМ Марат Ахметжановтың нұсқауымен полиция қызметкерлері сервистік модельде



жұмысын жалғастыруда. Ол не білдіреді, яғни полиция қызметкері өз қызмет атқару кезінде халыққа сапалы қызмет көрсету, қоғаммен серіктестікте қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағатталған жұмыс деп айтуымызға болады. Яғни полиция қызметкерлері өз бойында парасаттылықты яғни кісілік қасиетті қолдана отыра жұмыс атқару. Парасаттылыққа біз нені жатқызамыз, ол білімпаздық, мәдениеттілік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттер. Қазірде полиция қызметкерлерінің бойында осы жоғарыда көрсетілген адами қасиеттер болу қажет. Осымен қоса қызметкер спортқа жақын және оған берілген қарумен қолдана білу олда бір міндет болып табылады. Біз қазірде парасаттылықты қозғап отырғандықтан, мен алда полиция қызметкері боламын, елге пайдамды тигіземін деген азаматтар осы жоғарыда көрсетілген парасаттылығын дамыту қажет деп айтқып келіп отыр. Осы арада Алашорда төрағасы Алихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден» деген терең сөзі осы күнде өз өзектілігін жоймаған. Демек, полиция қызметкерінен рухты мінез қажет етеді. 20 ғасыр басындағы Алаш идеясы бүгінгі күні де тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне қызмет етуді жалғастыруда. Уақыт өте, жаңа ұрпақтар келеді. Алаш зиялыларының қоғамдық ойы мен рухани тәжірибесі полиция қызметкерлеріне үлгі болып ұрпақтар жадында мәңгі сақталады. Біздің ата-бабаларымыз үшін «Рух» сөзі өте қастерлі ұғым. Сонмыен қоса ұлттық руханиятқа, руха та, мәдениет те, тіл де, тіпті иман, ар-ұят мәселесі жатады. Әр қазақ жастары осыны білген абзал. Осы кезде ғана біз өз мәдениеттімізді, тілімізді жоғалтпай сақтап қала аламыз.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз ол мемлекеттегі лауазымды адамдардың өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзгеде бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен пара алу болып табалды. Пара алу ҚР ҚК-нің 366-бабында көрсетілген. Осыны алдын алу не жою үшін полиция қызметкерлерінің парасаттылығын нығайту қажет.

Қазіргі полиция қызметкерлерінің парасаттылықты нығайту ол үйдің бас төрінен басталады деп есептеймін, яғни үйде берілген тәлім-тәрбие, үлкендерді құрметтеу, кішіге ізет, яғни кішіпейл болу, оқыған университетте алған білімін ары қарай жақсарту, және өзін тәртіпке шақырып спортқа жақын болуы. Осы кезде әр парасатты қызметкердің өз ар ұятын бұзбау үшін, елдің қамы үшін қызмет етуде ол жемқорлықтың не екенің ұмытыпта кетеді. Қазірде полиция қызметкерінің материалдық жағдайлары ПМ-мен жоғарлауда және әліде көтерілуде. Материалдық жағының төмендігін сылтау жасап, жемқорлыққа барған полиция қызметкерлері дисциплинарды түрде және ҚР қылмыстық кодексінің баптарымен жазаға тартылады.

Сонымен қоса ІІМ парасаттылыққа тексеруде мемлекет басшысы 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекітті. 2023 жыл оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында полиция қызметкерлерінің парасаттылыққа тексеруді немесе «Интегрити чек» жобасы өтіп жатыр. Бұл не деген сөз, яғни полиция қызметкерлерінің халықпен байланысы, полиция қызметкерінің азаматтарымен сырттай қарым-қатынасы, өтініштерді жедел әрекет ету қабілетін тексеру, сыртқы түрі, яғни нысанды киімі, материалды-техникалық жарақтандырылуы, қызметін планшеттерді, бейнетіркегіштерді, қызметтік автокөліктерді мақсатты пайдалану бағаланады. Жоба іске қосылғанның кейін қысқа мерзімде, өтініштерге жедел қызмет көрсетіле басталды, қызметкерлер өз жұмысына жауапкершілікпен қарауға, дұрыс және сыпайы жауап беруге ұмтылуда.

Қазірде ПД-ы полиция қызметкерлерінің парасаттылығын нығайту мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа арнайы тақырып құрылып, судьяларды, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің қызметкерінің қатысумен даярлық өткізіледі. Даярлықта ҚР-ның қызметкерлерінің заң бұзған сәттегі оперативты бейне жазбалары көрсетіледі, сол жайлы талқыланады. Аптаның сенбі күндері ПД-ның арнайы қызметкерлері жоғарыда көрсетілген тақырыпқа даярлық сабақтар жүргізеді. Одан бөлек полиция қызметкерлерінің біліктіліктіліні арттыру мақсатында өз саласында курстарға жібертіледі. Сол курсатрда Сыбайлас жемқорлық туралы тақырыптар талқыладаны. Сонымен қатар полиция қызметкерлерін бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін колонияларға апарып, оларға түрмедегі жағдайда көрсетіп, егерде қандайда бір қылмыс жасаған болса осы жерде өз жазасын өтейсін деп экскурсия ретін апару жоспарланып көрсетіліп отырады.

УДК 342

**Газизова Назигуль Слямболовна,**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл  
жөніндегі әдеп уәкілі

## **ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Түйіндеме.** Мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру деген түйінді жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін

айтады, тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті деген қорытынды жасалған.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлық, мәдениет, жемқорлыққа қарсы тұру, адамгершілік, әділдік, сенімділік, жауапкершілік, парасатылық.

## METHODS OF FORMATION ANTI-CORRUPTION CULTURE OF YOUTH

**Annotation.** The article concludes that one of the main priorities of the state anti-corruption strategy is the formation of the level of anti-corruption culture. Anti-corruption culture refers to the ability of a person to consciously and humanely resist corruption, it is concluded that the anti-corruption culture of a person is a property of this person, which includes knowledge about the harm of corruption for the safety and welfare of society.

**Keywords:** corruption, culture, anti-corruption, morality, justice, reliability, responsibility, decency.

## СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ

**Аннотация.** В статье сделан вывод о том, что одним из основных приоритетов государственной антикоррупционной стратегии является формирование уровня антикоррупционной культуры. Антикоррупционная культура относится к способности человека сознательно и гуманно противостоять коррупции, сделан вывод о том, что антикоррупционная культура личности-это свойство этого человека, которое включает в себя знание о вреде коррупции для безопасности и блага общества.

**Ключевые слова:** коррупция, культура, противодействие коррупции, нравственность, справедливость, надежность, ответственность, порядочность.

Бүгінгі таңда жемқорлық мәселесі тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің басқа да елдері үшін аса өзекті мәселе болып табылады. Қай мемлекетте болса да ең қауіпті құбылыс – жемқорлықтың жайылып, парақорлықтың дендеуі. Сыбайлас жемқорлықтың өршіп тұрған кезінде қоғам ешқашан алға баспайды, керісінше мемлекеттің дамуы тежеледі. Қазақстанның бұл мәселедегі ахуалы осы қоғамның кез келгенінің алаңына айналды. Бүгінде біздің қоғамда жемқорлық пен парақорлық араласпаған сала қалмады. Себебі, сыбайлас жемқорлық ұлттық шектеулерді білмейді. Ол барлық жерлерде кең таралған. Сыбайлас жемқорлық халықты қанаудың көлеңкелі көрінісі бола отырып, адамзат қоғамының даму кезеңдерінен қалыспай келеді. Ол барлық уақытта да сынға ұшырап, айыпталып, онымен үнемі күрес жүргізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлық құбылысының қауіптілігі - ол мемлекеттік билік қызметіне халықтың сенімділігін жоғалтады. Сондықтан да, осынау әлеуметтік құбылыс ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады. Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді [1]. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді [2].

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ең алдымен тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру төменде көрсетілген жағдайларды көздейді:

- сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;
- моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;

- құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы уәжін ынталандыру;
- мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Аталғандарды іске асыру үшін:

- сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;
- Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;
- құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil – ештеңе);
- құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету қажет.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде, әсіресе, білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында: «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал» - делінген. Мұнда өскелең ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден - бір ықпал ететін фактор болып табылады. Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне [3], әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының

деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Шынында да, жиі тәртіпсіздік, мәселелерді шешуді басқа адамдарға беру, кейде дөрекілік, бюрократизм кәсіби қабілетсіздіктен туындайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жылы Үкіметке қағазбастылық пен бюрократияға салынбау туралы тапсырма да берген болатын. VIII сайланған Парламент сессиясында сөйлеген сөзінде Президент де бюрократизацияның іске асырылмай жатқанына тоқталды [4]. Бұл жерде айтайық дегеніміз, бюрократияның, сыбайлас жемқорлық әрекеттердің бой көрсетуі құқықтық білімнің төмен деңгейде екенін немесе керісінше заңға мойынұсынбаушылық, заң нормаларын біле тұра бұзу, заңды менсінбеушілік т.б. қоғам мен мемлекетке зиян келтіруден туындайтын көптеген құқық бұзушылықтарға әкеледі.

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда этникалық ерекшеліктерді негізге алу еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуы мен рухани жаңғыруына, мемлекетіміздің алға қойған стратегиялық бағыттағы жоспарларына қол жеткізуге, мәңгілік ел болып қалыптасуына маңызды жағдайлар туғызатындығы сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Шәкәрім университетінде білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, оқытушылар мен қызметкерлердің парасаттылық мәдениетін ілгерілету жөніндегі жұмыстар жүйелі жолға қойылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Шешімдердің алқалы қабылдануы, академиялық қызметтердің цифрландырылуы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасының құрылуы, осы бағытта арнайы мониторингтің жүргізілуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының қабылдануы, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу, «Адалдық сағаттардың» өткізілуі саналы ұрпақ үшін жасалып жатқан игі істердің бірі. Университетте «Саналы ұрпақ» студенттер қауымдастығы жұмыс атқарады. Атқарылып жатқан жұмыстар университеттің ашықтық қағидатты ұстануын айқындайды.

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда барлық білім беру мекемелерінде Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын негізге ала отырып, жасалып жатқан жұмыстар аз емес, осы жұмыстар жүйелі

түрде жалғасын табу керек. Академиялық адалдықтың: әділдік, сенімділік, жауапкершілік, парасатылық, шындық және т.б. негізгі құралдарын насихаттау, осы бағытта жұмыстар жүргізу басты назарда ұсталу қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейі жоғары болса, жастар қоғамда сыбайлас жемқорлықтың тұрақсыз екенін сезінетін дәрежеде болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Дулатов Ы.Д. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті тәрбиелеу. // <https://zhanaqorgan-tynysy.kz/zanalyk/14980-sybaylas-zhemorlya-arsy-sana-men-mdeniett=lgc4z3lk15146511474>
2. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802>
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі. // [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/tokaevtyin-viii-saylangan-parlament-sessiyasyinda-soylegen-349411/?ysclid=lgbsj97xo6111429800](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaevtyin-viii-saylangan-parlament-sessiyasyinda-soylegen-349411/?ysclid=lgbsj97xo6111429800)

**УДК 323:328**

**Рахметуллин Аман Капанович,**  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
Alikhan Bokeikhan University  
(Семей, Қазақстан)

### **ПАРАСАТТЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ**

**Түйіндеме.** Мақалада қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлық, әлеуметтік қауіпті құбылыспен күреске қатысты бірқатар мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары, қылмыстың алдын алу қажеттігі талданады. Жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соқтырады.

**Тірек сөздер:** жемқорлық, әлеуметтік қауіп, күрес, халықаралық, сыбайлас.

### **THE FORMATION OF A CULTURE OF INTEGRITY IS THE MAIN MECHANISM OF THE FIGHT AGAINST CORRUPTION**

**Annotation.** The article discusses a number of issues related to the fight against corruption as a socially dangerous phenomenon in modern society. In addition, the article analyzes the understanding of the phenomenon of corruption from an international and modern point of view, ways to implement measures to combat it, the need to prevent crime. Corruption leads to the violation of the constitutional rights and freedoms of citizens.

**Keywords:** corruption, social threat, struggle, international, corrupt

## ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ - ОСНОВНОЙ МЕХАНИЗМ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

**Аннотация.** В статье рассматривается ряд вопросов, связанных с борьбой с коррупцией как общественно опасным явлением в современном обществе. Кроме того, в статье анализируется понимание феномена коррупции с международной и современной точки зрения, пути реализации мер по борьбе с ней, необходимость предупреждения преступности. Коррупция приводит к нарушению конституционных прав и свобод граждан.

**Ключевые слова:** коррупция, социальная угроза, борьба, международный, коррумпированный.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, тағы басқа да жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу [1][2].

Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан [3]. Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-ның Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша тәжірибелік шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек) [4]. Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды:

1. Осы ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, заңды бұзғандығынан көрінеді.

2. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шеңберін шектеу. Бұған шенеуніктердің



артықшылықтарды заңсыз пайдаланғанын жатқызуға болады, осындай қызмет көрсететін субъектілердің шеңберін жеке және заңды тұлғалар толықтырылып отырады.

3. Өз қызмет жағдайын жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде заңға қайшы сипатта пайдалану.

Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;
- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы[4].

1979 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақ-аралық семинар (Гавана 1990 ж.) мынадай анықтаманы ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы» [4].

Енді бір анықтама 1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Кеңесінің Конвенциясында берілген, онда: «Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті заңсыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену құқығын басқа тұлғаға беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну жатады [5].

Кейбір ғалымдардың пікірінше осы анықтама толық емес, себебі сыбайлас жемқорлық құбылысы құқық ұғымының шеңберінен әлдеқайда кең.

М.О. Нәукенов: «Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланыстыра қарауды ұсынады. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланады, бұндай жағдайда қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанады, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдаланады және саяси шешімдер қабылдауда ықпал жасайды [5].

Сыбайлас жемқорлықтың жаңа қарқынмен кең өріс алуы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басына келеді. Бір жағынан, іс-шараларды мемлекеттік реттеу дәрежесі көтеріліп, осыған орай шенеуніктердің билігі күшейе түсті. Екінші жағынан, ірі кәсіпкерлік пайда болып, олар өз мақсатына жету үшін «мемлекетті сатып алуға» кірісті. Дамыған елдерде саяси партиялардың маңызы өскен сайын партиялық сыбайлас жемқорлық

кең етек ала бастады. XX ғасырдың екінші жартысында «үшінші әлем» елдері саяси дербес ел болып дамыған кезде, олардың мемлекеттік аппараты алғашқы кезден бастап сыбайлас жемқорлық жолына түскен еді. «Үшінші әлем» елдерінде «төменнен жоғары жаққа қарай» сыбайлас жемқорлық түрі кездеседі, бұндай жағдайда парақор басшы өз кінәсін мойындамай, қарамағындағы қызметкерлерді жазаға тартады.

Сондай-ақ «жоғарыдан төменге қарай» сыбайлас жемқорлық түрі де болған, бұндай жағдайда жоғары қызметте тұрған шенеуніктер ашық түрде пара алып, алған парасымен қарама-ғындағы қызметкерлермен жартылай бөліскен.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекет ретінде әлеуметтік-экономикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің абыройы, мәртебесі үшін, өскелең ұрпаққа тигізер теріс ықпалымен де өте қауіпті. Сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық әрекет ретінде криминалист ғалымдар төмендегідей бірнеше анықтамалар берген мысалы Н.Ф. Кузнецова «сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік көлеңкелі құбылыс деп көрсетіп, оның бір тұлғаны екінші бір тұлғаның сатып алуы» деген анықтама берген [6].

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашасының «Сыбайластық жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [7].

Қазіргі таңда құқық бұзушылық әрекеттердің, соның ішінде жастардың арасындағы қылмыстық әрекеттердің көбеюі, оның алдын-алу шараларын қолдануды талап етеді. Осыған байланысты өскелең ұрпақтың тұлғасына тән құқықтық-адамгершілік санасын қалыптастырудың маңызы зор. Жастар өздерінің психикалық даму деңгейі бойынша тұрақсыздығы, бұрмалануға оңай түсуімен ерекшеленеді. Осыған орай, жастардың құқықтық санасының бұзылуына жол бермеу, олардың әлеуметтік-құқықтық нормалар мен

құндылықтарды игерту мақсатында оқу-тәрбие жұмыстарына ерекше мән беру керек.

Сыбайлас жемқорлық құбылысының қауіптілігі – ол мемлекеттік билік қызметіне халықтың сенімділігін жоғалтады. Сондықтан да, осынау әлеуметтік құбылыс ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты елімізде негізінен оған қарсы тұрудың басты құқықтық-ұйымдастырушылық әрекеттері қамтамасыз етіліп жатыр. Сөзсіз, негіз құраушы заңнама нормалары да баршылық, олар ұдайы жетілдіріліп, толықтырулар мен өзгерістер енгізілуде.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңы бойынша: «..Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі» деп көрсетілген [7].

Құқықтық сананың маңызды көрсеткіші, даму деңгейін айқындаушы тұлғаның құқықтық мәдениеті болып табылады. Құқықтық мәдениет құқыққа байланысты белгілі бір көзқарасты, құқықтық білімнің тереңдігін, тұрақты құқықтық бағдарды, тұлғаның рухани-құқықтық құндылықтар жүйесін айқындай отырып, құқықтық нормалардың тұлғаның мінез-құлқында әрқашанда, өмірдің қандай жағдайы болмасада бірлік құру ерекшелігімен көрініс береді.

Құқықтық мәдениет құқықтық білімінің жоғары деңгейімен, тұлғаның құқыққа деген сыйластығы мен құрметі арқылы сипатталады. Яғни, парасаттылық мінез құлық қалыптастыру жемқорлықпен күрестің негізгі тетігі екендігі белгілі. Ол адамдардың құқықтық сенімдеріне, басқа адамдар мінез-қылықтарына заңды немесе заңға қарсы келу фактілерімен баға беруіне және құқықбұзушылықтарға белсенді қарсы шығып, кедергі жасай отырып, заңды сақтап қалуға деген белсенді әрекеттерімен анықтайды.

Қоғамның көмегінсіз жемқорлықты жеңу мүмкін емес. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында тығыз ынтымақтастықты орнату қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген

қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қорытындылай келе, кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз Отанын дамыту жолында аянбай тер төгеді. Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Олардың өмірге күштар, елге жанашыр, жаңалыққа ұмтылған жандар мен жомарт жүректі жастарымыз барда, мемлекетіміздің алар асуы да әлі алда деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Противодействие коррупции: учебник и практикум для академиче- ского бакалавриата / под общ. ред. Е. В. Охотского. -М.: Изд-во Юрайт, 2015.
3. Резер Т. М. Противодействие коррупции в сфере образования : учеб. пособие / Т. М. Резер, И. В. Верстунина. — Екатеринбург : Изд-во Урал. гос. экон. ун-та, 2015.
4. Габов Ю. А. Зеркало казахстанской коррупции [Текст] : [монография] / Ю. А. Габов, В. Э. Кист. - Караганда : Арко, 2016. - 534 с
5. Погожина И.Н. Формирование у студентов когнитивного компонента антикоррупционной компетентности / И. Н. Погожина, Д. В. Пшеничнюк // Вопросы психологии. - М., 2020. - № 1. - С. 27-40
6. Противодействие коррупции в социальной сфере : учеб.- метод. пособие / Т. М. Резер ; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2018. — 144 с.
7. Моисеев В.В. Коррупция как глобальная проблема: история и современность / В.В. Моисеев, В.Ф. Ницевич // Среднерусский вестн. общественных наук. — 2014. — № 1. — С. 177–182.
8. Шалагин А.Е. Приоритетные направления предупреждения коррупционной преступности на современном этапе /А.Е. Шалагин, Д.Э. Кабиров // Вестн. Казанского юрид. ин-та МВД России. — 2015. — № 1(19). — С. 63–67.

УДК 342.

**Ногаева Нұрбану Макашевна,**  
кұқықтану магистрі,  
**Малғаждар Дәурен Бейсенғалиевич,**  
тарих магистрі  
Alikhan Bokeikhan University

### **АДАЛДЫҚҚА ҮЙРЕТУ ОТБАСЫНЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ**

**Түйіндеме.** Мақалада бүгінгі қоғамдағы отбасы тәрбиесінің маңыздылығы жан – жақты қарастырылады. Отбасындағы тұлға қалыптастыру, жасөспірім балалардың психологиялық даму ерекшелігіндегі отбасының ролі қарастырылады. Сондай –ақ, мақалада жемқорлық мәселесіне қарсы иммунитет қалыптастырудағы ата – ананың нақты қызметін іске асыру жолдары, қылмыстың алдын алудағы маңыздылығы талданады.

**Тірек сөздер:** отбасы, тұлға, жемқорлық, психология, әлеуметтік орта, күрес, сыбайлас, парасаттылық.

## EDUCATION OF HONESTY IS THE MAIN TASK OF THE FAMILY

**Annotation.** The article examines in detail the importance of family education in modern society. The formation of personality in the family, the role of the family in the psychological development of adolescent children is considered. The article also analyzes the ways of implementing the actual activities of parents to form immunity against the problem of corruption, the importance of crime prevention.

**Keywords:** family, personality, corruption, psychology, social environment, struggle, corruption, rationality.

## ВОСПИТАНИЕ ЧЕСТНОСТИ - ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА СЕМЬИ

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается значение семейного воспитания в современном обществе. Рассмотрено формирование личности в семье, роль семьи в психологическом развитии детей подросткового возраста. Также в статье анализируются пути реализации собственно деятельности родителей по формированию иммунитета против проблемы коррупции, значение профилактики правонарушений.

**Ключевые слова:** семья, личность, коррупция, психология, социальная среда, борьба, коррупция, рациональность.

Жанұя - адамзаттың алтын дiңгегi iспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмiрдегi ешбiр күшпен салыстыруға болмас. Кезкелген қоғамдағы күрделенген өзектi мәселелердiң себебi тiкелей отбасындағы берiлген тәрбиеге байланысты болады. Ұрпақ тәрбиесi – келешек қоғам тәрбиесi. Сол келешек қоғам иелерiн жан-жақты жетiлген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрiсi озық етiп тәрбиелеу – бiздiң де қоғам алдындағы борышымыз.

Ата-ананың бала тәрбиесiне деген жауапкершiлiгi ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны iледi» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер не айтса, соны айтатыны, не iтесе, соны iстегiсi келетiнi белгiлi. Баланың үйден көргенi, етене жақындарынан естiгенi ол үшiн адамгершiлiк тәрбиенiң ең үлкенi. Демек, жақсылыққа ұмтылып, жағымды iстермен айналысатын адамның айналасындағыларға берер тәлiмi мол болмақ.

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердiң бiрi. Адам баласының бiр өлшеми де iспеттi. “Адалдық” деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берiлгендiк сияқты игi қасиеттердi еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктiк, ар-ұждан, жан тазалығы тәрiздi т.б. асыл қасиеттердiң жиынтығынан тұрады. Көшпелi қазақтардың адамгершiлiк, адалдық қасиеттерi тұрғысынан кiршiксiз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдiк саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделiктерiнен де кездестiруге болады.

Сонымен қатар, жас өспiрiмдердiң оқу орнындағы тәлiм – тәрбиесi мен бiлiмi, оның тұлға болып қалыптасуына ықпал етедi. Қазiргi таңда елемiзде



жас ұрпақты адамгершілікке, адалдыққа, парасаттылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақтасында түрлі пилоттық жобалар кешенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Атап айтар болсақ «Саналы ұрпақ», «Парасаттылық мектебі» жобалары еліміздің білім ошақтарымен қоян қолтық жұмыс жасап, жұмыстар жүргізіп жатыр.

Жаңа Қазақстанның жаңаша талаптарына сай парасатты ұрпақты тәрбиелеу жобасын іске асыра отырып, жастарды адалдыққа тәрбиелеуде көптеген іс – шаралар атқарылуда. Соның бірі республикалық деңгейде өткізіліп жатқан «Адалдық сағаты» атты тәрбие жұмысы. Еліміздің телеарналарынан көрсетіліп жатқан осы жобаны, біз білім беріп отырған Әлихан Бөкейхан университетінде білімалушыларының да адалдыққа тәрбиесіне өз ықпалын тигізіп жатыр деген ойдамыз. Себебі, осы жобалардың негізінде университет қабырғасында бірнеше парасаттылық мінез құлық қалыптастыруға байланысты шаралар аталып өтілуде. Атап айтар болсақ: «Адал ұрпақ», «Парасаттылық мектебі» тақырыптарында дөңгелек үстел, кездесулер жоспарға сай өз жұмысын жүргізуде.

Шәкәрім қажы адалдық турасында: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Ғибадат пен пен адалдық ар үшін жи – деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді. Біз бұл клубтарды рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасын негізге ала отырып жұмыс жасаймыз:

– Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. “Адалдық” деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық – пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады.

– Шыншылдық, турашылдық – өлмес рух пен арлылықтың, адалдықтың алғышарты. Кез келген халықтың моральдық қағидасы – осылай.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – күн тәртібіндегі басты мәселе.

– Білім бері жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою, білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру.

– 4 негізгі құндылық: адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім.

Сондықтан кезкелген отбасы үшін адалдық пен әдептілік – бұл өмірлік ұстанымымыз болып табылады. Әр отбасы қоғамның негізгі ұйымдастырушы жүйесі бола отырып қазіргі еңбек нарығы талаптарына жауап бере алатын, қоғамның саналы, парасатты тұлғасы болатын жастарды

тәрбиелеуде. Отбасылық тәрбие тәуелсіз еліміздің жастарының адал, еңбекқор, өз елін, жерін сүйетін азаматтар болып қалыптасуына ықпал ететініне сенеміз.

Егер жастайынан баланың санасына тазалық, жауапкершілік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасып, саналы өмір сүруге мүмкіндігі жеткілікті болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004.
- 3.«Тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.
4. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. – «Фолиант» Астана, 2008.
5. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
6. Максимов С.В. Коррупция. Закон. Ответственность. // Москва:2010. - С. 44.
7. Еуропа Кеңесінің «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» //Страсбург, 1999 ж. 27 қаңтардағы Конвенциясы.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. <http://adilet.zan.kz>

**УДК: 061.2+32**

**Хасенова Шынар Женисбековна,**  
филология магистрі,  
Alikhan Bokeikhan University

## **РОЛЬ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ ЦЕННОСТЕЙ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ**

**Аннотация.** Формирование «нулевой терпимости» к проявлениям коррупции в сфере предоставления государственных услуг происходит путем вовлечения в антикоррупционное движение представителей гражданского сектора и НПО. Роль НПО сегодня заключается в объединении общественных интересов всех социальных слоев, лоббирование их интересов в государственных структурах, обеспечивая диалог государства и общества, в том числе и продвижения ценностей добропорядочности.

**Ключевые слова:** добропорядочность, коррупция, гражданский сектор, неправительственные общественные организации, гражданское общество, общественное сознание

## **ПАРАСАТТЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУДЕГІ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ**

**Түйіндеме.** Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа азаматтық сектор мен ҰҚҰ өкілдерін тарту арқылы жүзеге асады. ҰҚҰ-ның бүгінгі күні барлық әлеуметтік топтардың қоғамдық мүдделерін біріктіру, олардың

мүдделерін мемлекеттік құрылымдарда лоббирлеу, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты қамтамасыз ету, оның ішінде тұтастық құндылықтарын насихаттау болып табылады.

**Тірек сөздер:** адалдық, сыбайлас жемқорлық, азаматтық сектор, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар, азаматтық қоғам, қоғамдық сана

## THE ROLE OF NON-GOVERNMENTAL ORGANIZATIONS IN PROMOTING THE VALUES OF INTEGRITY

**Annotation.** The formation of "zero tolerance" to manifestations of corruption in the provision of public services occurs through the involvement of representatives of the civil sector and NGOs in the anti-corruption movement. The role of NGOs today is to unite the public interests of all social strata, lobbying their interests in state structures, ensuring a dialogue between the state and society, including promoting the values of integrity.

**Keywords:** integrity, corruption, civil sector, non-governmental public organizations, civil society, public consciousness

Проблема коррупции неоднократно определялась руководителями государства, как системная проблема. Системная коррупция - это признание того факта, что коррупция не просто распространена, но и воспроизводится в различных звеньях государственного аппарата и общества.

Согласно индекса восприятия коррупции (ИВК) в 2022 году Казахстан опустился на одну позицию, набрав 36 баллов из 100 возможных. Таким образом, из 180 стран в рейтинге, составленном организацией Transparency International, Казахстан занял 101-е место, разделив соседство с Танзанией (38 баллов) и Малавией (34 балла), передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на Ranking.kz. По итогам 2021 года Казахстан набрал 37 баллов.

При этом только за январь 2023 года за совершение коррупционных преступлений было осуждено 91 лицо, в том числе 31 человек — за дачу взятки, 22 — за получение взятки, 19 — за мошенничество, восемь — за присвоение или растрату вверенного чужого имущества, по пять — за злоупотребление должностными полномочиями и посредничество во взяточничестве, один казахстанец — за превышение власти или должностных полномочий.

Сегодня практически все органы государственной власти демонстрируют активную антикоррупционную деятельность. Формирование «нулевой терпимости» к проявлениям коррупции и сфере предоставления государственных услуг путем вовлечения в антикоррупционное движение представителей гражданского сектора и НПО. Тем не менее, еще нельзя говорить не только о победе над коррупцией, но и заметном ее снижении. Основной причиной отсутствия сокращения глобальной коррупционной угрозы является не только пассивность госорганов или допущенные ими промахи при разработке и реализации антикоррупционной политики, сколько

правовой нигилизм, а также острый недостаток активной и осознанной поддержки со стороны общества. Чаще всего подобная ситуация наблюдается в регионах, где достаточно высоко отчуждение власти от населения.

Несмотря на колоссальные объемы нарушений законодательства, принимаются недостаточные меры по исправлению ситуации. Нередко чиновник, допускающий нарушения закона, безнаказанно продолжает свою деятельность. Следует отметить, что все коррупционные проявления обязательно влекут нарушение законодательства.

Современному общественному сознанию характерно двойственное отношение к коррупции. С одной стороны, общество, понимает пагубное воздействие коррупции на все сферы взаимоотношений, с другой стороны, она стала обыденностью, вошла в привычку при решении любых вопросов. Важно отметить, что в государствах с развитым гражданским обществом нетерпимость к коррупции гораздо выше, чем в других, таким образом, отсутствие конфронтации интересов государства и института гражданского общества является показателем эффективности государственного управления.

Высокий уровень бедности, низкий уровень правовой культуры, деформация моральных ценностей — все это способствует развитию и укоренению теневых общественных отношений.

В законе Республики Казахстан «О противодействии коррупции» одним из принципов является взаимодействие государства и гражданского общества. В 1996 году утверждается закон «Об общественных объединениях», где закрепляются формы общественных объединений и порядок создания таких организаций.

Роль НПО сегодня заключается в объединении общественных интересов всех социальных слоев, лоббирование их интересов в государственных структурах, обеспечивая диалог государства и общества, в том числе и по вопросам борьбы с коррупцией. Например, деятельность НПО в сфере антикоррупционной политики.

1. В современных условиях практически невозможно найти опору для антикоррупционной политики, так как коррупция охватила все сферы общественной жизни и стала привычной, в связи с чем необходимо создать правовые условия для поддержания определенного уровня противоречий в различных сферах общественной жизни: в экономике через конкуренцию, в государственном механизме через горизонтальное и вертикальное разделение властей, в политической жизни общества через поддержание сильной оппозиции, в духовной сфере через свободу средств массовой информации.

Разрешение этих противоречий неизбежно подтолкнет стороны к действиям против коррупции.

2. Активное участие НПО в законотворчестве, в частности в процессе антикоррупционной экспертизы нормативных правовых актов и их проектов. Речь идет о правовых мерах обеспечения демократизации правотворчества: развитии практики референдумов, опубликовании проектов нормативных актов и обсуждении их, организации общественных слушаний. Процесс огласки при разработке антикоррупционной программы позволит привлечь к проблеме коррупции больше общественного внимания.

3. Прозрачность проведения выборов, работы государственных органов являются также важной функцией общественных организаций. Более того, стоит включить представителей институтов гражданского общества в состав комиссий по урегулированию конфликта интересов, созданных в государственных структурах.

4. Развитие общественного сознания и информированности людей. Деятельность НПО должна быть направлена и на корректировку системы ценностей, изменение общественной культуры.

НПО позволяют выстроить реальный диалог государства и власти. Возможности активного сотрудничества дает формат так называемого Открытого соглашения по консолидации усилий по противодействию коррупции, инициированный Агентством по противодействию коррупции. Обратная связь с гражданским обществом обеспечивается посредством проведения видеоконференций и обсуждения наиболее актуальных вопросов и путей их решения.

В Казахстане реализуются проекты государственного социального заказа «Гражданский контроль», «Адалдық алаңы», «Open space», открыты и функционируют центры «Сервисный открытый акимат». Их цель – вовлечение НПО в комплекс мероприятий по профилактике коррупции, в том числе по антикоррупционному мониторингу, формированию антикоррупционной культуры путем создания общественных приемных во всех регионах страны, где представители НПО ежедневно вырабатывают механизмы преодоления административных барьеров, регистрируют факты превышения власти, завышения цен при госзакупках и т.д.

В целях создания атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции и продвижения антикоррупционной культуры в обществе предусматривается выделение грантов для НПО, средства которого используются на организацию мероприятий, повышающих информированность населения о порядке предоставления государственных услуг, производство роликов по формированию антикоррупционной

культуры, формулирование рекомендации и т.д.

Данная деятельность положительно сказывается на повышении уровня коммуникации открытого диалога в гражданском обществе.

### **Библиографический список**

1. Об утверждении Плана мероприятий на 2021 – 2023 годы по реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015 – 2025 годы// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000576>
2. Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции»// [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33478302](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33478302)
3. Закон Республики Казахстан «Об общественных объединениях» // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000003\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000003_)
4. Роль неправительственных организаций в процессе противодействия коррупции // <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=807248>

**УДК 342.9**

**Уразбаева Кумис Толеубековна,  
Касимова Айжан Маулитовна,**  
«Innovative college» мекемесі (Семей, Қазақстан)

## **САНАЛЫ ҰРПАҚ- ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ**

**Түйіндеме.** Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлықпен күрес, әлеуметтік-экономикалық мәні, қоғамдық құбылыс, колледж.

## **THE CONSCIOUS GENERATION IS THE FUTURE OF OUR COUNTRY**

**Annotation.** Currently, corruption continues to exist in any country of the world, regardless of its political development, including in Kazakhstan, as a social phenomenon that differs only in its scale. Corruption hinders the process of socio-economic development, the formation of a market economy, the process of attracting investment. It has a negative impact on the political and public institutions of a democratic state, and poses a serious threat to the future development of the country. One of the main priorities of the state policy of Kazakhstan is the fight against corruption.

**Keywords:** fight against corruption, socio-economic essence, social phenomenon, college.

## СОЗНАТЕЛЬНОЕ ПОКОЛЕНИЕ-БУДУЩЕЕ НАШЕЙ СТРАНЫ

**Аннотация.** В настоящее время коррупция продолжает существовать в любой стране мира, независимо от ее политического развития, в том числе в Казахстане, как социальное явление, отличающееся только масштабностью. Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, формирование рыночной экономики, процесс привлечения инвестиций. Оказывает негативное влияние на политические и общественные институты демократического государства, представляет серьезную угрозу будущему развитию страны. Одним из основных приоритетов государственной политики Казахстана является борьба с коррупцией.

**Ключевые слова:** борьба с коррупцией, социально-экономическая сущность, общественное явление, колледж.

Қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылған. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда барынша табысқа жеткен елдердің тәжірибесін талдау қоғамда сыбайлас жемқорлықты рухани этикалық деңгейде қабылдамау ахуалын қалыптастыру мейлінше тиімді тәсіл екенін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлықтың мәні лауазымды тұлғаны параға сатып алуда немесе оларды байытуда емес, ол әлеуметтік жүйені, оның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің бірлігін бұзуда (ыдырату, іріп-шіру), мемлекеттің, азаматтардың заңды мүдделерін қоғамдағы өзінің жағдайын жеке мақсатына пайдакүнемдік арқылы сатып кетуде.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодесі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Арнамыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тарту мен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген

сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзіне месе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылық таралуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның транс ұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Мемлекетіміздің болашағы жастар. Ал осы жастарды тек маман ғана емес, жан-жақты дамыған тұлға қылып дайындау колледжіміздің миссиясы. Тәрбие тұжырымдамасына сай колледжде жастарды тәрбиелеуде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен ымырасыз күрес жүргізу бағытында көптеген іс-шаралар атқарылуда.

Әр жыл сайын колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша жоспар құрылып, сол жоспарға сай жұмыстар атқарылуда.

«Innovative College» мекемесінде Әдеп кодексі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әдістемелік кеңестің №2 (21.10.2020ж.) отырысында қарастырылып, колледж директорымен бекітілген. Колледжде әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Касимова Айжан Маулитовна тағайындалды (Бұйрық Од -20 21.10.2020). Және де қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шарттарында Әдеп кодексін сақтау жөніндегі міндетін жеке тармақ ретінде қосу колледж заңгерімен қарастырылды.

«Innovative college» мекемесінде Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы құрылған. Колледж ұжымы мен студенттері өзіне –өзі қызмет көрсету бұрышында қажетті қызмет түрлерін, электронды үкімет сайтына кіру арқылы пайдалануда. Колледжде мемлекеттік қызмет көрсету уақытымен және стандартқа сай орындалуда. Атап айтқанда:

«Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»; «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін



ұйымдарға құжаттар қабылдау»; “Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру”; “Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім аруды аяқтамаған адамдарға анықтама беру”; “Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау”; “Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну”

Мысалы: Тегін ыстық тамақпен қамтасыз етуде стандартқа сай құжаттар қабылдап, комиссия отырысында қарастырылады. Кейін шешімі шығарылып, студентке хабарланады.

Жаңадан жұмысқа келгендерге кадр бөлімінің инспекторы құжаттар тізімі негізінде құжат қабылдайды. Талапқа сай барлық құжат өткізген кезде толық жұмысқа қабылданады. Еңбек келісім-шартына отырып, заңды құжаттармен таныстырады. Қабылданған қызметкерлерге жеке құрам және негізгі құрам бойынша бұйрықтар шығарылады. Бос орындарға жұмысқаалу дипломның жарамдылығы, әңгімелесу арқылы қажетті білімнің жеткіліктілігі тексеріледі. Егер бос орындар болып жатқан жағдайда «enbek»электрондық еңбек биржасына өтініштер беріледі. Биылғы оқу жылында осы еңбек биржасы арқылы оқытушыны жұмысқа алдық.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енген жағдайда білім ордасының педагогикалық кеңес, өндірістік отырыстарда талқыланып отырады. Колледжде ақпараттық, үгіт насихат тобы құрылып, елімізде болып жатқан заңды өзгерістер, Жолдауларды талқылап отырады.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Ақпарат» ақпараттық стендтары жабдықталып, қажетті мәліметтер беріліп отыруда. Колледжде сенім жәшігі қойылып, сенім жәшігін жүргізу ережесі мен комиссиясы бекітілген.

Колледжде InnovativeCollege Officialpage (@innovative\_college) инстаграмм желісі және Innovative-College.KZ веб-сайтының контенті жұмыс жасап жатыр. Сайтта STOP- Жемқорлық бөлімі ашылып, колледжде өткізілген барлық іс-шаралар, құжаттар бейнелеген.

Колледж ұстаздары мен студенттердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыс «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру мақсатында жасалған «Сана

сілкінбей, жемқорлық жойылмайды» жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Колледжде студенттер арасында «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы клуб құрылған. Клубтың ережесі, жұмыс жоспары жасалынып, клуб бойынша отырыстар өткізіліп отыр, жүргізілген іс-шаралар туралы есеп жылына екі рет беріліп отыр. Клубқа өз еркімен қазіргі кезде студенттер мүшелік етіп, колледжде «Саналы ұрпақ- жарқын болашақ» ұранымен жұмыс атқаруда.

Колледж психолгы студенттер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы» Экспресс сауалнама өткізді. Сауалнама қорытындысы бойынша қазіргі жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жоғары деңгейде екендігі көрсетті. «Баланың жақсы азамат болып өсуі үшін ата-аналар балаға нені үйрету керек?» деген тақырыпта ата-аналардан сауалнама алынды. Әр ата-ананың өзінің баласы үшін жан-жақты қолдау көрсетіні аңғарылды.

Құқықтық білім негіздері факультатив сабақтарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу тақырыптары қарастырылған.

Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және студенттер арасында «Таза сессия» акциясы өткізілді.

Өскелең ұрпақ арасында парасаттылық қағидаттарын насихаттау мақсатында колледж кітапханашысы студенттерге «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу» атты тағлымдама жасап, студенттерге әлеуметтік желі арқылы таратылды.

Сонымен қоса «Әмиян жоғалттым: оны қайтару мүмкіндігі қай елде басым» студенттер арасында челлендж өткізіліп InnovativeCollege Officialpage (@innovative\_college) инстаграмм желісінде жарияланды.

«Жемқорлықпен қалай күресеміз?» тақырыбында 1 курс студенттері арасында дебаттық турнир өтті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған дебаттық турнирде студенттер өз ойларын кеңінен білдірді.

Биылғы оқу жылында колледж студенттеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дайындаған адалдық сағаттары әлеуметтік желілер арқылы ұсынылып, талқыланылды. Жоғарыда аталған жұмыстар жастарымыздың патриоттық тұрғыда дамуына үлес қосып, білікті маман болып шығуына септігін тигізуде.

Жалпы баяндамамды қорытындылай келе колледжімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасы тиісті деңгейде жұмыс істеуде. Ақын М.Жұмабаев айтпақшы жастар «Арыстандай

айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жалындаған жастарға үміт артады, соларға сенеді. Бізде осы тұрғыда Жаңа Қазақстанның мықты азаматтарын дайындауда бар үлесімізді қосудамыз.

### **Библиографиялық тізім**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз //Алматы: Жетіжарғы, - 100 бет
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2003 ж. 25 қыркүйектегі №484 Кодексі //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2003 ж. - № 15-16, 211 – құжат
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2001 ж. 30 қаңтардағы №155 Кодексі. //ЕгеменҚазақстан. - 2001 ж. 13 ақпандағы. - №31-34.
4. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы. //Казахстанская правда. - 1998 ж. 9 шілдедегі. - №132.
5. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2007 ж. 21 шілдедегі - №308 Заңы. //Казахстанская правда. – 2007 ж.- 27 шілдедегі. - №315.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» 2005 ж. 3 мамырдағы - №1567 Жарлығы// Егемен Қазақстан. - 2005 ж. 5 мамырдағы - № 94.

**УДК 343.47**

**Смагулова Акмарал Бакытказыевна**  
Alikhan Bokeikhan University  
(Семей, Қазақстан)

## **МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ**

**Түйіндеме.** Осы мақалада мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жерқорлықтың мәселесі көтерілуде. Біздің мемлекеттегі қоғамдық ұйымдардың осы сала бойынша жасалған зерттеулері қарастырылуда. Алынған нәтижелердің негізінде болған жағдайларды шешу мүмкіндігі туралы қорытындылар жасалған.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік сатып алу, сыбайлас жемқорлық, эксперттер, құқықтық реттеу, бір көзден алу.

### **ON CORRUPTION IN PUBLIC PROCUREMENT**

**Annotation.** This article raises the problem of corruption in public procurement. Studies of public organizations of our state in this area are considered. Based on the results obtained, conclusions are drawn about the possibility of resolving the situations that have occurred.

**Keywords:** public procurement, corruption, experts, legal regulation, from one source.

### **О КОРРУПЦИИ В СФЕРЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК**

**Аннотация.** В данной статье поднимается проблема коррупции в сфере госзакупок. Рассматриваются исследования общественных организаций нашего государства в этой области. На основании полученных результатов сделаны выводы о возможности разрешения произошедших ситуаций.

**Ключевые слова:** государственные закупки, коррупция, эксперты, правовое регулирование, из одного источника.

Қазіргі заманғы экономикада мемлекеттік сатып алу жүйесі экономиканың мемлекеттік секторының қаржысын және басқа ресурстарын басқарудың таптырмас элементі болып табылады және мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру функцияларын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік экономикалық реттеу функцияларын орындауға арналған. Мемлекеттік сатып алу жүйесі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру үшін экономиканы реттеудің, тұрақтандырудың және материалдық, еңбек ресурстарын, ғылыми және өндірістік әлеуетті көтерудің тиімді құралына айналды.

Мемлекеттік сатып алуды тиімсіз өткізу проблемасы тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген басқа елдерінде де кездесетіні анық. Сыбайлас жемқорлық компоненті бұл мәселенің жалғыз себебі емес. Бұл мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерінің жетілмегендігіне және осы процесті реттейтін заңнамалық базаның кемшіліктеріне байланысты туындайды. Мемлекеттік органдар мен жеткізушілердің өзара іс-қимылы кезінде бірқатар проблемалар туындайды, өйткені мемлекеттік тапсырысты орналастыру саласында жасалған мемлекеттік шартты адал орындау әрдайым мақсаты бола бермейтін ұйымдар бар. Сыбайлас жемқорлықпен, әсіресе, мемлекеттік сатып алу саласындағы, әлемнің барлық елдері соқтығысуда.

Мемлекеттік сатып алу саласында триллиондаған теңге айналымда жүреді. Бас айналдыратын сомалар сыбайлас жемқорлыққа да жол ашып отырғаны белгілі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың үлкен жиындарда мемлекеттік сатып алу саласына тәртіп орнатуды жиі тапсыратыны да сондықтан. Мемлекет басшысы көптеген жиындарда бұл салада сыбайлас жемқорлық фактілерінің көп екенін жеткізді. «Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер. Мұнымен мықтап күресетін боламыз. Оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласына ерекше назар аударылмақ», деген еді сол жолы [1].

Мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеуді тиімді жүйесінің болғанына қарамастан, мемлекеттік сатып алулардағы жемқорлықты әлі де бір де бір мемлекет түбегейлің жоя алмай келе жаты. Жемқорлық араласқан жерде сапа болмайды. Тіпті «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның өзінде жемқорлыққа негіз болатын жағдайлар көп. Әрине, оның барлығы жемқорлықпен жасалады деген сөз емес. Бірақ бұл жемқорлық қатерін арттыратын негізгі фактордың бірі.

Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы 2022 жылы 16 маусымда Қазақстан бойынша алғашқы

бағалау есебін жариялады. Есептің негізгі қорытындысы: Мемлекет" техникалық тұрғыдан "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында көп нәрсе істеп жатқанымен, практикалық нәтижелер үшін"іргелі реформалар" қажет. Қазақстан Республикасы осы топқа 2020 жылдың 16 қаңтарында қосылған. Сол жылдың қыркүйек айында ҚР-на Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы бағалау тобы келді және өз жұмысына байланысты есеп жасады. Есепте төмендегі қорытындыларға келді:

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық әртүрлі секторларда, мекемелерде, мемлекеттік және жеке салаларда тамыр жайған күрделі проблема болып табылады, бірақ нақты ақпараттың болмауына байланысты мәселенің нақты ауқымын анықтау қиын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жетілмеген база, саясатты әзірлеу кезінде реакцияның болмауы және бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік бақылау елеулі проблемалар болып табылады. "Қазақстандық институттарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға жақындату үшін іргелі реформалар қажет". Демократия қағидалары, заң үстемдігі және адам құқықтарын қорғау – сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрестің негізгі кепілі екенін атап көрсетеді. Бірақ биліктің бөлінуі және тежеу мен тепе-теңдік жүйесі бірдей маңызды болып табылады [2].

2022 жылғы қаңтардағы қоғамдық наразылық Қазақстандағы кейбір маңызды проблемаларды, атап айтқанда биліктің билік тармақтары арасында біркелкі бөлінбеуін (атқарушы биліктің басым болуымен және Президенттің өкілеттіктерінің кеңдігімен), сыбайлас жемқорлықты, шектеулі элиталық топтардың ықпалының күшеюін, әлсіз азаматтық қоғамды және Үкіметтің азаматтар алдында көбірек есеп беру қажеттілігін көрсетті.

Енді Қазақстан 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейін осы есеп бойынша барлық ұсыныстарды орындауы қажет.

Жыл сайын мемлекеттік сатып алу саласындағы жемқорлықтан мемлекетке келетін шығын 100 млрд теңге деп қазақстандық эксперттер бағалауда. Бұл көрсеткішті Zertteu Reserch Institute қоғамдық қорының талдаушылары атап өткен. Эксперттердің пайымдауынша мемлекеттік сатып алуға бөлінетін бюджет құралдарының көлемі бір жылға 5 трл теңгеден жоғары болып келеді. Бұл ретте мемлекеттік сатып алу арқылы мемлекеттік бюджет шығындарының 27,5% - ы іске асырылды. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің деректері бойынша сыбайлас жемқорлықтың әрбір алтыншы фактісі Мемлекеттік сатып алу саласына тиесілі. Бұл ел экономикасына да, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасына да нұқсан келтіреді.

Сарапшылардың пікірінше, олар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне

ұшырайды немесе сыбайлас жемқорлық мүдделерінің нысанасы болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша зерттелген 1258 сертификаттың тек 1%-13-і ғана дизайнның барлық талаптарына сәйкес келді. Сондықтан Еуропалық Қайта Құру және даму банкі (ЕҚДБ) қызмет көрсетуші мемлекеттік органдарға арнайы халықаралық стандарттарды пайдалануды немесе жеткізушілерді де, Тапсырыс берушілерді де сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне "азғырмау" үшін ұлттық стандарттарды әзірлеуді ұсынады [3].

Өткен жылдары мемлекеттік сатып алулардың барлық үлесі «бір көзден алу» тәсілімен жүзеге асырылды. Яғни бұл, тендер шаралары қолданылмайтын, тапсырыс беруші өнім берушімен ешқандай конкурсыз, яғни ешқандай бәсекелестік болмай, тікелей шарт жасасады. Сатып алудың бұл тәсілі Мемлекеттік сатып алудың 39-41 баптарымен реттеледі, бұл жерде маңызды талаптар жазылмаған. Мысалы, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде міндетті түрде техникалық ерекшеліктер қалыптастырылуы қажет. Дәл осы нақты және түсінікті техникалық ерекшеліктер өнім берушінің қызметін көрсетуді немесе тауарды жеткізуді адал орындауды қамтамасыз ете алады.

Одан бөлек, бір көзден алу сатып алуында тауарлар мен қызметтерге талаптар жеңілдетіліп немесе төмендетіліп отырады. Сондықта мемлекеттік органдар сапасыз тауар немесе қызмет алуға тәуекел етеді. Сондықтан, жазылмаған техникалық ерекшеліктер жемқорлыққа қызығушылықты тудыруы мүмкін немесе жемқорлық тәуекелдерін иемденуі мүмкін.

Zertteu Research Institute ұйымының өкілі назар аударыла бермейтін, бірақ көп жағдайда сатып алуға теріс әсері көп тағы бір мәселеге тоқталды. Ол – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырып, өткізе алатын білікті мамандардың аздығы. Айтуынша, республикалық, облыстық деңгейдегі жағдай жақсы. Бірақ аудан, ауыл көлемінде мамандар жетіспейді. Бұл сатып алу құжаттарын сапалы, дұрыс толтыруға кедергі келтіреді. Мұның кесірі тұтас процеске тиеді. Сатып алуды сапасыз өткізу – қаржыны тиімсіз жұмсау, жемқорлық тәуекелдерін арттыру деген сөз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алудың барлық процесі автоматтандырылған. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында 100 мыңнан астам өнім беруші және 24 мыңнан астам тапсырыс беруші тіркелген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу көлемі 5,8 трлн теңгені құрады. Бұл ретте сатып алудың 80% шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен жүзеге асырылды [4].

2022 жылы мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру шеңберінде бәсекелестікті дамытуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және сатып алу процестерін жеңілдетуге бағытталған бірқатар заңнамалық

шаралар қабылданды.

**Біріншіден,** 2022 жылғы 1 шілдеден бастап құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша сатып алулар рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын жаңа конкурсты қолдана отырып жүзеге асырылады. Сатып алу конкурстық комиссиясыз жүргізіледі, сатып алу жеңімпазы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде автоматты түрде айқындалады.

**Екіншіден,** электрондық дүкен арқылы сатып алу тәсілі енгізілді, ол жалпы бір көзден сатып алу үлесін төмендетуге бағытталған. Осы тәсілмен жалпы құны айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын тауарлар сатып алынады. Өнім берушілерді таңдаудың объективті және ашық критерийлері қолданылады және сатып алу іс жүзінде онлайн режимінде жүзеге асырылады. 2022 жылы электрондық дүкен арқылы 29,9 млрд. теңге сомасына 135,7 мыңнан астам сатып алу жүргізілді.

**Үшіншіден** рәсімдерді оңайлату мақсатында негіздемелік келісімдер пайдаланылатын конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді. Бұл тәсіл сатып алу процедураларын 2 айдан 1 айға дейін қысқартты.

**Төртіншіден** ағымдағы жылы сапалы тауарларды сатып алу мақсатында өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс (*көпфункционалды құрылғылар, принтерлер*) түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізіледі. Өнім берушіні таңдау сатып алу бағасы (*бастапқы*) негізінде емес, тауардың бүкіл қызмет ету мерзімі (*өмірлік цикл*) құны негізінде жүзеге асырылады.

**Бесіншіден,** Өткен жылы бір көзден сатып алудың 7 негізі алынып тасталды, сондай-ақ оларды қысқарту бөлігінде 8 негізі қайта қаралды. Заңда бәсекелестік тәсілмен сатып алуды басымдықпен жүзеге асыру туралы талап белгіленген. Сондай-ақ, тапсырыс берушінің бірінші басшысының бір көзден сатып алуды негізсіз қолданғаны үшін дербес жауапкершілігі көзделген. Аталған шаралар өткен жылмен салыстырғанда бір көзден алу тәсілімен сатып алу үлесін сатып алудың жалпы көлемінің 39%-дан 24%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

**Алтыншыдан,** Заңға тәуелді актілерде сатып алуға қатысуды қиындататын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар талаптар алынып тасталды.

Қабылданған шаралар кешені 2021 жылмен салыстырғанда шағымдар санын 12,7 мыңға немесе 1/3 – ке қысқартуға мүмкіндік берді.

**Жетіншіден,** Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында берілген тапсырмасын орындау үшін (*Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 31-тармағы*)

ашықтықты күшейту, сатып алуға қатысуға қолжетімділікті кеңейту, бір көзден сатып алуды қысқарту жөнінде тиісті заңнамалық шаралар қабылданды.

Қазіргі уақытта Президенттің тапсырмасы бойынша Министрлік «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң әзірлеуге кірісті.

Заң сатып алу рәсімдерін түбегейлі жеңілдетуге, шамадан тыс реттеуді болдырмауға, ең төменгі бағадан сапаның басымдығын белгілеуге бағытталатын болады.

Заң жобасын ағымдағы жылдың қыркүйегінде Парламентке енгізу жоспарлануда.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайратұлы Фархат - Мемлекеттік сатып алу майшелпек емес // Egemen Kazakhstan. 23 Қыркүйек, 2021 жыл <https://egemen.kz/article/290308-memlekettik-satyp-alu-mayshelpek-emes> (жүгінген күн 01.04.2023 жыл)
2. Татьяна Панченко - Госзакупки и привилегии: почему в Казахстане так плохо с коррупцией // Журнал Forbes Kazakhstan. 16 июня 2022 года [https://forbes.kz/process/kilometr\\_dorogi\\_za\\_21 mln\\_tenge\\_pochemu\\_v\\_kazahstane\\_tak\\_ploho\\_s\\_korrupsiyey/](https://forbes.kz/process/kilometr_dorogi_za_21 mln_tenge_pochemu_v_kazahstane_tak_ploho_s_korrupsiyey/) (жүгіну күні 01.04.2023)
3. Мариям Бижикеева Каждый шестой факт коррупции приходится на сферу госзакупок // 23.04.2021 <https://kapital.kz/gosudarstvo/95131/kazhdyy-shestoy-fakt-korrupsii-prikhodit-sya-na-sferu-goszakupok.html> (жүгіну күні 01.04.2023)
4. ҚР Қаржы министрлігі сайты - Мемлекеттік сатып алу саласындағы 2022 жылдың қорытындылары. 28 ақпан 2023 <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/514113?lang=kk> (жүгіну күні 01.04.2023)

**УДК 37.01**

**Смагулова Шынар Советхановна,**  
тарих пәнінің оқытушысы,  
Семей қаласы, Абай облысы,  
Қазақстан Республикасы

## **ТАРИХ САБАҒЫНДА КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР АРҚЫЛЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйіндеме.** Мақалада өскелең ұрпақтың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтары, мемлекеттік тіл, мемлекет тарихын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша әдістер және инновациялық технологиялар, тиімді механизмдерді енгізу, ашық азаматтық қоғам және әлемдік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпаққа тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейін көтеруде, тәрбиеленушілердің патриоттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша қазақстандық патриотизм идеясында тәрбиенің ұлттық жүйесін байыту туралы әңгемеленген.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік тіл, әдістер, инновациялық технологиялар, азаматтық қоғам, тәрбие, білім, патриотизм.



## FORMATION OF THE VALUES OF THE IDEA OF "MANGILIK EL" THROUGH THE BUILT-IN HISTORY LESSONS

**Annotation.** The article discusses methods and innovative technologies for the formation of ethno-cultural and civic identity of the younger generation, based on knowledge of the state language, the history of the state, the introduction of effective mechanisms, improving the quality and level of upbringing and education of the younger generation in accordance with the needs of an open civil society and the global market economy, the implementation of the idea of Kazakhstani patriotism for the formation of patriotic values of pupils. we are talking about enriching the national system.

**Keywords:** state language, methods, innovative technologies, civil society, upbringing, education, patriotism.

## ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЧЕРЕЗ ВСТРОЕННЫЕ УРОКИ ИСТОРИИ

**Аннотация.** В статье рассматриваются методы и инновационные технологии по формированию этнокультурной и гражданской идентичности подрастающего поколения, основанные на знании государственного языка, истории государства, внедрения эффективных механизмов, повышения качества и уровня воспитания и образования подрастающего поколения в соответствии с потребностями открытого гражданского общества и мировой рыночной экономики, реализации идеи казахстанского патриотизма по формированию патриотических ценностей воспитанников. речь идет об обогащении национальной системы.

**Ключевые слова:** государственный язык, методы, инновационные технологии, гражданское общество, воспитание, образование, патриотизм.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі басым мемлекеттік міндеттер қатарына шықты: әлемдік дамыған 30 елдердің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адамзат капиталын қалыптастыру, өскелең ұрпақтың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтары, мемлекеттік тіл, мемлекет тарихын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша әдістер және инновациялық технологиялар, тиімді механизмдерді енгізу, ашық азаматтық қоғам және әлемдік нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпаққа тәрбие және білім берудің сапасы мен деңгейін көтеруде, тәрбиеленушілердің патриоттық құндылықтарын қалыптастыру бойынша қазақстандық патриотизм идеясында тәрбиенің ұлттық жүйесін байытуда шетелдік тәжірибелерді қолдану.

Осы мақсатта 2016 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленіп, қабылданды.

Құжатта Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, біздің елімізді дамытудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел»

жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті принциптері ұсынылған. Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, Зайырлы мемлекет және жоғары руханият, Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Рухани ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім, рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындаған ұрпақ қана – болашақты гүлдендіріп, тәуелсіз елді нығайтатын болады. Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз. Сол мақсатқа жету үшін сұрақтар туындайды. Сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Колледжден шыққан студент бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатын дәрежеде оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? Студент болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы –кіріктірілген сабақтар ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған тәсіл болып табылады.

Орта білім берудің негізі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Олар: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық және т.б. «Мәңгілік Ел – жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ-Мәңгілік қазақтың Перзенті. Ендеше, қазақ Елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өтті. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді

XXI ғасыр тарих ғасыры аталуының өзі тарих пәнінің басқа пәндермен қатар, орны ерекше екенін көрсетеді. Тарих пәнінен сабақ беру кезінде мен осы тақырыппен тұрақты жұмыс істеп, сабақ барысында өмір тәжірибесіне сай, өз ерекшеліктерімен қалыптасқан және ұлттық тәрбиенің негізін терең меңгерген шәкірт тәрбиелеуге басым күш салдым.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу – алдымызда тұрған үлкен міндет.

Тұлғаның қалыптасуы өмірге келген сәтінен бастау алып, жасөспірім және жеткіншек шақта жедел қалыптасады. Рухани тұлға көрсеткіштері: ойы

озық, еркін, кісілігі, ар намысы биік, өрелі, білімді, рухани бай, кемелденген саналы іскерлік. «Ұлттық құндылық қасиеттер рәміздеріміз, ұлттық сана-сезіміміз, ойымыз, дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданыста өзгеріс табады» деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Ұлттық руханилық ұлттық құндылықтың мәні деп түсінеміз. Әр ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып қалыптасқан. Әрбір тұлға саналы түрде өзін басқалармен салыстыра келіп өзіндік ұлттық қасиеттерін қалыптастырады. Колледждегі білім мен тәрбие жұмысын ұлттық ерекшеліктерге негіздеп, мазмұнына халықтық ұғымдар енгізу, уақыт күттірмейтін мәселе. Мұны өмір талабы, заман ағымы қажетсінуде. Ұлттық ерекшеліктер ұғымын жалаң тұрғыда емес, әр пәннің мазмұнына үйлесімділікпен енгізе білуіміз керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде құндылықтардың бірнеше саласын қарастыруымызға болады. Олар: білім беру құндылықтары, азаматтық құндылықтар, ұлттық құндылық, рухани құндылық, адамгершілік құндылық, мәдени құндылық болып жіктеледі. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екендігі айдан анық. Ұстаз алдындағы негізгі мақсат-ұлттық болмыс ұғымдары арқылы оқушы дүниетанымын кеңейту, өз беттерімен пайымдау жасауға, терең ойландыруға ұмтылдыру

Берген білім мен тәрбиемізден не күтеміз?

Қандай нәтиже шығады?

Оны қалай жүзеге асырамыз?

Деген сұрақтарға жауапты тарих сабағында оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі байлығын ашуға, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Нақыл сөздерді, шешендік сөздерді талдауда негізі ойды табу, өмірде қолданысқа енгізуге дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Үш жүздің билерінің астарлы шешендік сөздерінің негізгі идеясын меңгерте отырып, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халық басына түскен ауыртпалық, елі, жері үшін күрескен, бір тудың астында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған батыр ата-бабаларымыздың ерліктері мен тауып айтылған шешімдерін балаларға ұғындырып отырамын. Балаларды шыншылдыққа, әділдікке тәрбиелеу маңыздылығы басты ұстанымым. Баланы әу бастан дау-жанжалдардың ақ-қарасын аша білуге үйрету. Өз шешімін анық айтуға

тәрбиелеу.

Тарих пәнінде кіріктірілген сабақтар арқылы мәңгілік ел құндылықтарының идеясын қалыптастыруға мынадай жолдарды ұсынар едім:

-Халықтың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;

-Халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;

-Көрнекі қайраткерлердің де, қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы, халық алдындағы қызметін, еңбегін көрсету;

-Туған өлке материалдарын тиімді пайдалану;

-Отансүйгіштік сияқты тамаша қасиеттерді өркендетуге байланысты мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды пайдалану

Ұлы тұлғалардың қаһармандық жолдары бүгінгі жас ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулудың темір қазығы деп сенімді түрде айтуға болады. Сабақта ағымдағы жылдары болып жатқан басты қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени саладағы маңызды жаңалықтарды, жетістіктерімізді кеңінен әңгімелеп, пікірталас, зерттеу, жобалау әдістерін қолданып өткізу оқушының танымдық қабілетімен өз тарихына деген қызығушылығын арттырады.

«Ел боламын десең бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, ел болашағы қазіргі жас жеткіншектің қаншалықты білімді, тәрбиелі болуына байланысты. Осы мақсатта барлық жұмыстардың нәтижесін үнемі бағалап, зерттеп, қорытынды жасап отырудың маңызы зор. Әрбір оқушыға өз мемлекетіне, оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасауымыз керек деп білемін. Өткен мен бүгінгіні таразыға сала алатын, келешегінің сабағын ертеңіне бағдар еткен рухтағы асқақ, жандары таза жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Білімнің ірге тасының беріктігі – болашақтың мықты болуына негіз. Тарих сабағында оқушылардың елін, Отанын сүю сезімін қалыптастыру, ерлік рухын ояту- тарих мұғалімінің басты парызы. Сөзімді қорыта келгенде еліміздің болашағы жарқын болып қалыптасуы үшін ұлттық құндылықты санасына терең меңгерген білімді, инабатты жас ұрпақты тәрбиелей отырып, қол жеткізсек бұл ұстаздар қауымы үшін үлкен жетістік болары айдан анық.

Күгілетін нәтиже

-Ұлттық құндылықты бойы игерген тұлға қалыптастыру;

-Ұлт болашағы мен ел тағдырынкелешек ұрпақ қолына сенімді етіп тапсыру;

-Бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбиеден күткен нәтижеге қол жеткізу;

-Ұлттық тәрбиені қаз-қалпында атадан балаға ұластырудың сабақтастығын тұрақты сақтау.

Балалар әрекеттерін түрлендіруді ұйымдастыру негізіндеолардың ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасауда қарапайым өзін-өзі бақылау мен реттеу дағдыларын қалыптастырады. Кіріктіру - бұл түрлі білім беру салалары мазмұныныңөзара сіңісуі мен өзара бірге әрекеттесуі. Кіріктірудің ерекшелігі білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын, шаршау мен қалжырауды басатын түрлі білімберу салалары материалдарының логикалық өзара шарттылығы, өзара байланысы болып табылады. Білім беру іс-әрекеті алуан түрлі әдістер ментәсілдерді қолдана отырып, түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы білім беру салаларын кіріктіру жолымен іске асады.Білім беру әрекеті білім берусалаларын кіріктіру жолымен жүзеге асырылады және баланың эмоциялық дамуына,оқуға деген ынтасын арттыруға, танымдық қызығушылығын, әлемнің толық сипатын қалыптастыруға және ой- өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді.Біздің міндетіміз – айқын, алған бағытымыз – дұрыс. Ендеше Тәуелсіздігіміз баянды, тұтастығымыз берік, елдігіміз мәңгі болсын!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық патриоттық актісі
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы. Астана, 2016 жыл.
3. 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыруды ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 ж
4. Дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериялды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы / nis.edu.kz сайты

**УДК 342**

**Каражанова Жанат Кокеновна**  
кұқық бойынша философия докторы (PhD),  
Alikhan Bokeikhan University Семей қ.

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ – ӘКІМШІЛІК ӨНДІРІС ТЕТІГІ**

**Түйіндеме.** Мақалада сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік басқару және басқа да басқару функциялары жүктелген тұлғалар, соның ішінде жеке секторда, өздерінің қызметтік жағдайларын, мәртебелерін және атқаратын лауазымдық беделдерін қызмет мүддесіне және бекітілген құқық және мораль нормаларына қайшы топтық мүддеде немесе жеке баюуы үшін пайдаланып, қоғам мен мемлекетті ірітуден тұратын, әлеуметтік құбылыс деп тұжырымдалған.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік қызметшілер, құқық, мораль, қоғам, заңсыз баю, мемлекеттік органдар.

## ANTI-CORRUPTION POLICY - THE MECHANISM OF ADMINISTRATIVE PROCEEDINGS

**Annotation.** The article states that corruption is a social phenomenon consisting in the separation of society and the state, in which civil servants, persons entrusted with the functions of public administration and other governing bodies, including in the private sector, use their official position, status and official reputation in group interests or for personal enrichment contrary to the interests of the service and the approved norms of law and morality.

**Keywords:** corruption, civil servants, law, morality, society, illicit enrichment, state bodies.

## АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ПОЛИТИКА - МЕХАНИЗМ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОИЗВОДСТВА

**Аннотация.** В статье утверждается, что коррупция – это социальное явление, заключающееся в разобщении общества и государства, в котором государственные служащие, лица, на которых возложены функции государственного управления и других органов управления, в том числе в частном секторе, используют свое служебное положение, статус и занимаемую должностную репутацию в групповых интересах или для личного обогащения вопреки интересам службы и утвержденным нормам права и морали.

**Ключевые слова:** коррупция, государственные служащие, право, мораль, общество, незаконное обогащение, государственные органы.

Қазақстан Республикасы қоғамдық демократиялық институттар мен құндылықтарды, әдептік құндылықтар мен әділеттілікті бұзатын және еліміздің тұрақты дамуы мен құқық тәртібіне нұқсан келтіретін, еліміздің тұрақтылық пен қауіпсіздігіне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар тудыратын мәселелермен, қауіп-қатерге, сыбайлас жемқорлықтың жағдайларына бей-жай қарамай, сонымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырушы халықаралық институттардың оң ықпалының әсер етулерімен Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31 Заңмен Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 31 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады.

Сыбайлас жемқорлық теңдік, заңды бәсекелестік сынды қағидаттарға қайшы келіп, ел экономикасына зиянын келтіреді. Билік беделіне елеулі нұқсан келтіріп, қоғам тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Мемлекеттік және қоғамның моральдық ұстанымдарын жояды. Жаза тағайындау әділеттілігін жоққа шығарады. Мемлекеттің әлсіреуіне алып келіп, елімізді кейінгі ұрпаққа өсіп-өркендеген күйінде қалдыруға өз қатерін төндіреді. Осыған орай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру тетігін әкімшілік құқықтық аспектіде қарастыру маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамасында, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, ұдайы жетілдіріліп отырады [1].

Сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз құбылыс екені әркіммен мойындалғанымен, оның анықтамасына әр түрлі түсініктер берілген.

К.Аннан, «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз қоғамды әртүрлі жолдармен зақымдайтын, қорқынышты оба ауыруы десекте болады. Ол демократияның негіздерін және құқық басымдығын жояды, адамның құқықтарының бұзылуына алып келеді, нарыққа кедергі келтіреді, өмір сүру сапасын кемітеді және ұйымдасқан қылмыстың, терроризмнің және тағы басқа адамдар қауіпсіздігіне қауіп төндіретін құбыластардың құлпыруына жағдай жасайды», деп сипаттайды [2, 3 б.].

Сонымен бірге, заң ғылымында сыбайлас жемқорлыққа қатысты бірқатар түсініктер бар.

Е.О.Алауханов, «Сыбайлас жемқорлық» – мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік басқару және басқа да басқару функциялары жүктелген тұлғалар, соның ішінде жеке секторда, өздерінің қызметтік жағдайларын, мәртебелерін және атқаратын лауазымдық беделдерін қызмет мүддесіне және бекітілген құқық және мораль нормаларына қайшы топтық мүддеде немесе жеке баюуы үшін пайдаланып, қоғам мен мемлекетті ірітуден тұратын, әлеуметтік құбылыс болып табылады» деп көрсеткен». [3, 186 б.]

С.В.Максимов «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз бұл мемлекеттік, муниципалды немесе басқа да жария қызметшімен (солардың ішінде депутаттар және судьялар да бар) немесе кәсіпкерлік немесе басқа да мекемелердің қызметшімен (солардың ішінде халықаралықта бар) өз мәртебелерін заңсыз қандай болмасын игіліктер алуға пайдаланулары немесе соңғыларға осындай артықшылықтар ұсыну», [4, 10 б.] деп атайды.

С.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде, заңсыз баюудан, пара алудан, жымқырудан және мафиозды құралымдармен тұтастанудан көрініс алатын, сыбайлас жемқорлық-лауазымды тұлғалар мен саясаткерлердің, билік құрылымындағы мемлекеттік шенеуніктердің моральдық іруі болып табылады. [5]

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 6 тармағында, «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген

адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [6], деп сыбайлас жемқорлық түсінігі көрсетілген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының заңының 6-бабы 1 тармағы 1 тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлердің бірі болып танылады. [7]

Г.С.Мауленов сыбайлас жемқорлықтың 6 түрін (саяси, экономикалық, элитарлық, төменгі, мемлекеттік ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық, мемлекет аралық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық) бөліп қарастырады. [8, 11 б.]

Б.А.Жетписбаева сыбайлас жемқорлықтың «жоғарыдағы» ең кең тараған формасымен бірге, шенеуніктердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасы барысында орын алатын «төмендегі» сыбайлас жемқорлықты көрсетеді. [9, 35 б.]

Л.Н. Бурлаков пен Т.С. Нурышева сыбайлас жемқорлық өз табиғаты бойынша әртүрлі биліктің жоғарғы эшолонындағы сыбайлас жемқорлықтан бастап, қызмет көрсететін (коммуналды тұрғын үй кешені, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек көрсету және т.б.) кез-келген қалалық немесе поселкелік мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа дейін, әр түрлі болатынын көрсетеді. [10, 49 б.]

Мемлекет басшысының «Бес институциональдық реформасын іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13 қадамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама әзірлеу міндеті көзделді. Осыған орай, 2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңы (ары қарай - Заң) қабылданды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 1- бабы 7 тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және осы заңға сәйкес өзге де шаралар.

Заңның 1- бабы 12 тармағында, «сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі» -деген түсінік бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін



себептер мен жағдайлар сан алуан. Олар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және т.б. болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар туындау мүмкіндігін жоюға, яғни жемқорлық тәуекелдерді азайтуға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды қолданып келеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың қоғам және жекелеген адамдар үшін теріс салдарын ұғына отырып, елімізде сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында 1998 жылы ТМД елдері ішінде алғашқылардың бірі болып, «Жемқорлықпен күрес туралы» заңды қабылдады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы нақты құқықтық шара-осы заңның және кейінгі қабылданған заңнамалардың негіздерінде жемқорлықпен күрес, жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың 1999-2000 ж.ж., 2001-2005 ж.ж., 2006-2010 ж.ж., 2015-2020 ж.ж., 2015-2025 ж.ж. арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы (ары қарай-Жемқорлыққа қарсы стратегия) мемлекеттік бағдарламалары қабылданды, ал 2022-2026 ж.ж. Тұжырымдамасы қабылданған.

Жемқорлыққа қарсы тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимылдардың келесі нәтижелері белгіленді:

- 1) азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;
- 2) ашық және қоғамға есеп беретін мемлекеттік аппарат;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;
- 4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;
- 5) сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.

Еліміз ұстанып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты бағыттарының бірі қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін артыруға бағытталған құқықтық шаралар жүйесі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі туралы заңдарды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін атай аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы. //www.adilet.zan.kz/.
2. Аннан К. 2003 жылғы 31 қазандағы 58/4 БҰҰ қарарын қабылдағандағы сөзі, 2003.-62 б. <http://www.unodc.org/documents/russia/Reports/08-50028-R.pdf>.
3. Алауханов Е.О. Борьба с коррупцией. Учебное пособие. - Алматы: Юридическое литература, - 2008.- 288 с.

- 4.Максимов С.В. Коррупция.Закон.Ответственность.2-е изд., перераб. и дополн.-М.:ЗАО «ЮрИнфоР», 2008. 255 с.
- 5.Толковый словарь Ожегова. Онлайн.<http://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=12029>.
- 6.Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы. //www.adilet.zan.kz
- 7.«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 06 қаңтардағы № 527-IV Қазақстан Республикасының Заңы. //www.adilet.zan.kz/.
- 8.Мауленов Г.С. Антикоррупционная политика РК (альбом схем).-Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2005.-45 с.
- 9.Жетписбаева Б.А. Законодательные ресурсы противодействия коррупции Республики Казахстан. Учебное пособие. -Астана: Академия правосудия при Верховном Суде РК, 2016.-182 с.
- 10.Бурлаков Л.Н., Нурышева Т.С. Противодействие коррупции в системе государственной службы как фактор повышения эффективности государственного управления // Вестник КарГУ, Серия Право, №2(78)/2015, С.48-57.

**УДК: 394**

**Қорғанбаева Еркеш Айдосқызы**  
Alikhan Bokeikhan University  
(Семей, Қазақстан)

## **ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Түйіндеме.** Автор отбасының әлеуметтік институт ретіндегі рөлін, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы рөлін зерттеуге тоқталды. Сыбайлас жемқорлық-бұл ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті бұзатын әлеуметтік зұлымдық. Осыған байланысты, бұл мәселені зерттеу сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзімді бола алатын жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** отбасы, жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет.

## **THE ROLE AND IMPORTANCE OF THE FAMILY AND EDUCATIONAL ORGANIZATIONS IN THE FORMATION OF ANTI-CORRUPTION CONSCIOUSNESS AMONG YOUNG PEOPLE**

**Abstract:** The author dwelt on the study of the role of the family as a social institution in the formation of an anti-corruption culture among young people. Corruption is a social evil that undermines national and economic security. In this regard, the study of this problem makes it possible to determine the role of the family in the upbringing of the younger generation, which can show resistance to all manifestations of corruption.

**Keywords:** family, corruption, anti-corruption culture.

## **РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ СЕМЬИ И ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ АНТИКОРРУПЦИОННОГО СОЗНАНИЯ СРЕДИ МОЛОДЕЖИ**

**Аннотация:** Автор остановился на изучении роли семьи как социального института, в формировании антикоррупционной культуры у молодежи. Коррупция

является социальным злом, которое подрывает национальную, экономическую безопасность. В этой связи изучение этой проблемы дает возможность определить роль семьи в воспитании молодого поколения, которая может проявить устойчивость ко всем проявлениям коррупции.

**Ключевые слова:** семья, коррупция, антикоррупционная культура.

Бүгінгі күні бүкіл әлемді қамтыған жаһандық қауіп-қатерлердің бірі бұл – сыбайлас жемқорлық, ол қалыпты даму мүмкіндігін берместен қоғамға іріткі салатын зиян құбылыс. Сыбайлас жемқорлықты жою үшін онымен бірлесіп күресу керек. Бұл үшін қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет.

2015 жылы 18 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу[1].

Сыбайлас жемқорлықты жою үшін онымен жалғыз емес, бүкіл қоғам болып күресу керек. Ол үшін қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ерте жастан бастап жүргізілуі керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (яғни 6 жасқа дейін) – бұл бала отбасында тәрбиеленетін және қоршаған әлемді білетін кезең. Осы кезеңде рухани және моральдық-адамгершілік құндылықтар қалыптасады, қоғамдағы мінез-құлық нормалары анықталады.

Екінші кезең (7 жастан 18 жасқа дейін) – кіші, орта және орта мектеп жасын қамтитын мектеп кезеңі. Бұл кезеңде адамгершілік мәдениеті қалыптасады, мысалы: ар-намыс, ұят, қадір-қасиет, мейірімділік, адалдық, әділдік. Осы кезеңде сыбайлас жемқорлық пен оның зияны туралы дүниетанымдық сипаттағы идеялар мен ұғымдарды қалыптастыру қажет, құқықтық сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасады, дамиды құқықтық құндылықтар, нанымдар, заңды мінез-құлық дағдылары, өмірлік жағдайларды шешу тәжірибесі қалыптасады.

Үшінші кезең-студенттік кезең. Осы кезеңде қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлыққа қатысты белсенді өмірлік ұстаным қалыптасады[2].

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда отбасы, дәлірек айтқанда оның тәрбиелік қызметі маңызды рөл атқарады. Отбасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек, өйткені баланың отбасында қандай тәрбие алатынына оның санасы, құқықтық мәдениеті де байланысты, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке.

Ата-ананың негізгі міндеті - баланы өткеннің дәстүрін құрметтеу рухында тәрбиелеу, баланы қоғамға пайдалын тұлға ретінде тәрбиелеу.

Жоғары адамгершілік қасиеттерге ие адам ешқашанда заңды бұзбайды, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасамайды және өз халқына адал қызмет етеді. Бұл қасиеттердің барлығын балаға, әрине отбасыда беріледі. Сондықтан ата-аналар баланы кәмелетке толғанға дейін материалдық жағынан ғана емес, сонымен бірге моральдық құндылықтарды сіңіріп, оларды рухани тәрбиелеуі керек. Себебі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жас ұрпаққа рухани құндылықтарды сіңіру – отбасының басты міндеті. Көптеген ғалымдар атап өткендей, бала ата-анасының айнасы. Сондықтан ата-аналар өздерінің жақсы мінез-құлқымен балаларына мысалдар көрсетуі керек.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының 9 бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады[1].

Бүгінгі күні Transparency International рейтингінде алғашқы 20 орынды иеленген елдер: Дания, Финляндия, Швеция, Жаңа Зеландия, Нидерланды, Швейцария, Сингапур, Канада, Германия сияқты елдерде сыбайлас жемқорлық көрсеткіштері басқа мемлекеттермен салыстырғанда аз деп саналады. Бұл деректер негізінде халықтың сыбайлас жемқорлыққа қандай да бір моральдық-этикалық иммунитетінің болуын бағалауда айқын көрінеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие тәжірибесін талдау көрсеткендей, бүгінде Данияда тиімді әрі қызықты іс-шаралар өткізуде. Мысал ретінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру (2012-2013жж)» білім беру жобасын көрсетуге болады.

Австралия сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте айтарлықтай жетістіктерді көрсетіп отыр. Мұнда бастауыш мектеп деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мен ағарту мәселелеріне көп көңіл бөлінген, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жыл сайынғы «Көшпелі білім беру бағдарламалары» атты іс-шаралары өткізілуде. Бұл австралиялық педагогикалық технологиялар жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған.

Литва мен Данияда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру» атты жоба жүзеге асырылды, оның мақсаты жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке тәрбиелеу болды. «Орта мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді енгізу» жобасы Болгарияда 2004 жылы басталды және қазіргі уақытқа дейін жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ұлттық стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру үшін орта мектептердің оқу бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы модульдерді енгізу, сондай-ақ оқушылар, олардың ата-аналары мен жалпы білім беретін мекемелердің педагогикалық құрамы арасында коммуникацияға қолайлы жағдайлар жасау туралы шешім қабылданды[3].

Жоғарыда көрсетілген елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектеп бағдарламаларын көп көңіл бөлінген. Осы мысалдарды негізге ала отырып бізде орта буындағы мектеп оқушыларының оқу бағдарламаларына және жыл сайынғы тәрбиелік мақсатта өткізілетін іс-шаралар жоспарына арнайы сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған жобаларды жүзеге асырылса, оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке тәрбиелеу болып саналады.

Сонымен-қатар 2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру ұйымдарында «Парасаттылық мектептері» ашылуда. Бұл мектептердің негізгі мақсаттары: Студенттер арасында сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру және парасаттылық, академиялық адалдық, принциптілік және ұтымдылық сияқты моральдық құндылықтарды дамыту болып табылады.

Отбасының және білім беру ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы маңызды және ерекше рөлін атап өтіп жастарда мынадай шаралар ұсынылады:

Біріншіден, теледидарда жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасының рөлі тақырыбында бейнероликтер көрсету қажет.

Екіншіден, мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының рөлі туралы ғылыми-практикалық семинарлар өткізу қажет.

Үшіншіден, «Көшпелі білім беру бағдарламалары» атты іс-шараларын өткізу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашадағы Заңы
2. Абдрасилов Б.С. «Основы антикоррупционной культуры: учебное пособие», Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г. Астана, 2016 г
3. Жаркымбаева Б.М., Самалдыков М.К, «Опыт правового регулирования противодействия коррупции в системе государственной власти, Научный журнал «Студенческий форум», выпуск № 4(97)

УДК 342

**Ибрагимова Наргиз Ибрагимовна,**  
Alikhan Bokeikhan University

## **ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ**

**Түйіндеме.** Мақалада азаматтардың, азаматтық қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне белсенді және тұрақты қатысуы өз қызметінде сыбайлас жемқорлық тәжірибесін қолданудан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік береді деп тұжырымдалған. Ал мемлекеттік басқару жүйесінің сыбайлас жемқорлықты кәсіпкерлік құрылым ретінде таратуы жағдайында олар өздерінің қызметін бақылай алмайды, шешім қабылдай алмайды. «Қоғамдық бақылау» ұғымына жеке тоқталып, оған түсініктеме беріледі.

**Тірек сөздер:** азаматтық қоғам, сыбайлас жемқорлық, басқару жүйесі, қоғамдық бақылау.

### **PUBLIC CONTROL AS A MECHANISM TO COMBAT CORRUPTION**

**Annotation.** The article concludes that the active and constant participation of citizens and civil society in the activities of state bodies allows us to gradually abandon the use of corrupt practices in their activities. And in conditions of the spread of corruption by the public administration system as an entrepreneurial structure, they cannot control their activities, make decisions. The concept of "public control" is given separately and commented on.

**Keywords:** civil society, corruption, management system, public control.

### **ОБЩЕСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ КАК МЕХАНИЗМ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ**

**Аннотация.** В статье делается вывод о том, что активное и постоянное участие граждан, гражданского общества в деятельности государственных органов позволяет постепенно отказаться от применения в своей деятельности коррупционной практики. А в условиях распространения коррупции системой государственного управления как предпринимательской структуры они не могут контролировать свою деятельность,

принимать решения. Понятие «общественный контроль» дается отдельно и комментируется.

**Ключевые слова:** гражданское общество, коррупция, система управления, общественный контроль.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нығайту шараларын ойдағыдай жүргізу қызметі одан әрі жетілдіруді талап ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттылықтың азаматтық қоғам институттарының қолдауынсыз мүмкін емес. Барлық қолжетімді құралдарды қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің және үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін одан әрі үйлестіру ерекше маңызға ие. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізін қалаушы құжат – БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғамның анағұрлым тиімді құралы ретінде қоғамдық бақылауды кеңейтуді айқындайды [1]. Мемлекеттік басқару жүйесінің сыбайлас жемқорлықты кәсіпкерлік құрылым ретінде таратуы жағдайында олар өздерінің қызметін бақылай алмайды, шешім қабылдай алмайды. Тек қана азаматтардың, азаматтық қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне белсенді және тұрақты қатысуы өз қызметінде сыбайлас жемқорлық тәжірибесін қолданудан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік береді. «Қоғамдық бақылау» ұғымы ғылыми әдебиетте белсенді пайдаланылады, нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылады. Ғылыми және тәжірибелік қызметте «бақылау» термині өте жиі қолданылады. Ғалымдар оған әртүрлі: құрал, фактор, нысан, элемент, функция, қызмет, жүйе, шарт, реттегіш, кепілгер, құбылыс, институт және әдіс ретінде түсінік береді. Қоғамдық азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер жүзеге асыратын бақылау мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды білдіреді.

Қоғамдық қатысу идеясы қоғамдық істерді басқару процесіне басқарушыларды тартуды немесе қосуды болжайды. Қоғамдық бақылау «мемлекеттік билік пен жергілікті басқаруды қоса алғанда, олардың жұмысын оңтайландыру мақсатында қоғамның қоғамдық институттар қызметін бағалау мен есепке алуды жүзеге асыруының» маңызды құралы болып табылады. Жалпы қоғамдық бақылау қоғамның негізгі функцияларының бірін білдіреді, оның субъектілері азаматтар мен олардың бірлестіктері, сондай-ақ негізгі объектілері – мемлекеттік органдар мен олардың лауазымдық тұлғалары болып табылады. Қоғамдық бақылау мемлекеттік органдар мен азаматтардың коммуникациялары саласында жария саясатта азаматтардың тікелей қатысуын, азаматтардың әлеуметтік

белсенділігінің нысаны ретінде қатысады. Бұл ретте қоғамдық бақылау проблемаларды анықтауды және оны шешу үшін ресурстар қалыптастыруды талап етеді.

Мемлекеттік органдар жұмысын қоғамдық бақылау демократияның базалық элементі болып табылады. Қоғам мемлекетке өкілеттіктер мен ресурстар бере отырып, олардың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін барлық негіздерге ие. Қоғамдық бақылау – бұл азаматтардың мемлекеттік органдардың өз міндеттерін орындауын, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын қадағалауы. Осылайша, қоғамдық бақылау – бұл қоғамдық ұйымдар мен бастамалық топтардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықты тоқтату және оған жол бермеу мақсатында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің мекемелер мен мемлекеттік органдарда және жергілікті басқару органдарында, меншіктің әртүрлі нысандарындағы кәсіпорындарда сақталуын қадағалауы [2]. Қоғамдық бақылаудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- қоғамның жетілуі;
- тәуелсіздік;
- адам құқықтарын және заң талаптарын талап етудің қағидаттылығы;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдары қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;
- мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сыйластық пен серіктестік қатынастар.

Қоғамдық бақылау:

1) қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері мен қажеттіліктерін бірыңғай басқарушы еркіне біріктіретін қоғамды және оның жекелеген институттарын басқару нысандары ретінде болады;

2) әртүрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету және осы мүдделердің қайшылықтарына жол бермеудің негізгі құралдарын білдіреді;

3) кейінге қалдыратын міндеттерді шешу үшін күш-жігерді үйлестіру мен біріктіру әдісі болып табылады;

4) бұзушыларды анықтауға және қоғамдық талқылаудан бастап құқық бұзушыларға мәжбүрлі сипаттағы шараларды қолдануға әсер етуі мүмкін құқықтық жауапкершілікпен аяқталатын оларды қоғамдық жауапкершілікке тарту тетігін әзірлеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік нормаларды орындаудың кепілі ретінде болады;

5) кез келген қоғам мен оның негізгі институттарының бірінің жан жақты ажырамас өкілеттігі болып табылады.

Қазіргі заманғы Қазақстанда мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық



бақылау тетігін дамыту мәселесі аса өзекті болып табылады. Қазіргі уақытта қоғамдық бақылау жүйесін қалыптастыру жүргізілуде, қоғамдық бақылау тетіктерін бекітетін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға талпыныстар жасалуда. Республикалық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде қазақстандық қоғам мен мемлекет арасында тең құқықты серіктестік тетіктерін әзірлеу қажет. Мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасасуының негізгі нысандары мыналар болып табылады:

- мемлекеттік құрылымдар қызметін мемлекеттік бақылау;
- қазақстандық заңнаманы сақтаудың қоғамдық сараптамасы;
- азаматтардың жергілікті мәндегі мәселелерді шешуге қатысуы;
- мамандандырылған кеңесші, консультативтік, үйлестіруші және сараптамалық органдарды құру.

Қоғамдық бақылау жүйесін жалпы қамту, жалпыға жариялау, жариялылық, міндеттілік, нысандардың көп түрлілігі және қоғамдық мүдделерді қорғауға ат салысатын белгілі бір топ өкілдерінің қоғамдық бақылау органдарын заңды деп тануы қағидаттарында құру ұсынылады [3]. Сыбайлас жемқорлықты қоғамдық бақылаудың негізгі институттары мыналар болып табылады:

– қоғамның әртүрлі көзқарастарға ие әртүрлі әлеуметтік-мәдени және кәсіби топтарының мүдделерін танытатын саяси партиялар; мемлекеттік биліктің заңнамалық (өкілеттік) сайлауларында осы немесе өзге партия сайлауларының сайланушылары атқарушы биліктің саяси бағыттылығын негіздемелі бақылайды, сондай-ақ олардың сенімін ақтамаған партияларға сенім білдіруден бас тартады;

– ол арқылы еңбек ұжымдары өз мүдделерін таныта алатын кәсіби одақтар;

– мемлекеттік органдарда қоғамның мүдделерін қорғау және таныту үшін құрылатын қоғамдық ұйымдар мен коммерциялық емес сипаттағы бірлестіктер;

– мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарының қызметін қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық кеңестер;

– сайлауды өткізу барысын бақылауды және қолданыстағы сайлау заңнамасын сақтауды жүзеге асыруға қатысатын бақылаушылар.

Сыбайлас жемқорлықты тиімді болдырмауды қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғам институттарын (үкіметтік емес ұйымдарды – ҮЕҰ) дамыту және сол арқылы олардың мемлекеттік органдарға әсер етуін күшейту қажет. Қоғамдық ұйымдар мемлекеттік органдардың қызметін анағұрлым ашық, айқын ететін заңдарға өзгеріс енгізе алар еді, мемлекеттік басқарудың

көптеген процестерінде қоғамдық, оның ішінде заң шығару процесіне, бюджеттік және сайлау процестеріне қатысуды болжай алар еді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау үшін шешімді мәселелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға және азаматтық құралымдарды дамытуға, осы процеске ҮЕҰ және барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар өкілдерін тартуға ие болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы. 2003 жылғы 31 қазан.
2. Плотников А. А. Общественный контроль и его потенциал в противодействии коррупции // Государство и право. – 2013. – № 2.
3. Кулешова Н. Н. О современном состоянии общественного контроля // Юридическая наука. – 2011. – № 2

УДК 343

**Сейданов Айбек Багдадович**  
магистр юридических наук  
Alikhan Bokeikhan University

## **ПРОФИЛАКТИКА И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ КОРРУПЦИОННЫХ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ**

Аннотация. В статье отмечается, что для осуществления правильной и эффективной криминалистической профилактики коррупционных уголовных правонарушений в процессе досудебного производства необходима правильная криминалистическая характеристика данного вида уголовного правонарушения. Автор выделяет цели досудебного расследования, которые ставят перед органами следствия задачи по раскрытию уголовного правонарушения, изобличению лиц его совершивших, установлению вины или невинности лица, т.е. установление объективной истины, которое возможно путем сбора, анализа и оценки следовой информации и правильной криминалистической характеристики.

**Ключевые слова:** коррупция, взяточничество, лоббизм, фаворитизм, протекционизм, служебные хищения, объективная истина.

## **PREVENTION AND PREVENTION OF CORRUPTION CRIMINAL OFFENSES**

**Annotation.** The article notes that in order to carry out the correct and effective criminalistic prevention of corruption criminal offenses in the process of pre-trial proceedings, the correct criminalistic characteristic of this type of criminal offense is necessary. The author identifies the goals of pre-trial investigation, which set the investigative authorities the task of uncovering a criminal offense, exposing the perpetrators, establishing the guilt or innocence of a person, i.e. establishing objective truth, which is possible by collecting, analyzing and evaluating trace information and correct forensic characteristics.

**Keywords:** corruption, bribery, lobbying, favoritism, protectionism, official embezzlement, objective truth.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУ

**Түйіндеме.** Мақалада сотқа дейінгі іс жүргізу процесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың дұрыс және тиімді криминалистикалық профилактикасын жүзеге асыру үшін қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түрінің дұрыс криминалистикалық сипаттамасы қажет екендігі атап өтілген. Автор тергеу органдарының алдына қылмыстық құқық бұзушылықты ашу, оны жасаған адамдарды әшкерелеу, адамның кінәсін немесе кінәсіздігін анықтау, яғни іздік ақпаратты жинау, талдау және бағалау және дұрыс сот-медициналық сипаттама арқылы мүмкін болатын объективті шындықты анықтау міндеттерін қоятын сотқа дейінгі тергеудің мақсаттарын бөліп көрсетеді.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлық, парақорлық, лоббизм, жағымпаздық, протекционизм, қызметтік жымқыру, объективті шындық.

Коррупционные уголовные правонарушения, включенные в главу 15 УК Республики Казахстан, отнесены к наиболее общественно опасным уголовным правонарушениям. Эти уголовные правонарушения подрывают авторитет власти, наносят ущерб экономике страны, подрывают демократические ценности и моральные устои.

В этой связи одним из важнейших направлений деятельности правоохранительных органов выступает принятие решительных мер к усилению борьбы с коррупцией, своевременному выявлению и пресечению корыстных злоупотреблений служебными полномочиями государственными служащими, повышению уровня организации и осуществления надзора за исполнением законодательства в системе государственной, воинской службы, повышению эффективности деятельности следственных аппаратов по расследованию уголовных дел коррупционной направленности.

Одни авторы понимают под коррупцией социальное явление, которое характеризуется тем, что государственные и иные служащие, используя свои служебные полномочия, личный авторитет и возможности, обогащаются за счет заинтересованных лиц путем подкупа - продажности [1, с. 12-14].

Другие ученые считают, что коррупцию необходимо рассматривать в широком и узком смыслах. В широком смысле данная категория означает злоупотребление публичной властью ради частной выгоды (взятничество, лоббизм, фаворитизм, протекционизм, служебные хищения, иное превышение, бездействие или злоупотребление политической, или экономической властью из корыстной или иной личной заинтересованности в публичном или частном секторе).

В узком юридическом смысле коррупцию рассматривают как подкуп, т.е. получение должностным лицом или служащим незаконной имущественной или неимущественной выгоды в связи с его должностным положением или служебной деятельностью [2, с. 12].

Огромное значение в профилактике и предупреждении коррупционных уголовных правонарушений процесс досудебного расследования коррупционных уголовных правонарушений. Этот вид профилактики обозначен в науке как криминалистическая профилактика.

Весь процесс расследования уголовного дела основывается на научных положениях и практических рекомендациях, которые складываются в понятие методики расследования.

Для осуществления правильной и эффективной криминалистической профилактики коррупционных уголовных правонарушений в процессе досудебного производства необходимо правильно дать криминалистическую характеристику данного вида уголовного правонарушения.

Задачи досудебного расследования ставят перед органами следствия задачи по раскрытию уголовного правонарушения, изобличению лиц его совершивших, установлению вины или невинности лица, что можно объединить таким понятием как установление объективной истины. Установление истины по делу возможно путем сбора, анализа и оценки следовой информации и правильной криминалистической характеристики.

Значение криминалистической характеристики расследования коррупционных уголовных правонарушений состоит в том, что знание всей совокупности ее элементов позволяет построить модели возможных уголовных правонарушений, выстроить гипотезы о наличии неизвестных факторов, тем самым, возможность предопределить всю совокупность подготовки, совершения и сокрытия уголовного правонарушения, а также характеристику личности виновного.

По поводу содержания криминалистической характеристики коррупционного уголовного правонарушения в научном криминалистическом сообществе дискуссия не утихает, существуют различные точки зрения на этот счет.

Мы согласимся с мнением о том, что криминалистическая характеристика представляет собой «взаимосвязанную совокупность индивидуальных особенностей определенной категории уголовных правонарушений, характеризующих обстановку, способ и механизм совершения и сокрытия уголовные правонарушения, личность преступника и потерпевшего, которые имеют значение для выявления, расследования и раскрытия уголовных правонарушений» [3, с. 74].

С учетом мнений ученых, в структуре криминалистической характеристики коррупционных уголовных правонарушений, можно выделить следующие обязательные элементы:

1. Способ совершения и сокрытия уголовные правонарушения;

2. Личность субъекта;
3. Цель и мотив совершения коррупционного уголовного правонарушения;

Способ совершения уголовные правонарушения является «задающим» звеном в криминалистической характеристике коррупционных уголовных правонарушений. Выявление способа позволяет раскрыть содержание совершенных действия и бездействия, выстроить последовательность их совершения, избрать средства, методы и алгоритмы досудебного расследования по коррупционному уголовному правонарушению.

Способы этого вида уголовных правонарушений состоят из выполнения действий, которые направлены на достижение преступной цели, и дальнейшее сокрытие следовой информации. Он может состоять из двух последовательных этапов: 1) совершение незаконного должностного или служебного действия; 2) получение незаконной личной материальной выгоды или для близких либо удовлетворение других личных интересов.

Должностные и служебные действия субъект выполняет как с нарушением правил, установленных нормами права, так и без такового. Чаще всего это связано с предоставлением заинтересованным лицам документов, их составлением, визированием, утверждением, регистрацией, отражающих интересы участников коррупционного уголовного правонарушения.

В целях сокрытия следов преступной деятельности противоправный характер, выполняемых действий, «маскируется». В таком случае используются пробелы в законодательстве, принимаются решения о внесении в них изменений, чтобы создать благоприятные возможности для коррупционных деяний. Противоправным действиям придается законный вид путем ссылок на неприменимые в данном случае нормы, проводятся формальные обсуждения, составляются фальсифицированные документы, содержащие фактические основания для совершения незаконных действий.

Личность субъекта коррупционных уголовных правонарушений обладают специальными признаками, как правило, это лица, занимающие определенное должностное либо служебное положение. По уровню служебного положения возможно выделить группы: руководители и рядовые сотрудники.

Субъекты коррупционных уголовных правонарушений в значительной своей части обладают хорошо развитыми коммуникативными качествами. Их можно охарактеризовать наблюдательными, знающими психологию. Эти свойства используются для вовлечения в коррупционную схему соучастников.

Должностное и служебное положение субъекта коррупционного

уголовного правонарушения обуславливает наличие высокого образовательного уровня. Но при наличии высшего специального образования чаще всего совмещается с присутствием существенных пробелов в нравственном воспитании, отсутствие моральных принципов, которые формируют мотивы и цели достижения материального обогащения и других преступных целей.

Относительный возраст названной категории лиц находится в пределах от 25 до 55 лет.

Субъект коррупционного уголовного правонарушения являясь членом общества является отличным «актером», который демонстрирует правильной и здоровый образ жизни, законопослушное поведение, соблюдение жизненных принципов, у них хорошие отношения в семье, их положительно характеризуют по месту работы и службы, имеют достаточный или высокий материальный уровень.

В личности преступников преобладают элементы корысти, снобизма, мещанства, беспринципности, неразборчивости в способах получения материальной наживы, низкой социальной ответственности и правового нигилизма.

Доказывание и выделение целей и мотивов совершения коррупционных уголовных правонарушений используются для эффективного поиска преступника и анализа объективной стороны. Коррупционные уголовные правонарушения совершаются с прямым умыслом из корыстной или иной личной заинтересованности.

Мотив корыстной заинтересованности предполагает желание незаконно получить материальные блага, имущественную выгоду или преимущества.

Иная личная заинтересованность может выражаться в стремлении извлечь выгоду неимущественного характера в виде карьерного роста, протекционизма, мести, зависти, демонстрации силы и власти, желания искажения действительного положения вещей, возвращения долга, сокрытия своей профессиональной некомпетентности.

Криминалистическая характеристика уголовных правонарушений коррупционной направленности, как абстрактная категория позволяет систематизировать криминалистически значимые сведения о типичных, закономерно связанных между собой элементах, является инструментом для достижения целей досудебного расследования по уголовным делам. Она позволяет эффективно реализовать криминалистическую профилактику коррупционных уголовных правонарушений в процессе досудебного расследования. Следует отдать должное феномену криминалистической

характеристики, несмотря на то, что на стыке веков ученые высказывали разочарование в ее неэффективности.

#### **Список использованных источников:**

1. Абрамовская О.Р. Противодействие коррупционной преступности в органах государственной власти и местного самоуправления (криминологический аспект): Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Челябинск. 2011. С. 12 - 14.
2. Марьина Е.В. Коррупционные уголовные правонарушения: отраслевое и межотраслевое согласование норм: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Самара. 2010. С. 12.
3. Каневский Л.Л. Криминалистические проблемы расследования и профилактики уголовных правонарушений несовершеннолетних. Красноярск. 1991. 357 с.

УДК 342

**Әубәкірова Жадыра Маратқызы,**  
магистр,  
**Байгундинов Елдос Нағымбаевич,**  
PhD докторы,  
Alikhan Bokeikhan University

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

**Түйіндеме.** Мақалада сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екені туралы атап көрсетілген. Сондықтан заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек екендігі туралы айтылады. Бұл жолында елімізде соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударылған. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар көрсетілген. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілгендігі, басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылғандығы туралы айтылған.

**Тірек сөздер:** сыбайлас жемқорлық, заң үстемдігі, құқықтық мемлекет, сот, қылмыстық процес, шаралар.

#### **WAYS TO IMPROVE THE FIGHT AGAINST CORRUPTION**

**Annotation.** The article emphasizes that the uncompromising fight against corruption is one of the main priorities of state policy. Therefore, they say that in order to establish the rule of law and create a real rule of law state, it is necessary, first of all, to mow down the roots of corruption with an axe. On this path, attention was drawn to the fact that a number of important steps have been taken in the country in recent years. Specific measures for the high-quality functioning of the courts are indicated. It is noted that a three-syllable model of the criminal process has been introduced, a number of other institutional measures have been implemented.

**Keywords:** corruption, rule of law, rule of law, court, criminal procedure, measures.

#### **ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ**

**Аннотация.** В статье подчеркивается, что бескомпромиссная борьба с коррупцией является одним из основных приоритетов государственной политики. Поэтому говорят о том, что для того, чтобы установить верховенство закона и создать настоящее правовое

государство, нужно, прежде всего, топором косить корни коррупции. На этом пути обращено внимание, что в последние годы в стране сделан ряд важных шагов. Указаны конкретные меры для качественного функционирования судов. Отмечается, что внедрена трехсложная модель уголовного процесса, осуществлен ряд других институциональных мер.

**Ключевые слова:** коррупция, верховенство закона, правовое государство, суд, уголовный процесс, меры.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылды. [1]

– Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде. Мысалы:

– Субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің анықталғанын атап өтуге болады. Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін екі триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батуда.

– отандық өнім өндірушілер теміржол саласын жемқорлық жайлағанын айтып, үнемі шағымданады.

Бұл ненің дәлелі, демек сыбайлас жемқорлық- қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін 892 адам сотталды (2020 жылы – 1021), олардың ішінде: ішкі істер органдарының –



207 (254), әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің – 150 (211),оның ішінде әкімдер – 5 (19),қаржы министрлігінің – 34 (67), ауыл шаруашылығы министрлігінің – 19 (18),денсаулық сақтау министрлігінің – 16 (5), ұлттық қауіпсіздік органдарының – 10 (5),экономикалық тергеу қызметінің – 4 (7), прокуратураның – 3 (6) қызметшілері, судьялар– 3 (5)бар.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау жөніндегі реформалардың арқасында, ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған сыбайлас жемқорлық қылмыстық істердің үлесі 2021 жылы 30%-ға (1576-дан 1096-ға дейін) төмендеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көп деңгейлі жүйелі сыбайлас жемқорлықты, заңдастырылған қылмыстық схемаларды және ірі жымқыруды анықтау және жолын кесу үшін терең әзірлемелер жүргізуге бағытталған.

Бизнеске заңсыз араласудың 91 жағдайының және көлеңкелі экономика субъектілеріне қамқоршылықтың 66 фактісінің жолы кесілді. Жүйелі сыбайлас жемқорлықтың 82 фактісі анықталды. 3 ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі әшкереленді (2021 жылы – 0).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде нақты нысаналы көрсеткіштер Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген.

Сондай-ақ, нормаларда кең дискрециялық өкілеттіктердің факторлары, мемлекеттік қызметшілердің функциялары мен жауапкершілігінің дұрыс анықталмауы, бұзушылықтар үшін нақты жауапкершіліктің болмауы және лауазымды тұлғалардың міндеттемелерінің орнына құқықты белгілеу жиі кездеседі.

Құқықтық актілердің жобаларында азаматтардың құқықтарын іске асыру кезінде жасанды кедергілер қойылады (әкімшілік рәсімдердің болмауы немесе тиісінше реттелмеуі, азаматтардың құқықтарын негізсіз шектеу, жоғары талаптар, артық әкімшілік кедергілер, екі мағыналы тұжырымдамалар, конкурстық рәсімдердің болмауы немесе тиісінше реттелмеуі).

Мемлекеттік органдардың транспаренттілігіне байланысты тәуекелдер анықталады (айқындықтың жеткіліксіздігі, жалған мақсаттар мен басымдықтарды көрсету, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу, бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне шағым

жасаудың әлсіз тетіктері).

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегиялық мақсаттар 2025 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексіне 45 баллға, 2030 жылға қарай 55 баллға қол жеткізу болып айқындалды.

Мемлекеттік органдардың қызметіндегі жобалық басқарудың құқықтық мәртебесі бекітілді. Арнайы құрылған Ұлттық жобалау кеңсесі «Easy project» жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде елдің стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізудің күн сайынғы мониторингін қамтамасыз етеді.

Осы ресурста жобалардың саны, сәйкестендірілген тәуекелдер, мемлекеттік органдар бөлінісінде бар ауытқулар, міндеттер мен нысаналы көрсеткіштер туралы ақпарат жүйелендірілген.

Ел дамуының стратегиялық бағыттарын реформалау бойынша нақты шараларды көздейтін бірқатар тұжырымдамалар мен ұлттық жобалар бекітілді.

Шешу шолдары негізінде жемқорлыққа үреймен қарайтындай әсер қалдыратын тәрбиелік, құқықтық шаралар қолға алыну қажет. Жемқорлықпен күресу тек ересек адамдардың арасында емес, сонымен қатар балабақшадағы бала тәрбиесінен бастау алуы керек.

- Шенуніктердің санын азайтып, олардың жалақысын көтеру.

- Құқық бұзулық оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс әрекеттер негізінде атқарылатын іс-шаралар бүкіл құқық қорғау жүйесін цифрландыруды қамту және істерді жүргізудің электрондық форматына көшу жүйесін толық жетілдіру.

- Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің қызметін нығайту.(ұлттық жария лауазымды тұлғалар)

- жұртшылықты көзделген реформаларды пысықтауға және мониторингтеуге барынша тарта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын сапалы іске асыруды қамтамасыз ету;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жүйелеу мақсатында, Парасаттылық мәдениетін ілгерілету жөніндегі Кешенді және Ведомствоаралық жоспарлар (ақпарат және қоғамдық даму, білім және ғылым, мәдениет және спорт министрліктерімен бірлесіп) бекітілді.

Осы құжаттарды орындау үшін білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы 3 мыңға жуық іс-шара іске асырылды.

[2, б.238]

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тапсырмасы бойынша әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын

бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады. Түпкі мақсат – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. [4].

Біз де құнды пікірді қолдай отырып, «...күресуге көзделген заңнамаларды жетілдіру мәселелерін» [3, 164] толық қолдайтынымызды айтқымыз келеді.

**Қорытындылайтын болсақ** - Қабылданып жатқан алдын алу шараларына қарамастан, азаматтардың, бизнес және мемлекеттің арасындағы қатынастарда сыбайлас жемқорлық аясы сақталуда, сондықтан сыбайлас жемқорлықты жою бойынша батыл реформалар талап етіледі. Қазақстан Республикасының Президенті сайлауалды бағдарламадан бастап, көптеген сөз сөйлеулер мен құжаттарда осыған ерекше назар аударады. Қазақстанның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге айтарлықтай үлес қосты, бірақ қоғамның сұраныстары мен жаңа сын-қатерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қайта жандандыруды талап етеді.

Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022-2026 жылдарға арналған жаңа стратегиялық құжат әзірленді. Онда негізі қаланған реформалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн тәртібінің орта мерзімді перспективадағы басты бағдары болып табылады. Transparency International сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексында (2022 жылы 25 қаңтарда жарияланған) Қазақстанның позициясының төмендеуі бұл көрсеткіш сыбайлас жемқорлыққа қарсы «классикалық» шаралардың ғана емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың да бағасын көрсететінін көрсетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚРЗ (қолданыстағы редакциясында) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
2. Алауханов Е.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес: теория және практика: Оқулық. — Алматы: Заң әдебиеті, 2009. — 238 б. .
3. Орсаяева Р.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес негіздері: Оқу құралы. — Өскемен, 2017. — 170 б.
4. <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-sybaylas-zhemkorlykka-karsy-is-kimyl-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-112014>

**Доскеева Шайза Асановна,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Alikhan Bokeikhan University  
(Семей, Қазақстан)

## **Ә. НҮРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйіндеме.** Мақалада Ә.Нұршайықовтың шығармаларындағы образдардың адами болмыс-бітімі, мінез-құлық, жеке қасиеттері, оның шығармашылық ізденіс биігіне жетудегі әдеби-шығармашылық өсу жолы жан-жақты сипатталады. Автордың кейіпкерлер өмірінің келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай тұстарын көркем тілмен өрнектеп жеткізе білудегі шеберлігі баяндалады.

**Тірек сөздер:** адалдық, адамгершілік, ұлттық құндылық, адамдық болмыс, ұлттық нақыш, үлгі-өсиет, нақыл

### **FORMATION OF SPIRITUAL AND MORAL VALUES THROUGH THE WORKS OF A. NURSHAIKHOV**

**Annotation.** The article describes in detail the human nature, behavior, personal qualities of images in the works of A. Nurshaykov, his literary and creative path of growth to the top of creative search. The author's skill in expressing aspects of the characters' lives, which can serve as an example for future generations in artistic language, is described.

**Keywords:** honesty, morality, national value, human nature, national image, sample-testament, proverb.

### **ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ А. НУРШАИХОВА**

**Аннотация.** В статье подробно описывается человеческая природа, поведение, личностные качества образов в произведениях А. Нуршайкова, его литературно-творческий путь роста к вершине творческого поиска. Описывается мастерство автора в выражении аспектов жизни персонажей, которые могут служить примером для будущих поколений художественным языком.

**Ключевые слова:** честность, нравственность, национальная ценность, человеческая природа, национальный образ, образец-завещание, пословица.

Қоғамдағы моральдық ахуалды қалыптастыруда әдебиеттің маңызы қандай зор болса, әдеби туындының лайықты бағасын ала білуінде қоғамдық ортаның да ықпалы ерекше. Әдебиеттің алтын діңгегі ретінде ықылым заманнан күн тәртібінен бір елі түспей, қайта заман жаңғырған сайын жаңаша қарқын алып, жаңаша көркемдік тәсілдермен шешімін тауып келе жатқан моральдық-этикалық категория әдебиеттану ғылымында өзекті тақырып болып келеді. Адам тағдыры арқылы жүректегі сезімді, адами қасиетті, бағзы заманнан бізге жеткен ұлы құндылықтарды, рухани шарықтауды, гуманизмді одан сайын мөлдіретіп, суреткерлік шеберлікпен жеткізе білу – жаңашыл жазушының қолынан келер ұлы іс.

Ә. Нұршайықов шығармашылығында адалдық пен адамгершілік, эстетикалық-моральдық мәселелер шынайылықпен бейнеленеді. Бұл жайттар өмірдің сан түрлі құбылыстарымен, тұрмыс-тіршіліктің күйбең тірлігімен қабысып, астасып жатыр. Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы кейіпкерлердің дені кеңестік дәуірдің табиғатынан нәр алған жиынтық бейнелер. Ербол мен Меңтай – замана тудырған махаббаттың символы болса, Бауыржан – Ұлы Отан соғысының батыры ретінде көрінген халықтың қалаулы азаматы, ержүрек алыбы ретінде көрініс береді.

Мәселен, «Махаббат жыры», «Ғажап адам» әңгімелерінде адамдық болмыс, жан сұлулығы мен сезім сырлары заман бейнесімен тұтастықта берілсе (Ғайни, Әділжан, Асылгүл), «Ботагөз» әңгімесінде паң да маңғаз бойжеткеннің ақыр аяғында шоқ басуын бейнелеу арқылы жеңілтектіктің ащы зардабынан оқырманды сақтануға шақырады.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы басты кейіпкер, көркем бейне – Ербол Есенов атты жас журналист. Қаншама адам тағдырын зерттеп, оның ішкі әлеміне терең бойлаған жанның есімін жазушының көп шығармасынан кездестіреміз. Ол бірде – баяндаушы тұлға («Махаббат, қызық мол жылдар»), бірде тыңдаушы әрі бақылаушы («Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Ескі дәптер»). Барлық жерде де ол – автордың көкейіндегі көзқарасын, жүрегіндегі лүпілін жеткізуші, оның айт дегенін оқырманға паш етуші дәнекер бейне. Демек, тасасында жазушының өзі тұрған Ербол образы – жазушының идеялық пафосы мен тақырыптық желісін, стильдік ерекшелігін танытатын басты қаһарман.

Жазушы шығарманы жазбас бұрын алдына ұлы мақсат қояды. Алдымен халықтық таным, ұлттық нақыш, болмыс, рухани мұра, дәстүр өнегелері секілді ұлттық құндылықтарға, заман адамы формасына, қоғамдық-саяси факторға сәйкес сапалық белгілерге айрықша мән береді. Туындыларында ұлттық дәстүрді бойына сіңірген ұрпақтың жастық шағына үлкен мән беріп, адами ізгі қасиеттер, барлық өмірлік жағдаяттар, терең философиялық сезімді өзек етеді. Өйткені адамның ең көркем де қымбатты, албырт та бақытты шағы – жастық кезең. Сондықтан батырлық, ерлік, елдік, батылдық, отты сезім – бәрі жастықтың берер тәтті ләззаты екенін түсіндіргісі келді. Сол мақсатты көркемдік мәнде өрнектеді. Содан да болар оның өмір оқиғалары мен тағдырлар шындығы арқылы сенімді суреттелген туындылары қалың көпшіліктің қызығушылығына бөленді. Жазушының «Махаббат, қызық мол жылдар» романы ұлттық құндылық, имани қасиет, халықтық болмысқа негізделген жастықтың махаббат символына айналды.

Ә.Нұршайықов шығармашылығының биік белесі, кең құлашты пафосы – ұлттық ұлылық пен гуманистік идеяны дәріптеу. Ал эстетикалық мұраты –

тән сұлулығынан гөрі, жан сұлулығының тазалығы, сезім мөлдірлігі, нәзік лиризмнің жалынды үні, ұлы ерліктің оттылығы екендігіне жазушы шығармаларын оқыған кезде көзіміз анық жетеді.

Жоғарыда айтқан бағыт-бағдар, ағым-сипаттарды Ә.Нұршайықовтың жастар конференциясын арқау еткен – «Талқы», ауыл өмірі мен ауыл адамдары, еңбекшілерге арналған – «Комбайыншы», аудан тағдырына арналған – «Алыстағы ауданда», ерлік пен батырлық тақырыбына жазылып, Б.Момышұлының ерлігін суреттейтін «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, М.Ғабдуллинмен бірлесе сыр шертіп, қоғам қайраткерлері мен ел елеулілерін тілге тиек ететін «Тоғыз толғау» роман-монологы, М.Мәметованың ерлігін сипаттайтын «Майдан жазбалары», махаббат жырының символы – «Махаббат, қызық мол жылдар», «Махаббат жыры», «Ботагөз», «Әсем», «Ескі дәптер», «Мәңгілік махаббат жыры», ұлы ұстазы М.Иманжановтың ғұмырнамалық келбетіне арналған «Қаламгер және оның достары» естелігі және әдеби-публицистикалық очерктер мен портреттер, естеліктер мен хаттарынан анық көруге болады.

Ә.Нұршайықовтың шығармашылығында жанды бейне мен портреттер мол. Ол қандай кейіпкердің болсын нағыз бейнесін жасап, көркем образын сомдаған. Жазушы туындыларында оқиғалар желісі шым-шытырық, қым-қиғаш, тартыс үстінде болмағанмен, замана көрінісі, замандас келбеті, осыларға сәйкес айтылатын ішкі қуат пен қайнар күш, эстетикалық талғам мен моральдық принциптер, яки бір сөзбен айтқанда, рухани қасиеттер мен құндылықтар бай, көл-көсір берілген. Бұдан шығатын қорытынды, жазушы шығармашылығының мақсаты – жан сұлулығын ту етіп ұстап, адамның «көзін қойып, көңілін ашу», асқақ сүйіспеншілікті жырға қосу.

Ә.Нұршайықов өз шығармалары арқылы оқырмандарына жалынды жастықтың қадірін, оның бағасын танытады. Сөйтіп жастықтың жалыны мен адами қасиеттерді, рухани қазынаны оқырманның жан тереңіне бойлатып, әдемілікке құштар еткізіп, шынайы сүйіспеншілікті насихаттайды.

Ә.Нұршайықов шығармашылығы – ұлы сезім мен лиризмге, гуманизм мен ұлы эстетикалық ойға құрылған көркем туындылар. Оның шығармашылығындағы мәңгілік жастықтың сөнбес символындай болған, махаббат пен сүйіспеншіліктің асқарлы шырақшысы бола білген шығармасы – «Махаббат, қызық мол жылдар» романы. Онда асқақ та асыл сезім, қоғам мен замана сазы, жастықтың жарқын бейнесі, адамгершіліктің ордалы айбыны, небір арулардың сыры мен сымбаты, қоғамдық топтың тартысы, толғанған көңілдің лүпілі жатыр. Ә.Нұршайықов өз шығармаларында кейіпкерлердің мұң-қайғысын, жүрек жарасын, жүректе лаулаған махаббаттың шоғын ұтымты детальдармен береді. Мәселен, жазушы Ербол

образын сомдай отырып, махаббат төңірегіне жинақталған оқиғалардың небір сүйіспеншілік сезімдерін оқшаулата көрсетеді. Осы идея арқауында жас қауымды ізгілікке тәрбиелегісі келді. Жазушы ол мақсатына толық жетті де. Өйткені замана келбетінің жарқын бейнелерін дөп басып, олардың сәулелі тұсын орынды, байыпты жерін ұрпаққа ұлағаттады. Шығарманың негізгі сюжеттік арқауы – Ербол мен Меңтайдың арасындағы махаббат сезіміне құрылған. Бұл оқиғалар арқылы жазушы екі жастың сырлы, салиқалы сазына құрылған әлемнің арқауына қазақы болмыс пен қазақы дүниетанымды, ұлттық ибалылық пен халықтық бітімді даралап, жинақтады. Жазушы осы негізде бірнеше типтік бейненің галереясын жасады. Мәселен, жылпос, қу Жомартбек, ақылы мен пайымы сараңдау, ойы сұйықтау Зайгүл мен Қанипа, салиқалы да сырбаз, өр мінезді Майра, уәдеге әлсіз Сәлима, қараңғылау Бүркітбай секілді жиынтық образдар сол заманның айқын көрсеткіштері. Кейіпкердің жан дүниесі – жазушы көңілімен, оның сезімімен санасатын ұлы категория. Замана көшіне ілігіп, өмірдің өзі шыңдаған Ерболдың ішкі әлемі – шығарманың өн бойында табиғи талғаммен, эмоциялық көріністермен ашылған. Оның алғашында ұяң, тұйық, момын, жуас ауыл баласының кейпі танылса, біртіндеп, өмірдің қазанында қайнап, ер жеткен соң ашық, батыл, шешен де білгір азамат болып қалыптасқанын көреміз. Оның ішкі «мені» - махаббат пен өмірдің «жанайқайы» еді. Ерболды осындай ұлы адамгершілік жолға түсірткен де махаббат айдыны болды.

Ал эмоциялық жаңалығы мен эстетикалық ой-талабы биік дәрежеде жасалған Меңтай образы – қандай адам болмасын, үлгі тұтатын сұлу бейне. Оның бейнесі, ішкі әлемінің рухани риясыз көңілі, дүниетаным мен жүріс-тұрыс, мінез келістілігі нағыз қазақы жан-дүниенің көркемөнердегі көрінісі. Осы ретте М.Әлімбаевтің мына пікірін келтіре кетсек: «Меңтай – ақылды, ұстамды, білімдар, жан сұлулығы жарқырап көрінген қазақи мінез бен жаңа дәуір қызы психологиясының қосындысы – синтезі» [1,120-б].

Ә.Нұршайықовтың кейіпкердің жан-дүниесін берудегі ең ұлы пафосы – гуманистік идеяны шығармаларында биік қоя білуінде. Өйткені ол жазушының эстетикалық мұратын да айқын танытады. Сөйтіп, шығармадағы жан-дүние әсемдігі, сезім тазалығы, адамгершілікпен жалғасып махаббат символына айналған.

Адам жанының аса күрделі табиғаты мен болмысын танытудағы қаламгердің іргелі туындысының бірі – «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы. Шығармада жазушы гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының образын жасау арқылы біртуар батырдың қаһармандығын, адамгершілік әлемін, ұлтжандылық қасиетін, жалпы ұлылық әлемін жұртшылыққа жария етеді. Б.Момышұлы – отаншылығымен де, ұлтжандылығымен де, патриоттығымен

де тарихта өзіндік орны бар өз заманының лайықты тұлғасы. Ел арасында аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы турасында ірі еңбек жазу – сол кездің өзінде оңай тақырып болмағаны белгілі. Бірақ осындай күрделі тақырыпты жырлау сол заманда Әзілхан Нұршайықовтың талайына жазылған бақ. Шығарма батыр-жазушының көзі тірісінде жазылды. Сондықтан жазушы алдындағы басты міндет – батырдың қаһармандық бейнесін шынайы да тарихи тұрғыдан дәл суреттеу болды. Осы мақсатта жазушы өмірлік, заманауи құбылыстарды негізге ала отырып, дәл нақты деректермен шығарманы сұхбат түрінде жазуды ұйғарған. Роман- диалог – батырдың өр тұлғасын, азаматтық болмысын, заманалық келбетін, тұғырлы тұлғасы мен жалпы адамдық қасиеттерін бейнелеуде ұтымды әдіс болды. Өйткені роман-сұхбатты оқу барысында оқушы қауым жазушы келбетін, оның ой-танымын және аңызға айналған батыр тұлғасының әдеби-деректі бейнесін білуге, толыққанды мәлімет алуға мол мүмкіндік алды.

Қаламгердің «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы – нағыз тарихи туынды. Бауыржан Момышұлы турасында жазылған шығармасы - басқа қаламгерлер туындыларымен салыстырғанда таза халықтық нұсқада, қазақы мінезбен сабақтастыра, ұлттық болмысты бетке ұстап, ұлттық нақышпен көркем де шынайы жазылған туынды. Әзілхан Нұршайықов батырдың жан дүниесін бай тілмен суреттеген.

Мұны шығармадан айқын көреміз. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», - деп айтқандай, Бауыржан өз сөзінде барлық халықты бірлікке, ынтымақтастыққа, ұлттар достығына, сонымен қатар осы бірлікті сақтай отырып, Отанды, туған елді, атамекенді қорғауға үндейді: «Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай деп жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын. Мен нацизмнің туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін» [2,31-б], - деген жолдарда Бауыржанның ұлтжандылық қасиеті де баса көрініс береді. Осылайша жазушы батыр бейнесін жан-жақты сомдай отырып, біршама мәселелердің басын ашады. Бауыржан – ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді, халықтық болмыс пен бітімді биікке ту етіп көтерген халық перзенті. Оның «Ұшқан ұя» шығармасы да осы тақырыпқа негізделген. Заманның сыншысы болған батырдың кезінде ұлты үшін тіке де, тура да айтты. «Дауысымның қаттырақ шығып кеткеніне кешірім еткін сен. Ол кезде менің Қазақстанға хат жазып, халық ақындарының айтысын ұйымдастыру



керек, бұл халықтың рухын көтереді дегенім кейбір жеке адамдарға ұнамаған болар. Кейбір ұлттық киімдеріміздің үлгісін сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жандандыра беру жайындағы пікірім жақпаған шығар. Менің мұным көп халықты мемлекетіміздің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне, салт-санасына өзіміздің ұлттық үлесімізді қосайық деген игі тілек еді ғой» [2,31-б], - деуі оның ұлттық рухани құндылықты қастерлей отырып, заманға сай ұлтының мәдени, келешек ұлттық тәрбиенің бесігі етіп ұсыну ниетінен туған пікір.

Б.Момышұлының өз жеке басынан өзгенің бақытын аялайтын, әсіресе қазақ анасына деген мейірім-шафқатының шексіз екендігін танытатын мына бір оқиғаны еске алайық. Б.Момышұлы шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық кеңестен пәтер сұрап, содан бір күні кеңестің қызметкері оған телефон соғып, үйдің ордерін алып кетуін сұрайды. Сөйтіп 5 бөлмелі пәтердің ордерін алып, жаңа үйіне келсе, есік алдында орыстың қартаң әйелі тұрған болуы керек, Бауыржан батыр оның қасына жақындап, неліктен мұңайып, жылап тұрғанын сұрайды. Сонда әлгі орыстың кемпірі үйдің кезегіне өзінің уақыты келгенін, баласының соғыста өліп, жалғыз қалып, бірақ уақыт өте келе, оның үш бөлмелі пәтерін екі бөлмелі пәтермен біріктіріп, бір полковникке береміз деп, уәделерінен тайып кеткендігін айтады. Оны естіген Б.Момышұлы машинаға отырып, дереу әлгі қызметкерге келіп: «Мен маған біреуге берілген пәтерлерді бер деген жоқпын. Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз! ...Маған мұндай қамқорлықтың керегі жоқ. Жиырма минуттан кейін маған телефон соғып, бұл пәтердің бұрынғы иелеріне берілгендігін хабарлаңыз. Понятно вам?! ...Ол солдаттың анасы ғой! Солдаттың анасы деген сөздің мағынасын түсінесіз бе? Солдаттың анасы – Россияның анасы! Енді ұғынықты ма сізге?» [2,33-б], - деп, өзіне тиіс емес нәрсені алудан бас тартып, тиіс болған жағдайдың өзінде ананың құрметіне лайық игілікті істен артық ештеңе жоқтығын айтады. Осылайша Бауыржан елі үшін майданда ғана емес, бейбіт өмірде де асқан ерлік көрсетіп, әйел-анаға ілтипат көрсетті. Өйткені ол солдаттың тағдырын, солдаттың күнін анық білетін және соған сәйкес ана көңілін, әйел көңілін жете түсінетін адал жан екендігін түйсінеміз.

Қаһарман жанының көп иірімдерін, нәзік тебіреністерін, мінез-құлқының өміршеңдігін көрсетуге деректі материалдарды молынан пайдалануы, әрі көркемдік құралдардың да бар мүмкіндіктерін кеңінен қолдануы шығарманың шыншылдық қуатын, көркемдік дәрежесін биікке көтерген. Сондықтан да, Ә.Нұршайықов қаһарман-батырдың бейнесін сомдай отырып, келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай толыққанды кесек

тұлғалы көркем бейне жасап шығарды.

Қаламгер өз шығармаларында тек заман, қоғам шындығын жырлап қана қоймай, өзіндік үлгі-өсиетін, нақылдарын өзіндік нақышпен қалдыра білген.

Өсиет сөз – қолына қалам алған әр жанның жанынан шығар көркем құбылыс. Нақыл сөз - көп жасаған адамның көкейінен емес, көпті көрген, өмірден түйгені мол жанның ыстық жүрегінен туындайтын асыл қазына.

«Жақсы адам – магнит. Магниттің бірнеше темір шегені өзіне тартып ала алатыны сияқты, жақсы адамның да жанына жұрт көп үйіріледі. Өзін жақсы болсаң – айналанда досың көп; жаман болсаң – жалғыз жүресің; орташа болсаң – сенде бір жақсының жанын жағалайсың. Ешқашанда ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады. Кемшіліксіз кісі болмайды, оны көруден оңайы жоқ. Кісі кемшілігін тез көруге емес, тез түзеуге көмектес...», [3] - деген жазушының әсіресе студенттермен, жастармен болған кездесулеріндегі өсиетнамалары заман, қоғам мәселелерімен қатар, адамгершілік, адамдық, руханилық секілді асыл қасиеттерді қамтиды.

Қаламгердің «Арақ ішпендер айналайындар! Арақ – азаматтың жауы; халықтың, қоғамның дұшпаны. Арақ алдымен талантты құртады. Содан соң өзгелерге ауыз салады. Талантсыздарды да жалмап жұта береді. ...Ең қызығы ішпендер, қарақтарым. Адам арақ ішпегеннен өлмейді, араны ашылып арақ ішкеннен өледі. Жігіттер, қастарыңда отырған қыздарды құрметтендер, мәпелендер. Алақандарыңа салып, әлпештендер. Қыздың жанын қинамандар! Қыз – болашақтың анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Ананды ардақтап, әжеңді құрметтесең – қызды сыйла, қарағым» [4,112-113-б], - деген жолдарды қамтыған өз өсиетінде ер жігіттің алдында тұрған мақсат-міндеттерді, орындауға тиіс парыз-жүктемелерді айта келе, адамның әділ ұстазы бола білген өмірден түйгенін насихат түрінде жеткізе білді. Таланттықты құртатын азғын дүние – арақтың кесапаты мен қасіреті жөнінде әсерлі пікір білдіріп, жас жігіттерді жақсылыққа бастап, жамандықтан қашу жолын ұсынады. Тек ұсынып қана қоймай, оның арты неге апарып соғарын дәлелдеп бағады.

Ал қыздарға өсиетінде ең алдымен еңбекшілдікті дәріптейді: «Қыздар! Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десеңдер, еңбекшіл болындар! Егер ата-енеге қымбатты келін боламын десеңдер, еңбекшіл болындар! Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десеңдер, еңбекшіл болындар! Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау коммунистік қоғамымызға адал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болындар! Егер ертең, егде тартқанда, келісті ана, кемеңгер әже боламын

десеңдер, еңбекшіл болыңдар! ...Еңбекшіл адам – ең ардақты адам. Дүниедегі ең сұлу әйел – еңбекшіл әйел [4,114-б]. Еңбек – адамды көкке жетелер, абыройыңды асқақтатып, мақсат-мұратты еш қиындықсыз бағындыра алатын ерен құбылыс.

Сол себепті қаламгер қазақ қыздарының жасынан еңбекке жаны құмар болуын қалап, одан кейін мынадай өсиет сөздерін айтады: «Ұйқышыл болмаңдар, ұмытшақ болмаңдар, ұрысқақ болмаңдар! Ианабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіңдер! ...өзгелермен сыйыса, сыйласа білмеген, жанындағы жолдастарымен ортақ тіл таба алмаған адам жарытып қызмет те атқара алмайды. Апиын ішкендей елтіп, сәнге еліктей бермеңдер. ...Сәнмен емес, санамен озған мерей. ...Көрсен қызар болмаңдар! Қол жетпеске тыраштанбаңдар! Орынсыз сәнқойлықтан сақтаныңдар! Сәнқой болғаннан шаруақор болған әлдеқайда артық екенін ойлаңдар. Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар! Ауыз екі шешендік әркімде болады. Әсіресе қыздың аузы сүйреңдеп көп сөйлемегені абзал. Өйткені қыздың күлкісі, жымиуы, бас изеуі көзқарасы, жүріс-тұрысы – барі де сайрап тұрған сөз. Ақ көңіл мен адал ниеттен туған іс әсем болмаса да сүйкімді. Айла мен арамдықтан туған іс, әдемі болса да – жиіркенішті» [4,115-116-б]. Осылайша қаламгер қыздардың қоғамда, өмірде зор беделге ие болу жолында қандай шарттылықтарды жүзеге асыру керек деген сауалды қоя отырып, өзі шешімін тауып, көркем тілмен өрнектейді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, әлеуметтік ортадағы мейірімділік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу, жастардың өмірге оң көзқарастарын қалыптастыруда Ә.Нұршайықов шығармашылығының мәні зор.

### **Библиографиялық тізім:**

1. Әлімбаев М. Қалам қайраты: Эсселер, сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1976.
2. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы: Атамұра, 2004. – 400 б.
3. Нұршайықов Ә. Автопортрет. – Алматы: Жазушы, 1977. – 200 б.
4. Нұршайықов Н. Төрт томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1992. – 432 бет.

**Абдыкаримова Сатима Кабыкеновна,**  
преподаватель русского языка и литературы  
КГКП «Педагогический колледж  
им.М.О.Ауэзова» г.Семей

## **НОВЫЕ СВЕДЕНИЯ О ПУБЛИЦИСТИКЕ АЛИХАНА БУКЕЙХАНОВА**

**Аннотация:** В докладе рассматриваются неизвестные факты об Алихане Букейхан как публициста, который писал и публиковался как на родном казахском, так и на русском языках, о сотрудничестве Букейхана с французской газетой «Фигаро». А.Букейхан публикуется практически в каждом номере омской газеты под названием «Степной пионер», целенаправленно и беспощадно критикует реакционную политику нового премьер-министра П. Столыпина, по инициативе которого в России было установлено военное положение, были внедрены и функционировали военно-полевые суды, возродилась жесткая цензура и прочие атрибуты жандармско-полицейского режима.

**Ключевые слова:** публицистика, Степной край, «Сын степей», Сын Алаша», императорский лесной институт, национально-освободительное движение, французская газета «Фигаро», лидер казахов.

## **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР**

**Түйіндеме.** Баяндамада Әлихан Бөкейхан туралы Бөкейханның Француз "Фигаро"газетімен ынтымақтастығы туралы қазақ және орыс тілдерінде жазған және жариялаған публицист ретінде белгісіз фактілер қарастырылады. А. Бөкейхан Омбы газетінің "Степной пионер" атты әр санында жарияланады, жаңа премьер-министр П.Столыпиннің реакциялық саясатын мақсатты және аяусыз сынады, оның бастамасы бойынша Ресейде әскери жағдай орнатылды, әскери-далалық соттар енгізілді және жұмыс істеді, қатаң цензура және жандарм-полиция режимінің басқа да атрибуттары қайта жанданды.

**Тірек сөздер:** публицистика, Дала өлкесі, «даланың ұлы», «алаштың ұлы», Императорлық орман институты, ұлт-азаттық қозғалыс, француздық "Фигаро" газеті, қазақтардың көшбасшысы.

## **NEW INFORMATION ABOUT THE JOURNALISM OF ALIKHAN BUKEIKHANOV**

**Abstract:** The report examines unknown facts about Alikhan Bukeikhan as a publicist who wrote and published both in his native Kazakh and Russian languages, about Bukeikhan's cooperation with the French newspaper Figaro. A.Bukeikhan is published in almost every issue of the Omsk newspaper called "Steppe Pioneer", purposefully and mercilessly criticizes reactionary politics The new Prime Minister P. Stolypin, on whose initiative martial law was established in Russia, military field courts were introduced and functioned, strict censorship and other attributes of the gendarmerie-police regime were revived.

**Keywords:** journalism, Steppe region, "Son of the steppes", Son of Alash", Imperial Forestry Institute, national liberation movement, French newspaper "Figaro", leader of the Kazakhs.

Алихан Букейханов являлся ярким и талантливым публицистом начала 20-го века, внесшим огромный неопределимый вклад в развитие

казахской периодической печати и публицистики. Он с одинаковым успехом писал и публиковался как на родном казахском, так и на русском языках. Тематика, как и география его публицистики, была чрезвычайно обширна и многогранна.

В его многочисленных материалах поднимались актуальные вопросы казахского общества конца 19-го и начало 20-го веков. Начиная с проблем применения казахского языка, издания газет, журналов и книг на казахском языке, истории и культуры казахов и кончая проблемами внедрения земства в Степном крае и Сибири, а также многими другими проблемами российского общества в целом.

География его публицистики не ограничивалась периодикой регионального уровня, а охватывала популярные и многотиражные издания центра - Санкт-Петербурга и Москвы.

Более того, по одной, еще неподтвержденной версии, живя в Москве в неволе и имея свободу передвижения только до С.-Петербурга (в тот момент Ленинграда) и обратно, А.Букейхан в первой половине 1930-х годов сотрудничал с влиятельной французской газетой «Фигаро» и нередко публиковался на ее страницах. И если учесть его подневольное положение в Москве и ту атмосферу, царившую в период сталинских репрессий по всему Советскому союзу, то нетрудно догадаться, что казахский национальный лидер мог печататься лишь под псевдонимом.

Например, его первая статья на казахском и русском языках, вышедшая на страницах газеты «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» датируется 12-м мая 1889г, а последняя его заметка - рецензия на книгу по психологии Жусипбека Аймауытова была опубликована №10-11 казахского женского журнала «Әйелдер тендігі» (Равноправие женщины) в 1927 г в Ташкенте.

Весьма интересно, что две последние декабрьские заметки автор подписал тогда еще мало кому известными псевдонимами «Сын степей» и «Қыр баласы», которые спустя некоторое время, станут его не менее популярными, чем собственное имя, именами -легендой, которые чуть позже, в устах народа найдут еще большую интерпретацию как «Қыр баласы - Елагасы», «Алаштын улы», что в переводе означает «Сын степей - вожак народа», «Сын Алаша».

Если в ближайшей перспективе версия о сотрудничестве Букейхана с «Фигаро» подтвердится в результате научных поисков, то период его активной творческой деятельности существенно расширится, в чем нет никаких сомнений, а еще одним языком его публицистики станет и французский.

С октября 1927 года А.Букейхан раньше времени был выпровожен на пенсию, но продолжал свои научные исследования, по крайней мере по казахскому языку и литературе.

В своем письме от 27 февраля директор Центрального музея художественной литературы, критики и публицистики В.Д. Бонч-Бруевич, близкий соратник Владимира Ленина, просил Букейхана помочь с организацией фондов музея или передать туда свои воспоминания. Однако каким образом А.Букейхан отозвался на просьбу директора, пока неизвестно, по тому адресу, который был указан на официальном бланке музея - г. Москва, 31. Рождественка, д 5 - этого музея давно нет. Можно предположить, что Центральный музей литературы либо преобразован во что-то другое, либо закрыт, а его фонды переданы в архив или уничтожены.

Но все же, если исходить из письма Бонч-Бруевича, в котором он обратился к адресату, как человеку, (цитирую дословно) «который когда-то близко стоял к газете «Степной край», где было сосредоточено много писателей революционной среды и должны были сотрудничать, и наши социал-демократы той эпохи», то вполне возможно, что Букейхан мог передать фонду ЦМЛ свои воспоминания, документы и свидетельства сотрудничества социал-демократов со «Степным краем».

Свое сотрудничество с периодической печатью А.Букейхан начал еще в годы обучения в Омском техническом училище. Он опубликовал всего 8 статей и заметок.

С 1890 по 1894 гг А.Букейхан студент С-Петербургского императорского лесного института. По еще одной неподтвержденной архивными документами, но не вызывающей сомнения версии. Вместе с дипломом «ученого лесовода 2 разряда» будущий лидер движения «Алаш» экстерном закончил еще и юридический факультет.

Судя по архивным документам, в студенческие годы А.Букейхан активно участвовал в студенческом движении, более того находился в авангарде студенческих волнений, а также горячо и последовательно отстаивал свои политические убеждения в марксистских кружках.

После возвращения в Омск, в 1895 г. Уже дипломированным ученым лесоводом Букейхан активно включался в общественно-политическую жизнь Омска и Степного края в целом. За короткий отрезок времени А.Букейхан стал ведущим сотрудником городской газеты, ее политическим обозревателем, активно публикуется в в других областных и региональных газетах, журналах и научных изданиях.

С 1906-1907годы насыщены историческими событиями как в судьбе казахского народа и колониальной Российской империи в целом, так и в

жизни и деятельности лидера казахского национально-освободительного движения А.Букейхан.

Царский манифест 17 октября 1905 г. подарил передовой российской общественности право на свободу слова, совести, собраний и митингов, а казахскому народу – возможность бороться за более лучшие условия существования на политическом поле. Одним из этих условий явилось то, что казахи получили право избирать из своей среды представителей на первый высший представительный и законодательный орган колониальной империи – Государственную думу. Их было 11 депутатов-казахов, одним из них был А.Букейхан, избранный в Государственную думу от Семипалатинской области. К выборам Во Вторую Думу он просто не был допущен.

Во-вторых, лидер казахов дважды побывал в застенках колониальной администрации Степного края: первый раз с января по 30 апреля 1906 г в Павлодарской, затем в Омской тюрьме без суда и следствия около 4 месяцев.

По судебному вердикту А.Букейханов должен был отбывать наказание 3 месяца, а фактически отсидел все 8. И на этот раз в Семипалатинской тюрьме, куда прибыл добровольно из Омска, подчиняясь решению партии «Народной свободы».

После выхода на свободу он был выслан в Самарскую губернию вплоть до февральской революции 1917 г.

Кстати, находясь в неволе, сидя в семипалатинской тюрьме, А.Букейхан продолжал бороться за права казахов, в частности за их права за земли. Большая часть статей, опубликованная в журнале «Сибирские вопросы», была написана им именно в семипалатинской тюрьме, о чем автор позже оповестил в статье, опубликованной в газете «Қазақ» в 1914 г и перепечатанной в 1915 году в журнале «Айқап».

В-третьих, еще до избрания в Думу лидер казахов предпринимает попытку издать газету на родном языке и уезжает в степь.

После насильственного разгона императором Николаем II в июле 1906 года А.Букейхану удается издать газету, правда на русском языке. Издавая и редактируя сразу 3 газеты А.Букейхан публикуется практически в каждом номере еще одной омской газеты под названием «Степной пионер», целенаправленно и беспощадно критикует реакционную политику нового премьер-министра П. Столыпина, по инициативе которого в России было установлено военное положение, были внедрены и функционировали военно-полевые суды, возродилась жесткая цензура и прочие атрибуты жандармско-полицейского режима.

Стоит особо отметить то, что в своих критических публикациях А.Букейхан впервые применил такой редко используемый жанр публицистики, как «политическая сатира». В «Степном пионере» он опубликовал 11 статей под общим названием «Обыватель критикан». Ряд своих статей или открытых писем А.Букейхан завершал следующей строкой «Прошу перечитать мусульманские газеты». Поиски привели к столичным «В мире мусульманства» и «Мусульманской газете», в которых, начиная с 1911 года, нередко появлялись материалы из Степного края за подписями «Алихан», «Киргиз-Кайсак», «Ал.Кочевник».

### **Библиографический список:**

1. Полное собрание сочинений «Алихан Букейхан», III том, Астана, 2009г, стр 40-56
2. [https://alash.semeylib.kz/?page\\_id=41&lang=ru](https://alash.semeylib.kz/?page_id=41&lang=ru)
3. <https://qazaquni.kz/alash/65605-alikhan-bukeykhan-grani-nacionalnogo>

УДК 394

**Турғалиева Сымбат Аянқызы**  
Әлихан Бөкейхан  
университетінің магистранты

## **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ**

**Түйіндеме.** Жер-су атауларының күнделікті өмірде, халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатындығы, географиялық әдебиет пен карталарда көрініс табатыны олардың жазылуы мен айтылуының бір жүйеге келтірілуі мен стандартталуын қажет етеді.

**Тірек сөздер:** топонимдер, географиялық әдебиет

### **HISTORICAL FOUNDATIONS OF THE FORMATION OF THE TOPONYMIC SYSTEM OF EAST KAZAKHSTAN**

**Annotation.** The fact that geographical names are used in everyday life, international relations, and are reflected in geographical literature and maps requires systematization and standardization of their spelling and pronunciation.

**Keywords:** toponyms, geographical literature

### **ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТОПОНИМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** Тот факт, что географические названия используются в повседневной жизни, международных отношениях, отражаются в географической литературе и картах, требует систематизации и стандартизации их написания и произношения.

**Ключевые слова:** топонимы, географическая литература

Топонимика тілдің қай саласында болмасын, өзіндік орынға ие. Физикалық-географиялық нысандар атаулары көбінесе географиялық



терминдер негізінде қалыптасады. Елді мекендер, кен орындары, өнеркәсіп орталықтары, қатынас жолдарымен байланысты географиялық атаулардың шығу тегі мен мағынасы, халық қоныстануы мен көші-қоны, мемлекет тарихы мен жекелеген этностардың тарихи тағдырлары, аумақтың игерілуі жайлы мол дерек бере алады. Жер-су атауларының күнделікті өмірде, халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатындығы, географиялық әдебиет пен карталарда көрініс табатыны олардың жазылуы мен айтылуының бір жүйеге келтірілуі мен стандартталуын қажет етеді.

Топонимдерді географиялық негізде топтастырудың алғашқы үлгісін жасаған географ В.П. Семенов-Тянь-Шанский болатын. Ғалым өзінің әйгілі "Как отражается географический пейзаж в народных названиях населенных мест?" (1924) атты еңбегінде топонимдердің 1) жалқы есімдер мен лақап аттардан; 2) шіркеу мерекелерінен; 3) тарихи атаулардан; 4) пұтқа табыну дәстүрінен; 5) ежелгі тайпа аттарынан; 6) әртүрлі оқиғалар мен есімдерден; 7) географиялық көріністі құрайтын заттардың атауларынан қалыптасқан топтарын жіктеді.

Географиялық атаулардың құрамын талдау негізінде топоним құраушы физикалық-географиялық терминдердің 6 негізгі топшасын ажыратуға болады:

- оронимдер (жер бедерінің сипатын, түрлерін білдіреді);
- геологиялық терминдер (жыныстардың түрлері, литологиялық құрамы мен сипатын көрсетеді);
- климаттық терминдер (климат элементтері мен құбылыстарын сипаттайды);
- гидрографиялық терминдер (су көздерінің түрлері мен ерекшеліктерін сипаттайды);
- фитонимдер (өсімдік атаулары);
- зоонимдер (жануар атаулары). белес-белес, құрақты дөңдер деген мағынада жұмсалады.

Шығыс Қазақстанның топонимиялық жүйесі – осы аумақты мекендеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің ғасырлар бойы жинақталып, сақталып қалған көрінісі. Өткен замандардың реликтілік мұралары ретінде тарихи топонимдер аумақтың табиғат жағдайларын, ондағы мемлекеттер мен халықтардың тарихындағы маңызды оқиғаларды «жадында» сақтап, қаз қалпында бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеудің маңызы зор.

Шығыс Қазақстан облысының топонимикалық кеңістігін жеке алып қарағанда, оның тілдік қабаты (стратиграфиясы) үш қабаттан тұратыны анық байқалады. Бияров Б.Н талдауын мысалға ала отырып айтатын болсам,

біріншісін есте жоқ ерте заманнан бері келе жатқан, осы өлкенің байырғы тұрғындарының тілінен жасалған түркі қабаты құрайды. Тілтаным ғылымында шартты түрде алтай тіл бірлестігі дәуірі, сақ, ғұн, түркі кезеңдері деп бөліп жатады, алайда нақты бір жер-су атының қашан пайда болғанын тап басып анықтау қиын. Сонда да көне атауларға Алтын йыш-Алтынтағ-Алтынтау (қазіргі Алтай), Мұзтағ-Мұзтау, Ертіс, Бұқтырма, Күршім, Аршаты, Алтықыз, Қаба, Бейнетөңіз (қазіргі Зайсан), Барқытбел (қазіргі Тарбағатай), Қалба сияқты топонимдерді жатқызуға болады. Түркі қабаты қазіргі аумағымызда ресми тіркеліп жүрген 20 000 атаудың 74,8 %-ын құрайды (State catalogue of geographical names of the Republic of Kazakhstan, 2004: 321). Екінші қабат XIII ғасырдан бастап еніп, 1755 жылдарға дейін, яғни Жоңғария құлағанға дейін, жалғасқан моңғол тілді топонимдерден тұрады. Ол атаулардың көбін қазақтар қайтадан өз тілдеріне аударып алса, көбі фонетикалық өзгеріске түсіп, тілімізге бейімделіп кетті. Мысалы, Алтай, Зайсан, Тарбағатай, Қалжыр, Күрті, Тұрғысын, Тайынты, Арқауыл, Бүркітауыл, Долон, Ұлан т.б. Облысымызда жуық шамамен 10 %-дай моңғол атаулары сақталып қалған. Үшінші қабатты Жоңғария құлағаннан кейін көп ұзамай келе бастаған славян тілдеріндегі топонимдер құрайды. Ол атаулар 1760, 1870-ші жылдардан бастап, үздіксіз еніп жатты. Аймақ атауларының 15 %-ы орыс, украин, беларус тілдерінен жасалған: Быструшка, Тихая, Сухойлог, Каменка, Шеманаевка, Николаевка т.б. (Saparov, Biyarov, 2006: 14-17). Шығыс Қазақстанда угро-фин тілдерінен Согра «батпақ, саз», араб-парсы тілдерінен Дара/ Дера «тау шатқалы» тәрізді бірді-екілі топоним кездескенімен, олар жеке-жеке тілдік қаба

Шығыс Қазақстанның топонимикасын зерттеуде алғашқылардың бірі деп «Чертежная книга Сибири» картасын құрастырған Семен Ремезовты айта кеткен жөн болар. Топограф мамандар мен картографтардың бұл картадан көптеген ақаулықтар тапқанымен, ғылымда ол өз орнын тапты. Себебі Ресей империясының бодандық саясатынан ақпарат беретін түпдерек болмақ. Ремезовтың еңбегінде Қытай мен Үндістанға барар жол көрсетілгендіктен, басты назар Ертіс, Обь өзендеріне арналған.

Шығыс Қазақстанның жері әлемге Алтай тауының атымен танымал болған. Сонау Геродот жазбаларында, қытайдың жылнамаларында, көне түркі жазба ескерткіштерінде, Марко Поло, Платано Карпини сияқты шетелдік саяхатшылардың жазбаларында Алтынтағ (Алтын йыш, Әктаг, Төлес, Алтай), Мұзтағ (Мұзтау), Ертіс атаулары көрініс береді. Көне топонимдердің барлығы дерлік түркі тілдерінен жасалғандықтан, Алтайдан бастап, Каспийге дейінгі жерлер, яғни қазақстан аумағы тұтасымен ежелден түркі халықтарының жері болғаны дау тудырмаса керек. Шығыс Қазақстандағы

Алтай, Бұқтырма, Күршім, Марқакөл, Ертіс сияқты макротопонимдердің негізінде түркілік мағына жатуының өзі осыған дәлеле бола алады. Ал монғол, орыс тілді атаулар, сөз жоқ, кірме атаулар екендігін тарихты оқыған кез келген адам біледі.

Патшалы Ресей бұл өлкеге ерекше назар аударды. Өйткені оларды Алтайдың алтыны мен күмісі қызықтырған еді. Сондықтан 18-19 ғасырларда патшалық Ресейдің ғалым-саяхатшылары Алтайды түбегейлі зерттей бастады. Атап айтқанда, Н. М. Пржевальский, Г. М. Потанин, В. А. Обручев, К. Лебедур, Ф. А. Геблер, Н. М. Ядринцев, Д. А. Клеменц, В. В. Сапожников, А. Н. Седельников т.б. бірнеше дүркін саяхат жасады. Олардың әрқайсысының өзінің зерттеу нысаналары болғанымен, топонимдерді (жер-су аттарын) жанама түрде қарастырып отырған. Мәселен, 1863 жылдың жазында өлкемізді аралап, «Путешествие на озеро Зайсан и в речную область Черного Иртыша до озера Марка- кул» атты саяхатнама жазған Карл Струве мен Григорий Потанин мынадай жер - су аттарын келтіреді: Борлытөбе, Шағыл, Жаланаштүбек, Ақтүбек, Борқыт, Қарабөрік, Шөңгелді, Төрткөл, Үшқара, Сарытау, Майшілік, Ойшілік, Қызылшілік, Балақшілік, Тулақшілік, Бесбуын, Бала Қалжыр, Үлкен Қалжыр т.б. Мұндағы Борлытөбені «бөрі» мағынасымен шатастырып алмау үшін, «Гипсовые сопки» деп атап көрсетсе, қазақтар *Керіш* деп атайтын жерлердің түрлі-түсті топырағы ман жаратылысын таңырқай жазады. Бұл атаулардың көпшілігін қазіргі карталардан таба алмаймыз, өйткені арадағы уақыт, саяси-әлеуметтік өзгерістер оларды жадымыздан өшірген немесе өзгертіп жіберген.

Дәл осы кезде, 1863 жылдары, тағы бір Ресей Саяхатшысы А.Принтца өзінің «Каменщики» атты зерттеу еңбегінде орыс қонысаударушыларының қалай келгенін баяндайды. Діни көзқарастарына байланысты қуғынға ұшыраған орыс босқындары алғаш 1761 жылдары Тұрғысын өзенін бойлай келгендерін, одан соң, Осочиха, Быкова, Сенная, Коробиха Верхняя Бухтарма, Мало Нарымская, Язовая, Белое, Фыкалка, Берел хуторларын салғанын жазады.

Орыстың атақты саяхатшыларының бірі, қазақ Алтайын дүркін аралаған В. В. Сапожников қазақ атауларын барынша дәл беруге тырысқан. Отарлау саясатының ықпалынан шыға алмаған кейбір ғалым- саяхатшылар алғашқы карталарға көптеген атауларды орыс тіліне бұрмалап түсіруге мәжбүр болса (Мұзтау/Белуха), ол оған көне бермеген. Қобда қаласының маңындағы қазақ атауларын монғолдардың өз тілдеріне қолма-қол аударып жатқанын жазады. Мысалы, Қызылкеңді – Уландаба, Ақсуды – Цагангол т.б. Атақты саяхатшылар Геблер мен Ядринцев Яшпага, Проездная деп атай салған Ителген асуын өзгертпей береді. Бұдан біз жер - су аттарын саясатпен

тығыз байланысты екенін айқан көреміз. Кезіндегі монғол басқыншылары да олардың мұрагерлері жоңғарлар да, орыс отарлаушылары да жерді иемдену үшін, ең алдымен атауларды ауыстыру керек екенін жақсы түсінген. Тіпті бертіндегі фашистік Германия ауыстырып жіберген атауларын Польша мен Чехия күні бүгінге дейін қалпына келтіру үстінде. Кеңестік саясатқа қарсы шыққан Балтық елдері де өз елінің қамын ойлап топонимикасын реттеп алды.

В. В.Сапожников Сарымсақты мен Күршім өзендерінің бір мұздықтан басталып, бірінің теріскейге, екіншісінің күнге ағатыны алғаш бағамдап жазған. 1905 - 1909 жылдары жазған сапарнамасында Қу Ертіс, Бала Ертіс, Қара Ертіс өзендерінің ағынды емес екенін айта келіп, көптеген топонимдерді тізіп жазады. Мысалы, Аққаба, Чиндағаты, Ащыбұлақ, Қарақаба, Төсқайың, Балықтыбұлақ, Жетікезең, Тарбағатай, Бұрхат асуы (2150 м), Байбөрді асуы т.б. Бұл атаулар Қатонқарағай мен Марқакөлдің арасында орналасқан. Қазір Шанағаты болып жүрген елді-мекен мен өзен аты өткен ғасырдың басында ғана Шандағаты деп аталғаны оның этимологиясын ашуға көмектеседі. Шандағаты- монғол тілінен аударғанда «Қоянды» болып шығады. Ал, Шанағаты түрінде келсе, «шөмішті» мағынасын береді де, топонимге сәйкес келмейді. Осы маңда Сарқамыр тауы бар екенін саяхатшы жазғанымен, ресми карталардан оны кездестірмейміз.

1910 жылдары Шығыс Қазақстанды аралап, «Озеро Зайсан» атты кітап жазған А. И. Седельниковтың деректері бойынша Зайсан, Аблакетка атауларынаң тарихи оқиғалар барысында туған таулар екенін ұқсақ, А. А. Силантьевтің «Исследование мараловодства на Алтае» (1900) атты еңбегінде мағынасы дау туғызып жүрген Қатонқарағайдың - Котонь-Карагай екендігі тайға таңба басқандай етіп жазылғанын көреміз. Мұндағы Зайсан гидронимі алғашқы карталарға Зайсан-нор, Нор-Зайсан қалпында түсіп кеткені болмаса, қазақтар ол көлді Теңіз (Бейне Теңіз) деп атайтыны ескертеді. Ал Қатонқарағайдың - Қатонқарағай, яғни «Топқарағай» екенін мойындайтын да кез жетті.

1792 жылы жазылған И. Сиверстің «Письма из Сибири» атты кітабында Шығыс Қазақстан аумағы да қамтылған. Онда Тарбағатай тау жотасы, Үржар өзені, Ұланбалық өзені, Сарыесік, Қараесік өзендері, Құсмұрын тауы, Қызылтас сияқты топонимдер бар.

И. Сиверс басқа саяхатшылардай атауды жай ғана атап өтпейді, оны сипаттап жазып отырады. Бұл атаудың мағынасын ашуға көп көмектеседі. Мәселен, Жайтөбе - «жеке тұрған тақыр төбе», Күршім - Ақтөбе - «ортасында ақ жолағы бар тазды тау», Қалмақтолағай - «биік домалақ, тасты таулар тізбегі» дейді. Соңғы атаудағы толағай географиялық термині монғол тіліндегі «бас» сөзін білдіріп, үнемі домалақ тасты тауларға қойылады деген пікірді дәлелдеп тұр.

Осы арада Қоңқай оронимін (тау атын) әлдебір Қоңқа деген қалмақ батырының атымен байланыстыратын аңызды атаудың этимологиясы деп түсіндіретін пікірлер бар екенін, ол пікірдің «халықтық» (жалған) этимология екенін ескерте кету керек. Қоңқай көне түркі, монғол тілдерінде «жеке», «бөлектенген» деген мағынада келіп, үнемі жалпы тау жүйесінен бөлініп қалған тауларға ғана беріледі. Қазіргі тілдегі Жалғызтау, Шолақтау атауларымен сәйкес.

1770 жылы «Описание всех национальностей России» атты кітап жазған И. Фальк жоңғардың атақты ханы Галдан Цереннің Зайсанға жақын Шульдет Тау деген жерде отырғанын атап өтеді. Ол тау атаудың орысша дұрыс жазылмауы себепті анықталмай отыр. Орыс, әсіресе қытай жазбаларының түркі атауларын дәл бере алмайтындығынан көптеген атаулар даулы мәселеге туғызып жататыны белгілі. Шығыс Қазақстан жерін геологиялық мақсатта зерттеген еңбектердің өзі бір төбе. Оларды түсті металл қоры бар деп табылған өзен атауларының маңына топтап айып өтуге болады. Мысалы, Ұлан, Қанай, Егіндібұлақ, Токпақбұлақ, Ағынықатты, Құндызқатын, Бүлкілдек, Сібе, Сынтас, Балажал, Ақжал, Үлкен Бөкен, Құлыжұн,

Шығыс Қазақстандағы зерттеу объектісі болған топонимдер әр түрлі. Олар бір сөзден де құрылған. Бұл топонимдердің аталуына жалпы топонимдік атаулар сияқты белгілі заңдылықпен: кісі, ру, өсімдік не жануарлар дүниесіне, не объектінің түрі мен түсіне, қасиетіне, немесе сол объектіні басқа бір нәрсеге ұқсату, теңеуге байланысты аталған. Оларды классификациялап тексергенде барлық Қазақстан территориясына тән өсімдік пен жануарлар дүниесіне байланысты топонимдер сан жағынан көп. Оның негізгі себебі, Шығыс Қазақстан аймағы да ертеден мал өсірген біздің ата-бабалармыздың мал өсіруімен бірге малдың керекті азығы- өсімдіктерді де таңдап, талғап білгендігін дәлелдейді. Ағаш шаруашылығы басым Катон-Қарағай ауданында ағашқа байланысты қойылған- Қарағайлы, Қарағай, Шыбарағаш деген топонимдер бар.

Зерттеу объектісі болған топонимдер ішінде жануарларға байланысты атаулар да көп. Мысалы, Жыланды, Арқалы (Тарбағатай ауданында), Маралды (Күршім ауданында) Қарасуыр, Таутекелі (Катон-Қарағай ауданында), деген атаулар жабайы жануарларға тән қойылса Көкбұқа (Марқакөлде), Шыбарбие (Катон-Қарағайда), Айғыркүм (Зайсан ауданында), Боталыбұлақ (Тарбағатай ауданында) деген атаулар ерте кезде қолда өсіріліп келе жатқан төрт түлік малға тән қойылған топонимдер.

Өлкенің топонимдерінде үй жануарлары да кездеседі – Көкбұқа (Күршім ауданы), Шұбарбие (Катонқарағай ауданы). Әрине бұл атаулардың

барлығы кездейсоқ емес, табиғатпен, қазақ халқының тарихымен, оның өмір салтымен байланысты қалыптасқан.

Сонымен қатар бұл аймақтағы орыс, украин және неміс тілдеріндегі атаулар Ресейден келген шаруалардың облысымыздың қандай аумақтарында орналасқан көрсетеді.

Тарихи уақыт аралығында жануарлар мен өсімдіктердің жеке түрлерінің біртұтас ареалын анықтау, ландшафт өзгерістерін зерттеу, табиғатпен табиғи ресурстарды қорғау, қазіргі кезеңдегі адамзат алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мақсатта ғылыми зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылып, соның ішінде топонимиялық әдіске қызығушылық артып келеді. Нақты тарихи кезеңде және табиғи ортада қалыптасқан қандай да болмасын географиялық атаулардың көпшілігі жергілікті жердің физикалық – географиялық ерекшеліктерін құнды тарихи мәліметтермен сипаттайды.

Адамдардың алғашқы қоныстары су көздері маңында пайда болғанын қазіргі кездегі тарихи-археологиялық деректер дәлелдеп отыр. Сол себепті адамзат тарихындағы ең алғашқы географиялық терминдер мен атаулар да сумен байланысты болған деп болжам жасауға болады. Гидроним құрамындағы терминдер арқылы су нысандарының түрін, сипатын және басқа ерекшеліктерін анықтауға болады.

Орысша атаулар жалпы Шығыс Қазақстан облысы бойынша, әсіресе, солтүстік-шығыс бөлігінде көптеп кездеседі. Бұл топонимдердің пайда болуы Ресейден қоныстанушылардың көшіп келуі мен тікелей байланысты. Алғашқыда біртіндеп басталған қоныстану – 1889 жылы Ресейде қоныстанушылар туралы негізгі заңның қабылдануымен бірге қауырт көбейе түсті. Ал 1906 жылғы Столыпиннің аграрлық реформасынан кейінгі «переселендердің» көшкіні Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағының атаулар жүйесіндегі орысстратын қысқа мерзімде өмірге әкелді. Орысша атауларды бұл аймақтағы ойконим, ороним, дромоним, дримоним, гидронимдердің барлығынан кездестіруге болады. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағындағы орысша топонимдерді қалыптасу сипаты жағынан мынадай топтарға бөлдік:

Алғаш қоныстанған шаруалар мен сол аймаққа танымал болған помещик, кулактың, патша өкіметі қайраткерлерінің есімдерінен, тегінен және соларға қатысты пайда болған атаулар.

Қорытындылай келе, қазақ тілінде атауы бола тұра орысша ат қойылған елді мекендердің бұрынғы атауларын қайтару қозғалысы барысында Шығыс Қазақстанның аудандарында бірқатар елді мекендердің орысша атауларының орнына қазақша байырғы атаулары қайтарылды.

Аймақтағы орысша атаулар тек тарихи жайттардың табы сіңген, қоғамдағы саясаттың ғана куәсі емес, ол орыс тілінің сөздік қорынан қалыптасып, тілдік заңдылықтарға бағынатын, этностың таным – түсінігінің көрінісін беретін айшықты сөздердің ұтымды қалыптасуы. Мәселен, қазақша Қиын бұлақ деп аталатын өзен бар. Маралды елді мекенінен жеті шақырымдай қашықтықта орналасқан мекенге жету үшін сол өзенді сегіз рет кесіп өту керек екен. Осы өзеннің орысша атауы – Путочная. Өзеннің ерекшелігін қазақша атауы қаншалықты дөп басып берсе, орысша атауының да ұтымды екенін мойындаған жөн.

Қазақтар Иіртау деп атаған таудың Пьяная гора деген атауы да тау бедерін өзіндік ерекшелікпен суреттеген.

Ал Өскеменнен Күршімге барар жолда үнемі үлдеп жел соғып тұратын асу бар. Осы асудың атауы – Тещин язык – орыс ұлтының психологиясына тән ерекше атау. Өйткені, қазақ ұлты жерді ешқашан ененің тіліне теңеп атау қоймайды.

Шығыс Қазақстан обылысының оңтүстік аудандарында орыс атаулары топонимиялық субстрат құрайды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталатын орыс тіліндегі жер-су атауларының ену кезеңдері бірнеше ғасырды қамтитындығы белгілі болып отыр. Тілімізге сіңісіп, санамызда орнығып қалғандықтан, оларды Тәуелсіздік талаптарына сай өзгертуді жылдамдату баяу жүзеге асып келеді, дегенмен қазіргі жүріп жатқан жұмыстар уақытымен өзінің мәерісіне жетеді деген сенім үлкен.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
- Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993.- 128 б.
- Меңдеке Ә. Жебейжүрбізді, ҚызылЖебе // ЕгеменҚазақстан. 6.12.1994.
- Очерки истории Рудного Алтая. – Усть-Каменогорск, 1970. – 200 с.

УДК 394

**Турғалиева Сымбат Аянқызы**

Әлихан Бөкейхан  
университетінің магистранты

## **ТҮРІК ТІЛІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ТОПОНИМДЕР**

**Түйіндеме.** Көне түркі кезеңнен бастап орта ғасыр қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері идеология өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр

**Тірек сөздер:** топонимдер, оронимдер, тілдік жүйе, көне түркі кабаты, эллипстік құбылыс, түркі топонимиясы

## TOPONYMS FORMED IN TURKISH

**Annotation.** Since the ancient Turkic period of the Middle Ages, toponyms that have developed on the territory of modern Kazakhstan have been studied, and as the ideology of the relief changes, it becomes increasingly important to determine the specifics of the relief of modern Kazakhstan by removing reality from the depths of history

**Keywords:** toponyms, oronyms, language system, ancient Turkic Kabat, elliptical phenomenon, Turkic toponymy

## ТОПОНИМЫ, ОБРАЗОВАННЫЕ НА ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** С древнетюркского периода средневековье изучаются топонимы, сложившиеся на территории современного Казахстана, и по мере изменения идеологии рельефа становится все более важным определить специфику рельефа современного Казахстана путем выведения действительности из недр истории

**Ключевые слова:** топонимы, оронимы, языковая система, древнетюркский Кабат, эллиптическое явление, тюркская топонимия

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап орта ғасыр қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері идеология өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Тілдің таралуында әр елдің территория көлемі мен жан саны ерекше міндет атқаратыны - тіл білімінде дәлелденген нәрсе. Алтай төркіндес тілдер ішінде жан саны да, жер көлемі де мол болғаны түркілер. Ендеше кет, самоди, монғол тілдеріне түркі тілдерінің ықпалы зор болған деп айтуға



болады. Сол тұрғысынан, «көне түркі кабаты» жайлы айтамын.

Қазақ тілі түркі тілдері тобының орталық қыпшақ тобына жататындықтан, «түркі топонимиясы», «түркі тілді атаулар» терминдерін бөліп-жармай қолдана беруге болады. Өйткені кейбір фонетикалық айырмашылықтарды ескермегенде түркі тілдерінің сөздік қоры, оның ішінде географиялық терминдер де біршама ұқсас болып келеді. Субстратты топонимдердің семантикасын табуда туыстас түркі тілдерін салыстыра қараудың маңызы зор. Мәселен, Оңтүстік Алтаймен көрші жатқан Ресейдің Таулы Алтай өлкесінің жер-су аттарын зерттеген О.Т. Молчанова ондағы топонимдердің барлығы бірдей алтай тілінде ашыла бермейтінін айтады. Олардың бір бөлігі көне түркі тілдерінен болса, ендігі бір бөлігі кырғыз, қазақ, хакас, шор, тува тілдерімен байланысады дейді /41.5/. Көне түркі тілінің тасқа жазылған ескерткіштерінің табылуы. М.Қашқари сөздігінің сақталуы бұл дәуірдің тілдік жүйесінен мол хабар беріп, көне атауларды талдауда жол көрсетіп тұрады. Алғашқы көне түбір ашық буын формасында болғанын, одан соң синкретті (омоним) түбірлердің етістік-есім түрінде келгенін, соңынан аффикстік сөз тудырудың пайда болғанын осы жазба ескерткіштердің арқасында танып білдік. Мысалы, қазір түбір деп есептелетін тау орографиялық термині одан әрі бөлшектеніп, та/те "биіктік" мағынасындағы көне түбірді береді. Одан тау, төбеден төмпешік, денес апеллятивтері қалыптасқан.

Кейбір көне атаулардан (Музтаг, Хантаг, Байтак) тау терминінің таг формасының болғанын білеміз де, дәлел ретінде көне түркі жазба ескерткіштеріне жүгінеміз. М.Қашқариде: найлаг жайлат-жайлау; қышлағ-қыстағ-қыстау т.б. мысалдар кездеседі /12.19/.

Қазақ тілді топонимдер жалпы түркілік қабаттан шығады және семантикасы ашық казак тілді атауларды этимологиялық тұрғыдан есептедім. Сондықтан бұл қабатқа семантикасы көмескі немесе құрамында көне форманттар бар атаулар ғана жатқызылады:

Алтыбайты, жайлау – Марқакөл ауданында. Оронимнің этимологиясын көрсету үшін, құрамындағы -ты формантының басын ашып алу керек. Ғ.Қоңқашпаев Алматы, Аршаты, Шідерт т.б. атаулар құрамында келіп, үндестік заңына бағынбай тұрған бұл сыңарлы -лы, -лі қатыстық сын есім жұрнағының көне түрі дейді /42.15/. Бұл пікірді С.Аманжолов, Ц.Номинханов, А.Әбдірахманов- тар да қолдайды.

Е.Койшыбаев -ты қосымшасын ту/ты «тау» деген географиялық терминнің өзгерген түрі деп біледі: Алматы = Алма +тау, Аршаты = Арша + тау т.б. /43.90-91/

Біріне-бірі қарсы келіп жатқан бұл пікірлердің екеуі де ойлануға

тұрарлық. Бірінші пікір бойынша, Алматы<Алмалы, Аршаты< Аршалы болса, Оңтүстік Алтайда кездесіп отырған Ақты, Алтыбайты сияқты оронимдерді қайсысына жатқызамыз? Бірінші пікірге салып қарасақ, Ақты- "ағы мол", Алтыбайты- "Алтыбайы мол", Қоснарты "Қоспары мол болып" шығар еді. Соған қарағанда -ты форманты "тау" мағынасын беріп, аффикс "-ты"-ға омоним болатын сияқты: Ақты-Ақтау, Алтыбайты - Алты бай тау, Қоснарты-Қоснартау. Осыған ұқсас тау аттары алтай тілінде кездеседі: Байту (Байты) Байтау, Туурату (Тұраты) - кең тау 41.146, 139/. Түркі тілдерінде тау туу туты түрінде ықшамдалуы да мүмкін, немесе алтай тіліндегі ту қазақшаланғанба ты болады: Байту>Байты. Қазіргі якут тілінде сақталған "орманды тау" географиялық термині "тау" мағынасын беретін ты апеллятивінің болғанын растай түседі.

Алайда қазақ топонимиясында жиі кездесетін -ты аффиксі арқылы жасалған атаулар бір нәрсенің бар, мол екенін де білдіретіні анық. Оңтүстік Алтайда Қараганды (қыстау. Катонқарағай ауданы). Қарағанты (тау. Кара Ертістің басы) нұсқаларының бірдей кездесуі бұған дәлел десем де болады.

Сонымен нысанда бір нәрсенің бар, мол екенін білдіріп тұрса, ты туынды сын есім жұрнағы (Қайрақты, Шарбақты, Соөгеті, Темірті т.б.) болады да, нысанның сырт бейнесін, бедерін білдірсе, "тау" апеллятивінің көне түркілік нұсқасы болады (Ақты, Алтыбайты, Қоснарты т.б)

Алтықыз (жайлау, Катонқарағай ауданы) Е.Қойшыбаев Ұлтықыз-Алтықыр дегеннен пайда болған, көне түркі тілінде қырын қыз формасы кездеседі дейді /44.46/.

Көне түркі тіліндегі қуғ "биіктік", "үстірт" мағынасына келетін бұл географиялық термин эз., түр., үйг., алг., т.б. кыр//қыр, өзб тат., кир, хак, хыр, монг, хар, бур, хяра, калм кирэ, эвенк кира нанай, кира, т.ма хирга/хирха болып, одан әрі ностратикалық тілдерге кетеді. Тек сары ұйғыр тілінде ғана қызығ туынды түрінде кездесіп, "жағалау", "шет", "шекара" мағынасын береді екен (ДТС 445). Алтай тілдерінің ішінде түбірі "қыз" күйінде кездеспеуі Е.Қойшыбаевтың шешімін теріске шығарады. Биік тау үстіндегі жайлау атының құрамындағы "қыз" сөзі түсініксіз болған соң кезінде Г.Потанин қағазға түсірген, О.Бокей "Қар қызы" повесі жазған аңызды туғызған. Ол аңыздың қысқаша желісі мынандай. Баяғыда бір байдың алты қызы боранды күні адасып, жолда отырған Қонқай деген шалдан жөн сұрайды. Қара ниет Қонқай қыздарды теріс жолға салып жібереді. Суыққа тоңып, әлдері құрыған қыздар осы таудың басына шыққанда, алты құсқа айналып кетіпті. Бір кебісі шешіліп, аяғы тоңған кенже қыз көкекке айналады да, бір аяғы қызыл болып қалады. Кенже-көкек қыз апайларына еркелеп, жұмыртқасын бастырып алады екен-мыс. Аңыз соңында Қонқай шал тауға

айналып кетеді. Жайлаудан төмен түскенде Үлкен Қонкай, Бала Қоңкай деген екі тау бар. Атау мағынасы неғұрлым түсініксіз болса, халық этимологиясы соғұрлым әсерлі аңыз тудырады. Бұл аңыздағы оқиғалар адамзаттың ерте кездегі мифтік көзқарасымен байланысып жатқандықтан, тым көне әпсана болып табылады. Аңыз атаудан соң туатындығын ескерсек, Алтықыз оронимін көне түркі дәуірін жатқызуға болады.

Тілдік тұрғыдан келгенде, бұл ороним алтай тіліндегі "тар", "жінішке" мағынасындағы географиялық терминіне жасалғанын көреміз. Таулы Алтай өлкесінде Қыз-Арт "жінішке, тау асу", Қыз-Тала "кішкене, тар дала" сияқты атаулар молдап кездеседі /41.255/.

Сонымен, Алтықыз<Алтықыз "алты тар (қысаң) жайлау" дегенді білдіреді. Биік таудың үстіндегі қойға жайлы бұл жайлау ең қапталында үш-үштен бөлініп жатқан тар алаңқылардан тұрады.

Азутау, тау жотасы - Марқакөл ауданы. О.Т.Молчанова алтай тілінде Ажудың (каз. асу) -мынадай дыбыстық нұсқаларын келтіреді: Ажей, Ажи, Азу, Анжу, Ашу, Ажа, Ажы /41. 118/. Азу түрінде жеке тұрса, "асу" ("перевал") мағынасына келетін болғанымен Азутау түрінде анықтауыштық мәнде тұрып, нысанның сыр бейнесін білдіріп тұр. Көне түркі тілінде азы, хак, тув, азыг, як озу, кыр, каз. - азу, тат., түр. язав - барлығы да түпкі тіс, азу тіс мағынасында қолданылады. Г.Дерфер бұл сөздің түркілік тегіне шек келтірмей де, монғ. араа "азу тіс" сезімен байланыстырмайды. Оның айтуынша аз - "бір нәрсенің жолдан таюы, бөлектенуі" мағынасы берген, азыг/азу - басқа тістерден бөлектенетін тіс деген білдіреді дейді /51.97/.

Қайырты, тау - Кара Ертістің баст. Көне түркі тіліндегі сөздіктерінде қайыр "құм" мағынасын береді. "Оғындар құмды "қайыр" дейді" деген түсінік бар /12.227/.

Қайырты тура мағынасында "құмды" болып шықпақ. Алтай ауданында Қайырқұм деп аталатын жерлер бар. Қайырқұм "құм-құм" мәнінде бірінші сыңары лелексикаланып плеоназм құрап тұр. Көне мағынасын ұқпаған кейінгі ұрпақ соңғы сыңарды қосып атаған.Салыстырсам: бала-шаға, абысын-ажы т. б.

1863 жылы Оңтүстік Алтайды аралаған Г.Потанин мен К Струве Алтай өзендеріндегі құндыздарды аулап, терісіне сіңген алтын құмдарын ерітіп алтын алатын адамдарды көрген. Әсіресе кәрі құндыздардын терісіне сіңіп алған алтын мөлшері көбірек болады екен. Кейде олар денесі ауырлап, су бетіне шыға алмай өлетін көрінеді. Жергілікті тұрғындар мұндай жолмен алынған алтынды "құндыз қайыр" деп атаған /55.15.

Қонкай - Үлкен Нарын, Катонқарағай аудандары. Көне түркі тілінде қан-қон - "мұрын", "денес" мағынасындағы түбір сөз болғанын Э. Севортян,

Ә.Қайдар еңбектерінде кездестіреміз. Атаудың екінші сыңары -қай (-кей) бір кезде түркі-моңғол тілдерінде ортақ болған да, түркі тілдерінде бұл өлі жұрнаққа айналған (сол-а-қай, оң-қай, теріскей, төс-кей тб) /111 180/

Қон+қай оронимі "қонқиған, дөнестенген, бөлектенген тау мағынасында тұр. Топонимикада жиі кездесетін эллипстік құбылыс бойынша "тау" компоненті түсіп қалған. Бұл атау жалпы тау жүйелеріне қосылмай бөлек тұрған тауларға ғана беріледі. Катонқарағай ауданында Үлкен Қонқай, Бала Қонқай, Қонқай дейтінін тағы бір мәрте еске алсақ. Үлкен Нарын ауданында Қонқабаз деген таулар бар.

Қотан, қыстау - Үлкен Нарын ауданы. Көне түркі тілінде қотан "дөңгелек", "топ", "шеңбер" мағынасында қолданылған. Қой қораны дөңгелектеп қоршағандықтан қотан деп атаған. Қазақтың "Алқақотан" деген биі де дөңгеленіп тұрып билеуге негізделген.

Оңтүстік Алтайда Байқотан. Қотанашы, Қоташы, Катонқарағай сияқты атаулар кездеседі. Катонқарағай - "топ карағай" мағыналарында тұр да, қалғандары "қой қорасы", "қыстау" мәнін береді

Далқоңыр – құд., Жаңаар. ауд. Дал (сын есім) + қоңыр (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл екі сөзден құралған атаудың бірінші сыңары түркі-моңғ. дал ~ тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сыңардағы қоңыр «қоңырқай түс» және географиялық термин ретінде «әр түрлі ұсақ бұталы өсімдіктер өскен» құмдауыт төбе, төбешіктер», яғни атау мағынасы «Кең алқаптағы қоңырқай түсті құмдауыт төбе, төбешіктер» (Жанұзақ, 2010: 356).

Біз мақаламызда қазақ жер-су атауларының түркілік қабатын зерттеген, атаулардың этимологиясын ашқан ономаст-ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасадық. Алайда бұл барлық еңбектерді қамтыдық дегенді білдірмейді, себебі бір мақала көлемінде ауқымды қарастыру мүмкін емес. Түркі қабатын құрайтын қазақ топонимдері тек қазақ халқының мұрасы емес, түркі халықтары үшін ортақ. Сондықтан да топонимдерді салғастыра зерттеп, ортақ, әмбебап ерекшеліктерін айқындау тарихымыздан, тұрмыс-тіршілігімізден, мәдениетімізден мол ақпарат беретіні сөзсіз. Ең бастысы – топонимдердің негізгі қызметін атқарудағы рөлін айқындау, жер тұтастығын айшықтаудағы маңызды мәселе екені сөзсіз аңғартады.

### **Әдебиеттер:**

- 1.Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. –Алматы: Ғылым. 1975, - 204 б.
- 2.Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. –Алматы: Мектеп. 1985, - 256 б.
- 3.Конкашбаев Ғ. Словарь казахских географических названий. -Алма-Ата. 1963, - 185 с.
- 4.Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні. -Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
- 5.Мурзаев Ә. Словарь народных географических терминов. -М.: Мысль. 1984, -653 с.

## **АЛАШ АҢСАҒАН –ӘДІЛДІК**

**Түйіндеме.** Мақалада атам заманнан адамзаттың Алаш қайраткерлері болашақ қазақ елінің мемлекет болып қалыптасуы үшін әділдікті ең басты қажеттілік деп түсінді делінген. Кез-келген мемлекеттің құқықтық мемлекет болып қалыптасу алғы шартты осы әділеттіліктен басталары хақ. XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды деп тұжырымдалады.

**Тірек сөздер:** Алаш, әділдік, ұлттық идея, құқықтық мемлекет, Алаш бағдарламасы.

## **JUSTICE, TO WHICH THE ALASHEVITES ASPIRED**

**Annotation.** The article says that Alash figures of humanity from the time of my grandfather understood justice as the most important need for the formation of the future Kazakh state. It is from this justice that the preconditions for the formation of any state as a rule of law begin. It is argued that at the beginning of the twentieth century, spiritual and intelligent good people who put forward the idea of strengthening national unity took on the task of creating a Kazakh National idea.

**Key words:** Alash, justice, national idea, rule of law, Alash program.

## **СПРАВЕДЛИВОСТЬ, К КОТОРОЙ СТРЕМИЛИСЬ АЛАШЕВЦЫ**

**Аннотация.** В статье говорится о том, что с давних времен деятели Алаш понимали справедливость как первостепенную необходимость для становления будущего казахского общества как государства. Предпосылкой становления любого государства как правового государства является то, что оно начинается с этой идеи справедливости. Утверждается, что духовно-интеллигентные добрые люди, выдвинувшие в начале XX века идею укрепления национального единства, взяли на себя задачу создания Казахской национальной идеи.

**Ключевые слова:** Алаш, справедливость, национальная идея, правовое государство, программа Алаш.

Алаш – атауы ұлтымыздың, ата-бабамыздың көнеден келе жатқан көне сөзі. Мағынасы-елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымды білдіреді. Қазақ халқы арасында осы ұғымға қатысты «алты алашқа»: қазақ, қырғыз, өзбек, түрікпен, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді. «Алаш, алаш болып, Алаша хан болғанда», алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді сөз тіркестері кездеседі. Сондай-ақ «Керегеміз-ағаш, ұранымыз –Алаш» деген нақыл-ұстаным да бар. Бұдан шығатын қорытынды, алаш-қазақ ұлтының өте аяулы сөзі, қазақ этнонимінің синонимі десек те болады. XX ғасырдың

басында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық. [1, 8]

Атам заманнан адамзаттың Алаш қайраткерлері болашақ қазақ елінің мемлекет болып қалыптасуы үшін әділдікті ең басты қажеттілік деп түсінді. Кез-келген мемлекеттің құқықтық мемлекет болып қалыптасу алғы шартты осы әділеттіліктен басталары хақ. XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Атап айтсақ, Алаш партиясы бағдарламасында I. Мемлекет қалпы бөлімінде Ресей демократия ел болып, біз қазақ федеративті республика болуымыз қажет деуі. II. Жергілікті бостандық бөлімінде Қазақ жүрген облыстардың бәрі байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей федерациясының бір ағзасы болуы. III. Негізгі құқық бөлімінде. Дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласы тең болуы. IV. Дін ісі бөлімінде. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болуы. V. Билік және сот. Hәр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би hәм судья жергілікті жұрттың тілін білу... Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу... VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскер жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету.. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару. VII. Салық. Хал-ауқат, табысқа қарай: байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу. VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болу IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық hәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы, Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; хүкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар кітапханалар ашылу. X. Жер мәселесі. Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін... бөлімдерінде қазақ халқының күйін күтеп, ел-жұртына жаны ашып «қара қазан, қара бала» қамы үшін жырылдаған алаш арыстары қайраткерлерінің ерең еңбегі әліде зерттеу үстінде.

Әйтсе де, ерте ме әлде кеш пе, келешектегі есті де текті, кемел де сұңғыла ұлтшыл қырандар «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген Әлихан көсемнің ұлы сөзінің шынайы мәні мен мағынасын терең түсінетініне, оны іс-жүзіне мінсіз асыратынына сенгіміз келеді. Ел күрескерлігі орасан зор ұлтшыл Ерімен ғана еңселі. Ел, ұлт үшін сіңірген қажымас қайсар өнегелі еңбегімен бағаланады.

## Ұсыныстар

Жаңа Қазақстан қалыптастырудың өзекті мәселелерінің бірі - жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі тереңдете түсу. Бұл бағытта біздің мемлекетіміздің стратегиялық құжаттарында айқын көрсетілген іс-шаралар көп. Ата Заңымызда ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыра отырып, қазақ демократиялық интеллигенциясының үлгілеріне өте зор көңіл бөлінген. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру арқылы сыбайлас жемқорлықты мүлдем қабылдамауға қол жеткізілетін болады.

Ұсынымдар:

- Жастардың бет түзейтін қағбасы - Алаш жолы, парасаттылықтың, биік адамгершіліктің басты жолы - ұлтқа қызмет ету жолы болып қалу керек;

- Қазақстан Республикасының Конституциясының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу отанымыздағы мемлекеттіктің қалыптасуының тарихын зерттеудің құрамдас бөлігі болып табылады.

- Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы, дамуы мен жетілуінің тарихын сараптау, ерекше маңызға ие болып, ұлттық идея мәселелерімен бірге қарастырылу керек.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәселелерінде жазалау шараларынан алдын алу шараларына көшу, яғни қоғамда адалдық және парасаттылық қағидаларын насихаттау және қолданудың кешенді әдістерін қолдану.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін дамыту парасаттылық идеологиясының дамуымен тікелей байланыстыру.

- Мінез, парасаттылық, ұлтшылдық қалыптасу үшін ұлттық кодымыз мықты болу керек. Ұлттық код ана тілден, ұлттық әдебиеттен, тарихтан нәр алып қалыптасады. Болашақ зияткер ұлттың өкілі әлемдік сұраныстағы қандай бір мамандықты игерсе де, өз ана тілі мен әдебиетінің бастауларынан сусындаған, өз ұлтының тарихын білетін, өз ұлтының құндылықтарын жоғары қоятын, жат мәдениетке бой ұсынбайтын табанының бүрі бар азамат болу керек.

- Алаш көсемдері қазақтардың тілін, шаруашылығы мен тұрмысын білумен қатар өзіне артылған міндетке барынша ынта-ықыласымен қарады деген пікір білдірген. Білімділікпен қатар, ұқыптылық, тапсырылған жұмысқа жауапкершілік те парасаттылықтың жарқын белгісі болу керек.

- ҚР Конституциясына мемлекет пен қоғам өміріндегі моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік аспектілерімен байланысты жаңа нормаларды еңгізу.

**Alikhan Bukeikhan University 25 жылдығына арналған  
"Парасаттылық - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізі"  
халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел көріністері (фото)**













**Alikhan Bukeikhan University 25 жылдығына арналған  
"ПАРАСАТТЫЛЫҚ - СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗІ"  
халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел  
материалдары  
06.04.2023**

ISBN 978-601-80994-0-3



9 786018 099403

*Басуға 12.04.2023 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16.  
Қағазы офсеттік. Көлемі 10,4 баспа табақ.  
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 075*

071400, Семей қаласы, Шугаев көшесі, 4, тел.: 63-12-17  
«ИНТЕЛЛЕКТ» баспа үйі

**ИНТЕЛЛЕКТ** ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ДОМ